

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҒЫ**

**«Қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттіліктері бар
балаларды шығармашылық дамыту»**

Әдістемелік ұсынымдар

Астана – 2018

«Қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды шығармашылық дамыту» әдістемелік ұсынымдары – Астана, 2018 жыл, 87 б.

Әзірлеген: ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Тапсырыс беруші: «Асыл бала» қоғамдық қорының қаржылық көмегімен «Мүгедек балалардың ата-аналарының «Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық бірлестігі.

«Қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды шығармашылық дамыту» әдістемелік ұсынымдарында инклюзивті білім берудің нормативтік құқықтық негіздері, инклюзивті білім беру моделінің халықаралық тәжірибесінің қалыптасуы, Қазақстан Республикасындағы инклюзивті қосымша білім берудің қазіргі жағдайы, көркем-эстетикалық, музыкалық, техникалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық бағыттары бойынша ұйымдар мен педагогтердің тәжірибелері бойынша сұрақтар қарастырылады.

Ұсынымдар балаларға қосымша білім беру ұйымдарының, жалпы білім беретін мектептердің педагогтеріне, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған.

*ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған
(2018 жылғы 12 ақпанда №1 хаттама)*

*©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2018
©Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2018*

Мазмұны

1.	Кіріспе	4
2.	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар – әлеуметтік әлсіз топ	5
3.	Инклюзивті білім беру моделін қалыптастырудағы халықаралық тәжірибе	7
4.	Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің нормативтік құқықтық негіздері	12
5.	Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білімнің қазіргі жағдайы	18
6.	Балаларға қосымша білім беру саласындағы инклюзивті білім беру	24
7.	Көркем-эстетикалық, музыкалық бағыттары бойынша балаларға қосымша білім беру ұйымдары мен педагогтерінің жұмыс тәжірибелері	39
8.	Әлеуметтік-педагогикалық бағытта қосымша білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды әлеуметтік оңалтудың технологиялары мен құралдары	51
9.	Техникалық бағыттағы қосымша білім беру жағдайында педагогтердің ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс тәжірибелері	60
10.	Туристік-өлкетану бағытында балаларға қосымша білім беру жағдайындағы инклюзивті білім	65
11.	Экологиялық-биологиялық бағыттағы қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмысты ұйымдастыру	68
12.	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға үйірме қызметін ұйымдастыруда қосымша білім беру педагогтеріне ұсыныстар	72
13.	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша қосымша білім беру ұйымдарының басшыларына ұсынымдар	79
14.	Қорытынды	86
15.	Терминдер мен түсініктер	87
16.	Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер тізімі	88

Кіріспе

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды түзеу арқылы қолдау және оңалтудағы үлкен кемшіліктер, балалар ұжымынан оқшау болуы, білім беру қызметтерінің толыққанды және сапалы көрсетілмеуі, мектептердің, мектептен тыс ұйымдардың мұндай балаларды жалпы білім беру процесіне қосуға дайын болмауы көптеген жағдайларда аталған балалардың білім алу құқықтарының бұзылуын қорғаудың объективті қажеттілігі болып табылады.

Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға, мүгедек балаларға білім беру қызметін көрсету жүйесінің тиімсіздігінің салдарын білім беру жүйесінің үстіртін олқылықтары мен кемшіліктерінен іздеп қана қоймай, сондай-ақ осындай балалардың контингентімен тікелей жұмыс істейтін құзыретті органдар; медициналық-әлеуметтік мекемелердің, мектептердің, мектептен тыс ұйымдардың қызметкерлері, ата-аналар қауымдастығы және т.б. тарапынан оларға деген назардың, қамқорлықтың, жауапкершілікті көзқарастарының болмауының да әсерінен туындап отыр.

Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласында қағидалар, саясат пен практикалық әрекеттер және ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру бойынша қызметтердің шеңбері туралы Саламанка декларациясына сәйкес (Саламанка, Испания, 1994 ж. 7-10 тамыз) «әр баланың білім алуға негізгі құқығы бар, білімнің тиісті деңгейін алуға және қолдап тұруға мүмкіндігі болу керек. Әр баланың өзіне тән ерекшеліктері, қызығушылықтары, қабілеттері мен оқу қажеттілігі бар. Білім беру жүйесін әзірлеуде және білім беру бағдарламаларын орындауда осы аталған ерекшеліктердің көптеген түрлерін назарға алынатындай етіп әзірлеу қажет».

Білімнің қандай да бір түрін алуда тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және жеке қабілеттеріне, бұрынғы оқу жетістіктеріне, ана тіліне, мәдениетіне, ата-аналарының әлеуметтік және экономикалық статусына, психикалық және физикалық мүмкіндіктеріне қарамастан, барлық балалардың білім алуға жетістікке жетуіне қажетті жағдайлар жасау – осылардың барлығы инклюзивті білімнің негізгі мақсаты болып табылады.

Егер жастайынан сау балалар мен мүгедек балаларды бірге тәрбиелемейтін болсақ, мүмкіндіктері шектеулі адамдарға деген төзімділік туралы айтудың қажеті шамалы. Тек қана бірге оқу, бірге еңбектену, қиындықтарды бірге жеңу және аздаған женістерді бірге атап өту ғана үйлесімді деп сипаттауға болатын тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Үйлесімді дамыған тұлғаны дамытудағы және тәрбиелеудегі маңызды білім беру технологияларының бірі – **балаларға қосымша білім беру** болып табылады, ол халықтың сұраныстарына барынша жақын және жаңа білім беру қажеттіліктеріне икемді әсер етуге бағытталған.

Балаларға қосымша білім берудің сапасына әсер ететін негізгі мәселе оның елдің әртүрлі әлеуметтік топтары үшін қолжетімділігі болып табылады.

Осы әдістемелік ұсынымдар «**Асыл бала» қоғамдық қорының** қаржылық көмегімен «**Мүгедек балалардың ата-аналарының «Тең мүмкіндіктер әлемі»** қоғамдық бірлестігінің тапсырысы бойынша әзірленген және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының, жалпы білім беретін мектептердің

педагогтеріне, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру процесіне барынша толық қатысу, қосымша білім беру жүйесінде кедергісіз ортаны қалыптастыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білікті қолдау көрсету арқылы балалардың түрлі қажеттілігіне сәйкес сапалы қызмет көрсету бойынша республиканың білім беру ұйымдарындағы мамандардың жұмысын ұйымдастыруда кенестік көмек көрсетуге бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдарда инклюзивті білім берудің нормативтік құқықтық негіздері, инклюзивті білім беру моделінің халықаралық тәжірибесінің қалыптасуы, Қазақстан Республикасындағы инклюзивті қосымша білім берудің қазіргі жағдайы, көркем-эстетикалық, музыкалық, техникалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық және басқа бағыттары бойынша ұйымдар мен педагогтердің тәжірибелері қарастырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар – әлеуметтік әлсіз топ

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар (1-бап, 21-4-т.) – денсаулығына байланысты білім алуға ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар.

Қазіргі уақытта республикада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың келесі санаттары анықталған:



XX ғасырдың 90-жылдарына дейін дамуында ақауы бар балалар, негізінен медициналық тұрғыда қарастырылған. Медициналық көрсеткіштер бойынша балалардың мұндай санаты арнайы ортаны, арнайы білімді, арнайы педагогті қажет етті. Осыған байланысты, мұндай тәсілді ұстанып отыруына байланысты ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қажеттіліктеріне жауап бермеді.



Қазіргі қоғамда медициналық модельдің орнына **әлеуметтік модель** келді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар бала арнайы оқытуды талап ететін, «мәселені тасымалдаушы» болып табылмайды. Әлеуметтік модель қағидаттарына сәйкес қоғам ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға деген негативті көзқарастарды жеңіп келеді және оларға жалпы орта және қосымша білім беру жүйесіндегі мектеп және мектептен тыс ұйымдардың белсенді барлық саласында оларға толыққанды қатысуға тең мүмкіндік береді.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік қорғау, олардың әлеуметтік мәселелеріне, сондай-ақ мұндай баланы тәрбиелеп отырған отбасы бетпе-бет келетін қиындықтарға деген қызығушылықтар үнемі өсіп отыр, барлық әлемдегі осындай өзекті мәселелерге арналған зерттеулер санының ұлғаюы дәлел болып отыр. Алайда, мүмкіндіктері шектеулі балаларды балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білім алушыларының ортасына кіріктіру мәселелері аяғына дейін зерттелмеген.

Инклюзивті білім беру моделін қалыптастырудағы халықаралық тәжірибе

Халықаралық тәжірибе әлемдік қоғамдастықтың балалардың денсаулық жағдайына қарамастан, сапасы жағынан сау балалардың алатын білімдерінен айырмашылығы жоқ білім алу құқықтарын қоса алғанда, балалардың конституциялық және азаматтық құқықтарының теңдігін қамтамасыз етуді ұстанатындығын көрсетеді.

Бүгінгі таңда көптеген батыс елдерінде мүгедек балаларды кіріктірудің маңыздылығына қатысты белгілі консенсус қалыптасқан. Мемлекеттік және муниципалды мектептер ерекше қажеттілігі бар балаларға бюджеттік қаржыландыру алады, сондықтан да олар мүгедек ретінде ресми тіркелген білім алушылардың санын арттыруға қызығушылық танытады.

Шет елдердегі инклюзия ерекше білім алуға қажеттілігі бар балаларды оқытудың барлық түрлерінде ғана емес, сондай-ақ тіл кедергісіне және материалдық мүмкіндіктерінің болмауына (мигранттар), ерекше өмір сүру салттары (сығандар) және басқаларға байланысты білім алуға қолжетімділігі шектеулі барлық балаларды қамтиды.

Инклюзивті білім беру идеясының даму кезеңінде бірнеше маңызды кезеңдер мен белгілі оқиғалар бар. Шамамен 1965 жылға дейін әлемде «медициналық модель» басым болған. Білім беру процесінде денсаулықтарында ақауы бар балалар арнайы мектептерге және мектеп-интернаттарына орналастырылған.

Денсаулық жағдайы ауыр балаларды оқшау ұстауға қарсы қоғамның демократиялық негіздеріне бағдарланған елдерде барлық жүйені реформалау, оны барынша адамгершілікті ете түсу туралы қауесеттер шыға бастады. Еуропа елдері (Скандинавия елдері), АҚШ, Жапониямен қатар бірге оқыту жолдары іздестіріле бастайды. Инклюзивті білім беруді қалыптастыру БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) стратегиялық бағыты болды.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, АҚШ және Еуропаның заманауи білім беру саясатында мейнстриминг, кіріктіру, инклюзия сияқты бірнеше тәсіл дами бастады.

Мейнстриминг – мүгедек балалар мен сау балаларды бірге оқыту және бос уақыттарын бірге өткізу бағдарламалары. Мейнстриминг білім алушылардың әлеуметтік құзыреттілік сияқты маңызды дағдылары мен жеке қасиеттерін, мәселені шешу дағдыларын, тәуелсіздік, күшті, сенімділікті сезіну, өзін сыйлау, тиімділік, өзін өзі бақылау, бейімдеп қашықтау және мақсатты тұжырымдау дағдыларын дамытады. Алайда араласу іс-шара уақытының шеңберімен шектеледі және формалды сипатқа ие болады.

Мектептерді десегрегациялау. XX ғасырдың 70-жылдары даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кіріктіру идеясы либералды-демократиялық реформалар мәнмәтінінде пайда болады және дамиды. Дискриминацияға қарсы күрес жаңа мәдени норманың – адамдар арасындағы айырмашылыққа деген құрметті қалыптастыруға ықпал етеді. Осында кең антидискриминациялық мәнмәтінде арнайы мектептер мен интернаттар сегрегациялық мекемелер, ал

бұқаралық мектептен оқшауланған арнайы білім беру жүйесі – дискриминациялық болып есептеледі.

Кіріктіру. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға кіріктірудің негізін қалайтын бөлігі болып оларды жалпы білім беретін ұйымдарға кіріктіру болып табылады. Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас және баланың өзінің отбасының күнделікті өміріне толыққанды қатысу мүмкіндігі сақталады, бала өз құрдастарымен және ересектермен әлеуметтік өзара әрекеттесу тәжірибесін үйренеді.

Инклюзия – бұл мектептерді барлық балалардың керектері мен қажеттіліктеріне жауап беретіндей реформалау, оқу ғимараттарын қайта жобалау деп түсіндіретін барынша заманауи термин. Соңғы кездері шетелден «интеграция» түсінігінің орнына «қоса оқыту» (inclusion) түсінігі келді. «Инклюзивті білім беру» ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар өздерінің құрдастары оқитын мектептерге баратындай оқыту формасын білдіреді. Қосу дегеніміз қандай да болмасын қажеттіліктері бар балаларды қандай формада болмасын қолдау кепілдігін қамтамасыз етуді білдіреді.

АҚШ-та 1875 - 1914 жылдар аралығында міндетті мектепте білім алу енгізілген, осыған байланысты ақыл-ойы жетілмеген, сондай-ақ «мінез-құлықтарына байланысты түзетуге келмейтіндер» деп есептелген, саңырау немесе денесінде мүгедектігі бар балаларға арналан сыныптар қалыптастырылған. «Барлық мүгедек балаларға арналған білім» туралы 1977 жылғы Заңда мүгедек балаларға арнайы білім алуда көмек болатын қажетті тиісті қосымша қызметтердің тізбесі келтірілген: көлік, логопедия, аудиология, психология қызметтері, физиотерапия, рекреация, оқушылық терапия, ерте идентификациялау, медициналық қызметтер, мектеп дәрігері немесе медбикесі, мектептегі әлеуметтік қызметкер, психолог, балаларға және отасыларға арналған әлеуметтік жұмыс қызметтері, ата-аналарға кеңес беру және дайындау. 1990 жылы АҚШ-та «Мүгедектігі бар барлық балаларға арналған білім туралы» Заң қабылданды.

30 жыл бұрын **Канадада** заңды түрде бағдарлама қабылданған, оған сәйкес балалар арнайы мекемелерде емес, тұрғылықты жері бойынша білім ала алатын болған. Арнайы сыныптарды мектептерге көшіру процесі басталды, инклюзия бағдарламасын дамыту үшін балаларға тьюторлар, логопедтер, мектеп психологтары берілді. Мүгедектердің тәуелсіз болғаны мемлекет үшін оларды арнайы мекемелерде ұстағанға қарағанда тиімдірек. Қазіргі таңда Канададағы мектептердің 100%-ы психикалық ауру балалардан басқа, мүмкіндіктері шектеулі балаларды алуға міндетті. Мектептегі мамандардың тобы баланың мектепте оқу мүмкіндіктерін анықтайды. Егер балада физикалық немесе психологиялық жарақаттардың нәтижесіндегі психикалық ауытқулар анықталатын болса, мұндай балалар үш жылдық терапия бағдарламасын өтеді. Терапия бағдарламасын өткеннен кейін нәтижесінде балалардың 70%-ы мектепті бітіреді. Мүмкіндіктері шектеулі балалар жоғары сыныптарда арнайы мектептерден жалпы мектептерге ауысады. Бес-алты адамнан құралған мүгедектер тобына мектепте пәтерге ұқсас (resource room model) құрылады, олар онда өз бетінше өмір сүруді үйренеді. 19 жаста олар бөлек пәтерде тұрады. Нәтижесінде мүгедектер өмір бойы қоғамның тәуелсіз мүшесі болуға мүмкіндік

алады. Ол неғұрлым тәуелсіз болса, мемлекет соғұрлым оны бағу үшін аз қаражат жұмсайды.

Ерекше білім беруге қажетілігі бар балалармен жұмыс бойынша бағдарлама келесі компоненттерден тұрады:

- 1) сыныпта жұмыс, дене шынықтыру, музыка, өнер, шеберханалар сияқты пәндерге ерекше көңіл бөлінеді;
- 2) мектептегі мамандармен жұмыс (психолог, логопед, арнайы педагог);
- 3) тұрғылықты жері бойынша жұмыс, қолдау көрсететін ұйымдар және көршілер.

Әртүрлі ақаулары бар бұл компоненттердің құрамдастары әртүрлі. Баланың жағдайы қаншалықты ауыр болса, оған өзінің қасындағылармен соғұрлым көбірек әрекеттесу керек. Білім алудағы жетістігі оның жеткен тәуелсіздігімен анықталады.

Италияда заңнама 1971 жылдан бастап инклюзивті білім беруді қолдайды.

Италия басқа елдер үшін білім берудің инклюзивті моделін апробациялау алаңына айналды. Жалпы мектептерде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың саны 90%-дан асады. 2003 жылы білім министрлігі мектептердің барлық директорларын жұмыстан қол үзбей, қосып оқытудың ұлттық саясатын жүргізуді жетілдіру үшін міндеттейді. Барлық мұғалімдерге 40 сағатқа есептелген біліктілікті арттыру курстарын өтуге міндеттейді. Италиялық тәсілдің ерекшелігі мектептің диагностика және терапияны іске асыратын

денсаулық сақтау саласына жататын ұйымдардың мамандарымен тығыз байланысуында жатыр.

Ұлыбританиядағы инклюзивті білім беру осы елдегі ұзақ жылдық тарихы мен дәстүрлері бар арнайы біліммен өзара әрекеттесе отырып жұмыс істейді. Инклюзивті білім беру заң жүзінде бекітіліп және дамып жатқанына қарамастан, арнайы жеке мектептер өз қызметтерін әрі қарай жалғастыруда, ата-аналары оқытудың осындай

жолын тандап алған балаларға арналған білім беру кеңістігінің бөлігі ретінде қарастырылады.

Финляндияда инклюзивті білім беру заңнамалық деңгейде бекітілген, 20 жыл бойы дамып келеді және маңызды ғылыми зерттеулермен сүйемелденеді. 2008 жылы Инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы арқылы инклюзия саясаты бекітілген. Инклюзивті оқытуды іске асыру үшін елде арнайы мамандарды дайындау ұйымдастырылған. Финляндияның ұлттық білім беру стандарттары ерекше икемділігімен ерекшеленеді, болашақ педагогтерді дайындау бағдарламасында акцент жұмыс істеуге тура келетін оқытудың спецификалық мәнмәтінге бейімделген әдістемеге жасалады. Стандарт деп балалардың әртүрлі жылдамдықта білімді меңгеру фактісі болып табылады, алайда нәтижесінде олар мүмкіндігінше жоғары талаптарға сәйкес болуы керек.



Швеция инклюзивті білімді барлығына арналған білімнің тең қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін басты қағидат ретінде, сондай-ақ әлеуметтік қатынастағы адам құқығы тұжырымдамасы аясында қабылдады. Муниципалды деңгейде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды әдеттегі сыныптарға қабылдау практикасы бар, алайда олар аптасына бірнеше сағат жеке топта арнайы педагогпен жұмыс істейді. Педагогтер өздерінің басты міндеттері ретінде балаларды тек жалпы сыныптарда оқуға толық дайын болуына дайындау деп есептейді.

Норвегияда «Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар үшін білім берудің қолжетімділігі туралы» Заң бар. Сонымен қатар, аталған санаттағы балалар үшін жеке санаттарға (ерте балалар аутизмді синдромы, есту, көру қабілеті бұзылған балаларға және т.б.) көмек көрсетуге арналған мемлекеттік орталықтар бар. **Инклюзивті білім беруді іске асыру үшін педагогтерді дайындау университеттерде жүзеге асырылады.** Инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі перспективалары инклюзивті оқытудың әдістемелік қамтамасыз етуді әрі қарай әзірлеумен байланысты.

Францияда даму ерекшеліктері бар балаларды білім беру ортасына табысты бейімдеуге, сонымен қатар **қаржыландыру, қажетті техникалық құралдарды алу және мамандардың** (жеке және ұжымдық кіріктіру үшін мектепте сүйемелдеу үшін мұғалімнің көмекшілері) еңбек ақыларын қоса алғанда жағдай жасалған. Арнайы білім көптеген ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беретін мектептерге кіріктіруге барлық күшін салады.

Германияда заңнамалық негізде білім алушыларға олардың біліктеріне, қабілеттеріне және табиғи таланттарына байланысты әртүрлі типтегі мектептер бар. 1960 жылы жеке оқыту тұжырымдамасы қабылданды, осыған сәйкес ақыл есі және дене кемшіліктері бар балалар арнайы мектеп-интернаттарға бағытталды. 1994 жылы бұл саясат өзгертілді, мүгедек балалар әдеттегі сыныптарға кіріктірілді. «Әлеуметтік саулық туралы» заңға сәйкес, ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға олардың толыққанды мектептік білім алуы үшін, әсіресе міндетті мектепке бару кезеңінде мемлекеттен қаржылай көмек беріледі. Жалпы білім беретін мектептерде белгілі жағдай жасалған кезде ғана бірге оқыту мүмкін: **медицина немесе күтуші қызметкерлер, арнайы ғимараттар, арнайы жабдықталған оқу орындары, арнайы оқу құралдары** бар.

Жапонияда мүмкіндіктері шектеулі балалар жалпы сыныппен бірге оқиды. Мұғаліммен бірге көмекші мұғалім де жұмыс істейді. Көмекші мұғалім мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқуына көмектеседі. Жапониядағы мүмкіндіктері шектеулі балалар барлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Егер де оқушы қандай да бір себептермен сабақта болмаса, **бұл сабақтар оған жеке өткізіледі.** Мұндай мектептерде мүмкіндіктері шектеулі балаларға деген төзімділік қарым-қатынасын тәрбиелейді.

Оңтүстік Кореяда 1970 жылдардан бастап арнайы білім қарқынды дамуда. «Арнайы білім туралы» Заңға 1994 жылы инклюзия қағидаты бойынша оқыту туралы өзгерістер енгізілген. 1997 жылы үкімет жоғары білім беру саласындағы маңызды өзгерістер үшін құқықтық негізді қамтамасыз ететін,

арнайы білімді алға жылжыту бойынша Заң қабылдады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың қазіргі міндеттері Арнайы білімді дамытудың бес жылдық жоспарында көрсетілген, олардың мақсаты арнайы және кіріктіре оқытуды қолдау, сондай-ақ қоғамның қажеттіліктерінің өзгеруіне жылдам әсер ету болып табылады.

Ресейде алғашқы инклюзивті білім беру мекемелері 1980-1990 жылдары пайда болды. 1992 жылғы күзден бастап «Денсаулығында арнайы қажеттілігі бар тұлғаларды кіріктіру» жобасын іске асыру басталды. 2008 жылы Ресей «Мүгедектердің құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясына қол қойды. 24 мың адамды қамтитын мүгедек балаларды қашықтықтан оқыту дамуда. Балаларға сапалы білімді қамтамасыз ету үшін жағдай жасау тепе-теңдігі инклюзивті білім беру – жалпы білім беретін мектептерде жеке сыныптарда кіріктіре оқыту жағына ығысты, бұл 2011-2015 жылдарға арналған «Қолжетімді орта» мемлекеттік бағдарламасы аясында елдегі нысандарда негізгі инклюзивті білім беру ұйымдары желілерінің біртіндеп құрылуы арқылы мүмкін болды.

Осылайша, инклюзиялық практиканы іске асыру аспектісінде әртүрлі елдердегі білім беру жүйелерін талдау инклюзивті білім беруді іске асыру үшін міндетті база болып қажетті құқықтар мен еркіндіктің декларациясы ретінде қарастыратын заңнамалық актілердің жүйесі, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету тетігі болып табылады. Сонымен қатар, ұлттық білім беру жүйелері **кадрларды дайындау жүйесін** қамтитын, инклюзивті білім берудің нақты тұжырымдамасы және іске асыру жоспары болуы керек. Өңірлік деңгейде инклюзиялық практиканы тиімді ғылыми-әдістемелік қолдау қамтамасыз етіледі. Заңнама ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың білім беру процесін ұйымдастырудың әртүрлі мүмкіндіктері мен формаларын ұсынады, бұл әрбір оқушыға оның қабілетіне сәйкес оқытудың және ашық әлеуметтік ортада өмірге дайындауда барынша тиісті және ынталандыратын моделін табысты дамытуды табуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім берудің табысты практикасы бар елдерде ерекше білім беру қажеттілігі бар жүйелі және сапалы қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін тьюторлық (сүйемелдеу) институт құрылған және тиімді жұмыс істейді. Инклюзивті білім беру ұйымдарындағы басты мақсат **білікті педагогикалық кадрларды дайындау және қайта дайындықтан өткізу** болып табылады.

«Бүкіл әлемдегі инклюзивті білім беруді енгізу тәжірибесі мүмкіндіктері шектеулі адамдарды жалпы білім беру жүйесіне қосқан кезде олар теңсіздіктің алдын алу және олардың кедейлігін жасыру мен адамдардың құқықтарынан бас тарту жалған сенімдерді жеңу. Бұдан басқа білім беру жүйесінде өзгерістер болып жатқанда азаматтық қоғамдастықтың бекуіне және барлығының әлеуметтік-экономикалық ауқаттылығына алып келеді. Бұл әлемдік өлшемдегі барынша адамгершілікті және әділ қоғамдастыққа алып келеді» (Ричард Райзер, «Инклюзивті білімді енгізу», 2008 ж.).

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің нормативтік құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді енгізудің нормативтік құқықтық негізін адамның конституциялық құқықтарын белгілейтін заңнамалық актілер, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды медициналық-әлеуметтік қорғау, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер құрайды және оларды мынадай деңгейлерге топтастыруға болады: халықаралық, үкіметтік, ведомствалық, өңірлік.

Қазақстан Республикасы халықаралық қоғамдастықтың мүшесі бола отырып, халықаралық конвенциялар мен декларациялардың негізін қалаушы қағидаттарын толық қолдайды: «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» (1948 ж.), «Мүгедектердің құқықтары туралы декларация», «Ақыл-есі кем адамдардың құқықтары туралы декларация», «Бала құқықтары туралы конвенция» (1989 ж.), «Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін стандартты ережелер», «Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласындағы саясат пен практикалық іс-әрекет принциптері туралы» Саламанка декларациясы (1994 ж.).

Жеке адам құқығын, сонымен бірге білім алу құқығын сақтау мәселесіне алғашқы жүгінген арнайы халықаралық актілердің бірі 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» болып табылады. Мүгедектердің құқықтарына арналған халықаралық құжаттардың тарихы 1971 жылдан басталады, бұл кезде ақыл-ойы кем тұлғалардың құқықтары туралы Декларациясын 1971 жылғы 20 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдады.

1975 жылғы 9 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының Қарарымен бекітілген мүгедектердің құқықтары туралы декларациясы мүгедектердің қанағаттанарлық өмір сүру құқығын, сондай-ақ барлық азаматтық және саяси құқықтарын таныған жалпы сипаттағы халықаралық-құқықтық құжат болып танылды.

Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру бойынша Дүниежүзілік конференцияда: білімге қол жеткізу мен оның сапасы бойынша (Саламанка, Испания, 7-1994 жылғы 10 маусымда) «Саламанка декларациясы» және «Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру бойынша іс-әрекет шеңбері» қабылданды.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың құқықтарын қорғау саласындағы ең маңызды халықаралық құжат (2006 жылғы 13 желтоқсанда **Нью-Йоркте** БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған) 2015 жылғы Қазақстан Республикасы ратификациялаған мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық құжаттарда елдегі барлық азаматтардың, оның ішінде балалардың білім алу құқықтарының қағидаттары қарастырылған.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік құқықтық базасы басты постулатқа негізделген: барлық білім алушылар тұратын жері бойынша жеке дара ерекшеліктерін және білім қажеттіліктерін, бейімделуін

қамтамасыз ететін педагогикалық тәсілдеме негізінде тең білім алуға мүмкіндік беру. Балалардың білім алуға құқықтарының кепілдігі Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», Қазақстан Республикасының Заңдарында, «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», «Білім беру объектілеріне санитарлық-эпидемиологиялық талаптар», «Мүгедектердің өмір сапасын жақсарту бойынша ұлттық жоспар», «Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім)», «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы», «Білім беру саласында арнайы әлеуметтік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы» нормативтік актілерінде бекітілген.

Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін талдау – барлық балалардың білім алуға деген құқықтарының кепілдіктері елімізде инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жұмысты жетілдіруге мүмкіндік беретінін көрсетті.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды кезеңі қазіргі таңда инклюзивті білім алуға жататын және оларға сапалы білім беру қызметін көрсетуге қажеттілігі бар адамдардың санатын заңнамалық кеңейту болды.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы әр баланың білім алуына кепілдік береді, бұл ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды жалпы мектептің білім беру үдерісіне кеңінен қосудың осы үлгісін енгізудің мүмкіндігін айқындайды.

Білім алушының жеке басының, қызығушылығына, мүдделеріне, бейімделуіне, қабілетіне бағдарлану инклюзивті білім беру үдерісін ұйымдастырудың маңызды міндеті болып табылады және зияткерлік, техникалық, әдістемелік ресурстарды талап етеді.

Сонымен қатар, Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытуды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету ата-аналарға ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім алуына білім беру ұйымдарын саналы түрде таңдауына мүмкіндік береді, тұлғааралық қатынастардың шиеленісуіне және күрделенуіне, отбасылық байланыстардың бұзылуына, тұтастай алғанда отбасы институтының әлсіреуінің көптеген қиындықтарын болдырмауға көмектеседі.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында білім алушыларды оқытудың тиісті білім беру бағдарламаларына тең дәрежеде қол жеткізуді, педагогикалық-түзету және әлеуметтік қолдау, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың барлық деңгейде білімге қолжетімділігін көздейтін білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні мен қағида-тәртіптері анықталған.

«**Білім туралы**» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қатысты негізгі түсініктер анықталған:

білім алу үшін арнайы жағдайлар – ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар (7-4 тармақ);

ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар (балалар) – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар (21-4 тармақ);

инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс (21-5 тармақ)).

«**Білім туралы**» Қазақстан Республикасының Заңында білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреттілігі анықталған. **Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар (балалар) үшін білім алудың арнайы жағдайларын жасайды** (6-бап, 4-т. 21-5-т.).

Мемлекет әлеуметтік көмекке мұқтаж Қазақстан Республикасы азаматтарын олардың білім алуы кезеңінде қаржылау шығыстарын толық немесе ішінара өтейді. Әлеуметтік көмек көрсетілетін Қазақстан Республикасы азаматтарының санатына даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедектер және бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар жатады (8-бап, 4-т, 2-т.).

Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктерін шектеулі азаматтарға олардың **білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді** (8-бап, 6-т.).

Білім беру жүйесінің міндеттері ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) сапалы білім алуына арнайы жағдайлар жасау болып табылады (11-бап, 14-т.).

Адамдардың жекелеген санаттары үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму және әлеуметтік мүмкіндіктерінің ерекшеліктері ескерілетін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді (14-бап).

Арнайы білім беру оқу бағдарламалары бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары және техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары негізінде әзірленеді және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды (балаларды) оқытуға және дамытуға бағытталады, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялар ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын психикалық-физикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескереді (19-бап, 1-тармақ).

Ұзақ уақыт емделуді қажет ететін адамдар үшін, сондай-ақ даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдер үшін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді және енгізіледі (19-бап, 2-тармақ).

Арнайы оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген арнайы білім беру ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында немесе үйде іске асырылады (19-бап, 3-тармақ).

Жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, білім берудің әрбір деңгейін алуға қол жеткізу жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, кешкі, сырттай оқу, экстернат және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар (балалар) үшін қашықтықтан оқыту нысанында жүзеге асырылады (27-бап).

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар білім беру ұйымдарында қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге құқылы (7-т.) 3-т. 47-бап).

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға, білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға құқылы (47-бап, 3-т. 1), 2) т.).

Кәметке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға, өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға, балаларының шарттық негізде қосымша қызмет алуына құқығы бар (49-бап, 1-тармақ, 1), 4), 5) т.).

Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне ауылдық жерде жұмыс істегені үшін, сынып жетекшілігі үшін, дәптерді, жазу жұмыстарын тексергені үшін, оқу кабинеттеріне меңгерушілік еткені, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін, эксперимент режимінде жұмыс істегені үшін, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істегені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы және басқа да төлемдер төлеу жүргізіледі (52-бап, 4-тармақ).

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» (2002 жылғы 8 тамыз №345) ҚР Заңына сәйкес білім беру балалардың жеке басын дамытуға, олардың шығармашылық бейнеқосылысы, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылық, әлеуметтік қызметі, мүгедек балалардың білім алуға қол жетімділігі; мүмкіндігі шектеулі жандарға шығармашылық және қоғамдық іс-шараларға қатысуға мүмкіндік жасауға бағытталуы тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы

адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

Заң ережесімен бекітілген мүгедек бала өзінің дене бітіміне, ақыл-ес қабілетіне және тілегіне сай білім алуға, қызмет түрі мен кәсіпті таңдауға, шығармашылық және қоғамдық қызметтерге қатысуға құқылы (31-бап).

«Ерекше қажеттіліктері бар балаларға әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Қазақстан Республикасының Заңында мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау әдістері мен нысандары анықталған.

Аталған Заң дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін құруға, оларды тәрбиелеуге, оқытуға, еңбектік және кәсіби даярлауға байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедіктігінің алдын алуға бағытталған.

«Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» ҚР 2015 жылғы 20 ақпан № 288-V Заңы, сондай-ақ осындай санаттағы ел азаматтарының білім алуына қатысты ережелерді бекітеді.

2006 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясы мүгедектерге қатысты кемсітушілікті жоюға, оларды еңбек ету, денсаулық сақтау, білім алу және қоғамның өміріне толыққанды қатысу, сот төрелігіне қол жеткізу, жеке басына қол сұғылмаушылық, пайдаланудан және қиянат бостандығы, жүріп-түру еркіндігі, жеке мобильділік құқығымен қамтамасыз етуге бағытталған.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңы дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, Қазақстан Республикасының әуесқой және кәсіпқой спорт қызметін, жаппай дене шынықтыруды дамыту және құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік қамтамасыз ету негіздерін айқындайды.

Заңның бірқатар баптары мүмкіндіктері шектеулі адамдардың дене шынықтыру, әуесқой және кәсіпқой спортқа тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған.

Ерекше қажеттілігі бар балалардың сапалы білім беру қызметін кепілді түрде алуын реттейтін нормативтік-құқықтық актісі **Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары** болып табылады (ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы).

Мемлекет инклюзивті білім беру мақсаттарын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейлерінде ерекше білім беру қажеттілігі бар азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз теді (6-т.).

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды оқыту кезінде олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, жағдайлар жасалады (7-т.).

Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден санаториялық-балабақшада, мектепке дейінгі ұйымдарда, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған күтіп-бағуға ай сайынғы төлем мөлшері тегін беріледі (2-т, 12-т.).

Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің мүдделерін ескере отырып, жергілікті білім беруді басқаратын органдардың келісімі бойынша білім беру ұйымдарында даму мүмкіндігі шектеулі балалармен дені сау балалардың бірлесіп оқитын сыныптары (бір сыныпта даму мүмкіндігі шектеулі 2 баладан артық оқытылмауы тиіс) немесе бұзушылық түріне қарай арнайы білім беру сыныптары ашылуы мүмкін (Ереженің 18-тармағы).

Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің мүдделерін ескере отырып, жергілікті білім беруді басқаратын органдардың келісімі бойынша білім беру ұйымдарында инклюзивті сыныптар (бір сыныпта ерекше білім беру қажеттілігі бар екі баладан артық оқытылмауы тиіс) (немесе) бұзушылық түріне қарай арнайы білім беру сыныптары ашылуы мүмкін (Ереженің 19-тармағы).

Инклюзивтік сыныптарда оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар психологиялық - медициналық, педагогикалық кеңес беру қорытындылары мен ұсыныстары бойынша жалпы білім беру немесе жеке бағдарламада оқуға болады.

Инклюзивтік және (немесе) арнайы сыныптардағы ерекше білім беру қажеттілігі бар барлық білім алушыларға арналған түзету сабақтарын арнайы педагогтер (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед) жүзеге асырады.

Мемлекет балаларға арналған, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерінің қолжетімділігін, қосымша білім алу үшін ерекше жағдайларын қамтамасыз етеді («Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» 4-т.).

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мәселесін реттейтін бірқатар ведомствалық құжаттар қабылданды. **Қазақстан Республикасында 2015-2020 жылдарға арналған инклюзивті білім беру жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар кешені** (ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №534 бұйрығы).

ҚР Білім және ғылым министрінің **Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері** (01.06.2015 ж. № 348) бекітілді, олар Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуы адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттар негізінде, білім беру саласындағы әлемдік тәжірибе жетістіктеріне және басым міндеттеріне сәйкес әзірленді.

Осы құжат аясында «ерекше қажеттілігі бар балалар» түсінігі кеңейтілді, осыған орай ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларға: мүмкіншілігі шектеулі балалар, мигрант – балалар, босқын отбасының балалары, оралмандар, қоғамда әлеуметтік бейімделуге қиындығы бар балалар (жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалар) жатады.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы – білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жеке адамның, қоғам мен мемлекет мүддесіндегі білім беру және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы (**ҚР БҒМ № 228 бұйрығы, 2-т.**).

Жастары қатар және әртүрлі жастағы балалар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар қосымша білім беру ұйымдарында қызығушылықтары бойынша үйірмеге, клубқа, студияға, ансамбльге, топқа, театрға және басқа бірлестіктерге (бұдан әрі – бірлестіктер) біріктіріледі (ҚР БҒМ № 228 бұйрығы, 15-т.).

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту барысында топтың құрамы 3-6 адамды құрайды (20-т.).

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды міндеттерінің бірі болып анықталған.

2020 жылға қарай инклюзивті білім беруге жағдай жасалған мектептер үлесін олардың жалпы санынан 70 %-ға арттыру жоспарланып отыр.

Жалпы алғанда, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру бойынша негізгі іс-шаралар жоспарын белгілеуге болады:

ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы санынан инклюзивті біліммен қамтылған балалар үлесін арттыру;

мектептерде инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру және білім беру қызметтерін арттыру.

Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білімнің қазіргі жағдайы

Қазіргі таңда республикада дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуды ұйымдастыру үшін арнайы білім беру ұйымдарының сараланған желісі бар.

Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамыту ерекше білім беру қажеттілігі бар (әрі қарай – ЕББҚ) балаларды жалпы мектеп жағдайында аталған санаттағы балаларды бейімдеу арқылы, олардың өз кемшіліктерін жетістікке айналдыру қабілеттерін қалыптастыру және дамыту, қазіргі қоғамның ерекше қажеттіліктері бар адамдарға деген көзқарасын өзгерту мақсатында әсер ету арқылы білім беру жүйесіне араластыру.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының 2017 жылға берген мәліметтері бойынша облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар 147396 ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды анықтады. Білім беру ұйымдарында, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарында, қоғамдық және жекеменшік білім беру ұйымдарында білім беру бағдарламалары бойынша оқыту, тәрбиелеу және түзету-педагогикалық қолдаумен 138651 бала қамтылған, бұл 94,07% құрайды. 2016 жылмен салыстырғанда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды түзете-

дамыта отырып оқыту 1,67%-ға ұлғайды (2016 жылы – 92,4%, 2017 жылы – 94,07%).

№	Көрсеткіштер	01.01.2017 жылы	01.01.2018 жылы	(+, -)
1	Тіркелген ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар мен жасөспірімдер (жалпы саны)	144 783	147 396	2,613 (1,8%)
2	Білім беру ұйымдарында, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарында, қоғамдық және жеке білім беру ұйымдарында білім беру бағдарламалары бойынша оқыту, тәрбиелеу және түзету-педагогикалық қолдаумен қамтылған (жалпы саны): %:	133 782 92,4%	138 651 94,1%	4 869 +1,76%

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды білім берумен қамту

Оқумен қамтылған	ЕБҚ балалардың жалпы саны		Ерте жастағы балалар саны		Мектепке дейінгі балалар саны		Мектеп жасындағы балалар саны	
	жалпы	%	жалпы	%	жалпы	%	жалпы	%
Барлығы	147396	100	6931	100	42848	100	97617	100

Арнайы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту, тәрбиелеу (мектепке дейінгі, мектеп, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарында)	129132	87,61	4449	64,19	335 31	78,26	91152	93,38
Арнайы, жеке бағдарламалар бойынша түзету-педагогикалық қолдау, ауыр және өте ауыр ақыл-ой кемістігіне байланысты мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарында бармайтын балалар)	5324	3,61	691	9,97	351 7	8,21	1116	1,14
Ақыл-ой кемістігі ауыр және өте ауыр балаларды денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау	4195	2,85	18	0,26	283	0,66	3894	3,99

(балалар үйі, мүгедектер үйі) ұйымдарында түзету-педагогикалық қолдау								
Оқумен уақытша қамтылмағандар	8745	5,93	1773	25,58	5517	12,88	1455	1,49

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға түзету-дамыту бойынша көмек көрсету формалары



Білім беру ұйымдарына оқуға, тәрбиеленуге және түзету-педагогикалық қолдауға бағытталған ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар мен жасөспірімдер туралы ақпарат (2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша)

	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды анықтау	Білім беру ұйымдарындағы балалар саны													
		Арнайы ұйымдар		Білім беру ұйымдарына кіріктірілген						Үйде оқытылады		Жекеменшік ұйымдарда, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарындағы, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитындар		Оңалту орталықтарына, ППТК, логопункттарға баратындар	
				Арнайы сыныптар, арнайы топтар (жартылай кіріктіру)		Жалпы білім беретін сыныптар, топтар									
						Түзету-педагогикалық қолдаумен		Түзету-педагогикалық қолдаусыз							
жалпы	жалпы	%	жалпы	%	жалпы	%	жалпы	%	жалпы	%	жалпы	%	жалпы	%	
1	2	3	4	5	6	5	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Ерте жастағы (0-3)	6931	265	3,8	250	3,6	647	9,3	1382	19,9	0	0,0	1923	27,7	2532	36,5
Мектепке дейінгі жастағы	42848	5745	13,4	7790	18,2	5446	12,7	7613	17,8	100	0,2	7120	16,6	16522	38,6
Мектеп жасындағы	97617	13978	14,3	13251	13,6	15392	15,8	31555	32,3	12322	12,6	8547	8,8	11657	11,9
Барлығы	147396	19988	13,6	21291	14,4	21485	14,6	40550	27,5	12422	8,4	17590	11,9	30711	20,8

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға түзету-дамыту көмек көрсету бойынша салыстырмалы кесте

	0-ден 18 жасқа дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар саны		2-топ 3-топ (+,-)
	2016 ЖЫЛ	2017 ЖЫЛ	
1	2	3	4
Арнайы ұйымдар	19408	19988	580
Жартылай кіріктірілген арнайы сыныптар, арнайы топтар	20374	21291	917
Жалпы білім беретін ұйымдардағы сыныптарға, топтарға кіріктірілген:			
- түзету-педагогикалық қолдаумен	18945	21485	2540
- түзету-педагогикалық қолдаусыз	41243	40550	-693
Үйде оқиды	11457	12422	965
Басқа ұйымдарға барады	16383	17590	1207
ОО, ППТК, логопункттерге баратындар	25933	30711	4778

Кохлеарлы импланты бар балаларға түзету-дамыту көмегін көрсету

	0-ден 18 жасқа дейінгі кохлеарлы импланты бар балалардың саны	
	2016 ЖЫЛ	2017 ЖЫЛ
Арнайы ұйымдар	581	585
Жартылай кіріктірілген арнайы сыныптар, арнайы топтар	110	134
Жалпы білім беретін ұйымдардағы сыныптарға, топтарға кіріктірілген		
- түзету-педагогикалық қолдауы бар	73	123
- түзету-педагогикалық қолдаусыз	106	99
Үйде оқиды	6	12
Басқа ұйымдарға барады	35	49
ОО, ППТК, логопункттерге барады	118	124
Уақытша түзету-педагогикалық көмек алмайтындар	48	36

Ұлттық білім беру деректер қорының (ҰББДҚ) мәліметтері бойынша 7-18 жас аралығындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың саны **102 610 бала**. 100 арнайы мектепте 14 579 (білім беруге ерекше қажеттілігі бар балалардың жалпы санының 14,2%) бала оқиды.

3873 мектепте (мектептердің жалпы санының 55%) 23 940 (ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы санының 23,3% бала) бала инклюзивті білім алуына жағдай жасалған. Сонымен қатар, 640 мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде 2 379 арнайы сыныптар бар, оларда 11 352 (11,1%) бала оқиды. 3 388 (мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы санының 3,3%) бала үйде оқиды.

Аталған көрсеткіштер облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар мен Ұлттық білім беру деректер қорының арасындағы біршама айырмашылықтарды көрсетеді.

Балаларға қосымша білім беру саласындағы инклюзивті білім беру

Үйлесімді дамыған тұлғаны дамыту және тәрбиелеудегі маңызды білім беру технологияларының бірі – халықтың мүддесіне барынша жақын және жаңа білім беру қажеттіліктеріне икемді әсер етуге бағытталған **балаларға қосымша білім беру** болып табылады.

2016 жылдан бастап ҰББДҚ-ға «қосымша біліммен қамтылған мүмкіндіктері шектеулі балалардың саны» көрсеткіші алғаш рет енгізілді.

1287 мектептен тыс ұйымдарда шығармашылықтың әр түрлерімен 947 327 мектеп оқушысы, оның ішінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар – 5892 бала айналысады, бұл оқушылардың жалпы санының 0,2 %-ын құрайды. Жалпы білім беретін мектептердегі үйірмелерде 10 721 (0,4%) бала, мектептердегі спорт секцияларында – 7 029 (0,2%) бала айналысады.

Жалпы білім беретін мектептердегі спорт секцияларында, үйірмелерінде айналысатын ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың саны (арнайы мектептерді қоспағанда)



Жалпы білім беретін мектептердегі спорт секцияларында, үйірмелерінде айналысатын ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың саны (арнайы мектептерді қоспағанда)

Әңір	барлығы	олардың ішінде спорт секцияларында													барлығы	олардың ішінде үйірмелерде							
		волейбол	баскетбол	футбол	теннис	шаңғы спорты	Кснькимен жүгіру спорты	күрес (барлық түрлері)	ұлттық ойындар	шахмат-шашки	басқа спорттық	көркем-эстетикалық	сәндік-қолданбалы	техникалық		экологиялық	туристік-өлсетану	қоғамдық-гуманитарлық	Жаратылыстану-математикалық	тіл	басқалары		
А	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21		
Ақмола	758	88	95	96	43	15	19	58	79	80	134	1413	516	206	19	55	37	78	242	120	137		
Ақтөбе	214	26	14	24	8	2	0	6	20	74	40	397	132	72	17	7	6	14	53	42	54		
Алматы	457	69	38	98	17	18	0	22	51	40	134	917	198	135	24	41	29	52	145	177	116		
Атырау	79	11	9	16	2	0	0	4	1	1	35	146	43	23	14	4	5	12	14	19	12		
СҚО	200	49	19	39	12	3	0	17	21	20	130	041	206	00	59	29	63	32	103	115	114		
Жамбыл	153	40	13	32	1	0	0	4	7	10	46	371	66	31	21	9	10	37	82	63	52		
Қарағанды	246	40	39	33	8	9	1	23	27	33	35	724	214	84	40	24	22	73	114	89	64		
Қостанай	1388	242	180	226	62	88	2	68	73	147	339	1747	476	259	109	60	110	107	122	195	309		
Қызылорда	317	60	26	44	18	0	0	20	29	41	79	448	105	60	40	10	15	17	73	69	59		
Мағыстау	69	14	1	4	1	0	0	4	15	3	27	101	30	14	5	6	0	4	7	17	18		
ОҚО	670	87	30	91	36	3	3	37	56	135	196	706	196	87	25	27	21	24	88	116	112		
Павлодар	370	37	33	57	32	2	1	10	24	75	99	416	96	64	41	7	9	27	51	36	82		
СКО	300	55	35	49	16	11	3	18	25	30	56	486	93	56	17	14	14	28	98	94	52		
ШҚО	1134	202	135	156	65	77	7	84	68	116	224	1113	326	191	43	44	54	70	94	180	108		
Астана қ.	104	15	5	12	0	0	0	3	2	7	60	113	48	16	9	4	2	3	4	10	17		
Алматы қ.	470	78	28	41	7	0	0	32	30	112	142	808	333	31	17	60	12	83	70	126	76		
Барлығы	7029	1113	700	1010	324	220	36	412	520	932	1730	10724	3130	1399	503	401	409	604	1300	1460	1302		

Балаларға қосымша білім берудің сапасына әсер ететін негізгі мәселелердің бірі оның халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарына қолжетімділігі екендігі сөзсіз.

Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қосымша білім алуға тиімді жағдай жасай алатын оқыту формасын енгізу қажеттілігі бар. Бүгінгі таңда негізгі мәселе әр баланың даралығын қабылдап және оның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті жағдай жасау болып отырғаны құпия емес.

Қосымша білім беру педагогтерінің басты мақсаты өзінің, сондай-ақ тұтасымен қазіргі қоғамның мүмкіндіктері шектеулі адамдарға деген көзқарастарын балалардың өз қабілеттерін іске асыру және арнайы оқу орындарында емес, қосымша білім беру жүйесінде табысқа жетуі арқылы өзгерту, сонымен қатар ерекше білімге қажеттілігі бар балаларды қабылдауға және дұрыс қабылдауға қоғамды кезеңмен дайындау.

Бүгінгі алға қойылатын талаптар – бұл әлеуметтік бейімделген, үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Айта кететін тағы бір жағдай, отандық педагогика үшін инклюзивті білім беру бөтен және бейтаныс нәрсе емес.

Инклюзивті білім (фр. Inklusif – өзіне қамту, лат. Include – қамтымын, қосамын) – барлық балалардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделу тұрғысынан барлықтарына білімнің қолжетімділігін білдіретін жалпы білімнің даму процесі, бұл ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуына қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Инклюзия деген мүмкіндіктері әртүрлі балаларды толығымен басқа балалар да құштарланып және қуана-қуана араласатын мектеп өмірінің барлық аспектілеріне толық қосуды білдіреді. Бұл мектеп кеңістігінің барлық балалардың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын қарсы алуы үшін шынайы бейімділігін, айырмашылықтарды бағалау мен құрметтеуді талап етеді.

Инклюзияның мақсаттарының бірі – кез-келген қосымша білім беру ұйымы мүмкіндіктері әртүрлі балаларды қабылдауға дайын болуында. Бұл мектептен тыс ұйымдардың құрылымдары мен жұмысындағы өзгерістерге ғана алып келмей, сондай-ақ өз жұмыстарын белгілі балалардың тобын ғана оқыту деп қана деп үйренген педагогтердің де көзқарастарын өзгертуге алып келеді.

Бәрімізге белгілі, инклюзияның негізгі элементтеріне келесілерді жатқызуға болады:

- мүмкіндіктері әртүрлі балаларды олардың мүгедектігі болмаған жағдайда баруға мүмкіндігі бар мектептерге қосу;

- мектептен тыс ұйымдарға баратын мүмкіндіктері әртүрлі балалардың саны тұтасымен алғанда бұл ортадағы барлық балалар популяциясына шаққанда табиғи пропорцияда болады;

- «сұрыпталған» және «бракқа шығарылған» балалардың болмауы, аралас топтарда оқуы;

- ерекшеліктері бар балалар олардың жастарына сәйкес келетін сыныптарда оқиды. Сонымен қатар, **инклюзивті білім берудің сегіз қағидатын** бөліп қарауға болады:



Педагог және инклюзия



Инклюзияны қолдану бойынша практикалық кеңестер:

- Мүгедектігі бар балаларды «сыныптың дәл басқа балалары сияқты» қабылдау
- Әртүрлі міндеттер қойылғанмен де, оларды дәл сол тапсырмаларға және белсенділікке араластыру
- Оқушыларды жұптық және топтық жұмыс формаларына араластыру
- Оқытудың белсенді формаларын қолдану

Инклюзия бағытында табысты алға жылжу үшін қосымша білім беру педагогтеріне мәселелерді табысты шешіп үйрену қажет. Әрине, бұл жерде

мәселе қандай да бір жалғыз ғана бала туралы емес. Мәселелердің пайда болуына қарай анық педагогикалық платформа, жалпы құндылықтар мен оң басшылыққа негізделген табысты шешу қосымша білім беру ұйымдары мен топтарды (секция, үйірме) барынша инклюзияға жақындатудың ең тиімді жолы болып табылады. Көптеген мәселелердің шешімі басым жағдайда күні бойы балалармен және ересектермен үнемі араласатын педагогтерге арналған толық қалыпты жағдай болып табылады.

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қосымша білімнің қолжетімділігі туралы ақпаратты алу мақсатында 2017 жылғы желтоқсан – 2018 жылғы қаңтар аралығында Ақмола, Қарағанды, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының, Астана қаласының педагогтері мен ата-аналарының арасында сауалнама жүргізді. Сауалнамаға 224 адам қатысты.

Сауалнаманың негізгі мақсаты – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарының мектептен тыс ұйымдардың қызметі туралы, олар мұндай ұйымдар туралы не білетіндіктері, олардың ойларына секциялардағы, үйірмелердегі, студиялардың жұмысында нені өзгертуге болатындығы, қосымша білім беру педагогтерінің мұндай санаттағы балалардың үйірмелеріне, секцияларына, студияларға көзқарасы туралы білетіндіктерін түсіну.

Сауалнама аясында келесі негізгі міндеттер анықталды:

1) ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарының мектептен тыс ұйымдардың жұмыстары туралы хабардар болу деңгейін білу;

2) ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қосымша біліммен толық қамтылмауының себептері туралы ойларын зерттеу;

3) стереотиптер мен ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың шынайы өмірі арасындағы объективті пайда болатын қайшылықтарды анықтау;

4) қосымша білім беру педагогтеріне, мектеп мұғалімдеріне және ата-аналарға көмек ретінде әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу.

Сауалнама кезінде сауалнама алынған ата-аналардың көп бөлігі қосымша білім алуға және мектептен тыс ұйымды тандауға ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың құқықтарының сақталу жағдайын қанағаттанарлықсыз (63,6%) деп бағалаған.

Орташа есеппен сауалнама алынғандардың бестен бір бөлігінің анық ойы жоқ. Бұл санат сау балалардың ата-аналарының тобында анық көрінеді. Жағдайдың біраз және біршама жақсарғандығы туралы айтқан қосымша білім беру ұйымдарының басшылары өз бағалауында барынша оптимистік танытқан.

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қосымша білім алуына құқықтары бұзылған жағдайлармен қаншалықты жиі кездестірідіңіз?» деген сұраққа 19,8% ата-ана үнемі және жиі деп жауап берген.

Сауалнама алынған аз бөлігі (орташа есеппен үштен бірі) барынша көп кездесетін жағдай ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қосымша білім алу құқықтарының бұзылуы, көптеген жағдайда мектептен тыс

ұйымдардың мұндай балаларды білім беру процесіне қосуға дайын еместігі деп ойлайды. Көптеген жағдайдың ішінде келесілер айтылады:

- насихаттау компанияларының аясында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қосымша білім алу құқықтарын білім беру бағдарламаларының жоқтығы – бұл орта шамамен сауалнама алынған әрбір алтыншы адамның ойы;

- ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу үшін қосымша білім беру педагогтерін арнайы дайындау жүйесінің жоқтығы;

- қосымша білім беру ұйымдарын әдістемелік қамтамасыз етудің жоқтығы.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарына ашық сұрақ қойылды: *«Мүмкіндіктері шектеулі балалардың қосымша білім алу құқықтарының бұзылуының негізгі себептері қандай, атап беріңіздер?»*

Иллюстрация ретінде олардың жеке сөздерін келтіруге болады.

«Оларды шынайы қабылдамайды».

«Оларды адам ретінде қабылдамайды».

«Көп балалар оларды жақсы көрмейді».

«Оларға ешқандай көңіл аудармайды».

«Біздің қоғам мүмкіндіктері шектеулі адамдарды әлі де толық қабылдамайды».

«Бұл балалар қажет емес».

«Адамдар оларды толыққанды адам деп есептемейді, сондықтан да оларда тең құқық жоқ».

«Қатарластарының жек көруі, олардың бұдан психикасы бұзылады».

«Оларды дұрыс адам деп есептемейді».

Ата-аналар балалардың құқықтарының бұзылуында мектептен тыс ұйым және қосымша білім беру педагогтерінің өздерінің қарым-қатынастары кәнілі деп есептейді:

«Мектептен тыс ұйымдарда оларға арналған арнайы жабдықтар жоқ».

«Мектептен тыс ұйымдардың кітапханаларында оларға арналған арнайы кітаптар жоқ».

«Үйірме жетекшілері сау балаларды әрең басқарады, ал мұндай балалардан тіпті аулақ болғысы келеді».

«Кейбір үйірмелердің жетекшілерінің өздері біздің балалармен айналысқысы келмейді».

«Кемістіктері бар балаларды ешкім қабылдағысы келмейді, себебі ондай балалармен мәселелер де көбейеді».

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім беру құқықтарының сақталуын бағалауда сынау тұрғысындағы көңіл-күй басым болғандығына қарамастан, 59,5%-ы соңғы 2-3 жылда жағдай азды көпті біршама жақсарып келе жатқандығын атап көрсетті.

Ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама мәліметтері бойынша қосымша білімнің сауықтыру және жалпы дамыту («спорт сабақтары» және «бейнелеу өнері», «сәндік-қолданбалы өнер және қолөнер», «хореография», «музыка сабақтары»), сондай-ақ білім беруге («тіл үйірмелері», «мектеп бағдарламасының пәндері») байланысты бағыттары барынша танымал. Балалар арасындағы «техника», «туризм» бағыттары білім беру бағытындағы

танымалдылығы төмен болып табылады. Зерттеу нәтижесінде сау балалармен бір топта жүргізілетін сабақтар балалардың ата-аналары үшін қосымша білімнің неғұрлым қалаулы формасы болып табылады.

Педагогикалық ұжымды табысты ұйымдастыру үшін қосымша білімде инклюзияның нәліктен жұмыс істемейтіндігінің негізгі себептерін түсіну маңызды болды. Бұған ең алдымен келесі аргументтер жатады.

1. Инклюзияның артықшылықтары осы процесті іске асыруға қатысатындар арасында талқыланбайды.

2. Мектептен тыс ұйымдарда жүріп жатқан өзгерістер шектен шығады, немесе керісінше шектелген немесе жеткіліксіз.

3. Қажетті өзгерістер өте жылдам енгізіледі немесе өте ақырын енгізіледі, бұл энтузиазмның төмендеуіне алып келеді.

4. Ресурстардың адекваттылығы инклюзияның жұмыс істеуіне әрқашан кепілдік бола бермейді, ресурстар оңтайлы қолданыла берілмейді.

5. Көп жағдайда әлеуметтік топтың тек «орынсыз тілегі» деп қабылданатын инклюзия идеясын ұстауды қалыптастыру үшін ұдайы стимулдың жоқтығы.

6. Инклюзияның жетістігін анықтайтын негізгі қызметкерлер бұл идеяны толық ұстанбайды, немесе керісінше, жұмыс көлемі өте көп. Бұл басқа қызметкерлерді мектепте инклюзивті тәсілді іске асырудан алыстатады.

7. Ата-аналар серіктес ретінде балаларға қосымша білім беруге қосылмаған.

8. Мектептен тыс ұйымдардың басшылары өте қатты бақылау жүргізеді немесе олардың басқару стилінің тиімділігі жеткіліксіз, немесе олар ұжымның жоғары нәтижеге қол жеткізуін қолдамайды.

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қосымша білім алуына қолжетімділігін қандай кедергілер қиындатады?» деген сұраққа келесі жауаптар алынды:

1) жақын орналасқан қосымша білім беру ұйымдарының болмауы. Бұл көзқарасты мүгедектігі бар балалардың ата-аналарының 52%-ы ұстанады. Қазіргі таңда сауалнама алынған ата-аналардың үштен бір бөлігі балаларын сабаққа қоғамдық көлікпен, немесе жеке автокөліктерімен алып барады. Тірек-қимыл аппараттары бұзылған балалар үшін білім беру ұйымдары ғимараттарының инженерлік-архитектуралық бейімделгендігі өте маңызды: лифттер мен көтергіштердің, тұтқалар мен сүйенгіштердің, арнайы жабдықталған санитарлық-гигиеналық бөлмелердің болуы. Есту және көру қабілеттері бұзылған балалардың ғимараттың ішінде қозғалуы кезінде түстік және дыбыстық сүйемелдеулер қажет;

2) қосымша білім беру ұйымдары қызметтерінің төлем ақысының жоғарылығы. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарының 15 %-ы қызығушылық танытқан үйірмелердің төлем ақысы жоғары деп ата-аналар көрсеткен. Бұл медициналық оңалту, жабдықтарды сатып алу сияқты басқа шығындарға байланысты өзекті болып табылады;

3) негативті жағдайлар (бала денсаулығының шектеулігіне байланысты үйірмеге, секцияға, студияға жазудан бас тарту, бірнеше сабақтан кейін педагогтің баламен жұмыстан бас тартуы, сабақ кезінде педагогтің балаға дөрекі қарым-қатынасы), олар қосымша білімнің қолжетімділігі

бойынша шектеу кедергі болуы мүмкін деген жауапты респонденттердің үштен бірі айтқан. Мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар үшін бүгінгі таңда мұндай сабақтарға бармайтындар үшін қосымша білім беру жүйесіндегі сабақтарға деген талап өте жоғары. Ата-аналардың 70 %-ы балаларға қосымша білім берудегі үйірмелерге, секцияларға, студияларға балаларының баруын қалайды екен;

4) мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істегісі келетін және істей алатын педагогтердің жетіспеушілігі. Бұл мәселе аутистік спектрінің ауытқулары бар балалардың ата-аналары үшін де өзекті. Сауалнаманың нәтижесінде білім беру ұйымдарының басшылары, ата-аналар көптеген қосымша білім беру педагогтерінің қажетті білімі, мүгедектігі бар балалармен жұмыс істеу үшін арнайы дайындықтарының жоқтығын атап көрсеткен. Бүгінгі таңда балаларға қосымша білім беру саласындағы инклюзивті білім «педагогикалық интуицияға» негізделіп құрылады, дамиды, себебі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен инклюзия жағдайында жұмыс істеу үшін педагогтің диагностикалық, әдістемелік, психологиялық құрал-саймандары жоқ;

5) ақпараттық қолжетімділік. Көптеген жағдайда ақпарат көзі ретінде ерекше қажеттілігі бар балалардың ата-аналарының араласуы болып табылады. Қосымша білім туралы ақпарат практика жүзінде өте аз. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға бағдарланған және ата-аналары баланың дертіне сәйкес оларды қызықтыратын ақпараттарды алатын, жетуге қолайлы болатынын таңдауға болатын қосымша білім беру ұйымдарын қамтитын бірыңғай мәліметтер қорының болмауы ақпаратты іздеуді қиындатады;

6) кіші және орта мектеп жасындағы балалардың жеткілікті деңгейде кіріктірілгеніне қарамастан, мектепке дейінгі және жоғары сынып оқушылары көптеген жағдайда артта қалады. Сауалнама алынған адамдардың жартысынан көбі (59%) «бала есейген сайын оған қосымша сабақты (үйірмелер, секциялар, студиялар) табу қиын» деген көзқараспен келісті;

7) ауруға шалдыққан ерекше балалардың қабілеттерін дамытуға және ашылмаған мүмкіндіктерін анықтауға бағдарланған қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірмелердің жоқтығы (спорт сабақтары – спорттың командалық түрлері, жүзу және басқалары, театр сабақтары; ұсақ моториканы дамытуға бағытталған сабақтар; жануарлармен сабақтар – канистерапия, иппотерапия және басқалары; туризм, спортқа бағдарлану). Әсіресе ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған қосымша білім беру бойынша бағыттары дамымаған;

8) ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарына арналған, әсіресе қосымша білім беру бағдарламаларына олардың балаларының қатысу мүмкіндіктеріне қатысты тұрақты қызмет ететін психологиялық кеңестің жоқтығы;

9) қосымша білім беру бағдарламалары бойынша балалар мен олардың ата-аналарының бірлескен сабақтарының жоқтығы.

Ата-аналар талаптарының сараптамасы балалары ерекше білім беру қажеттілігі бар отбасылар үшін қосымша білім алудың эмоциялық жағы маңызды екенін көрсетті. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың шамамен жартысы бірінші кезекте баланың сабақтан қанағаттану, қуаныш сезімі және

жақсы естеліктер алуы керек деп ойлайды. Ата-аналардың 49%-ының ойынша, бұл жағдайға педагог және оқу ұжымымен жақсы қарым-қатынас орнатудан туындаған психологиялық жайлы атмосфера ықпал етеді. Ата-аналардың жартысынан аз бөлігі педагог балалардың сабаққа қызығушылығын ояту және сабаққа қатысу құлшынысын арттыру үшін арнайы шаралар қолдануы керек деп ойлайды.

Ата-аналар сауалнамасының мәліметтерін талдау кезінде қосымша білім беру қолжетімділігінің қиын жақтары анықталды. Ата-аналардың көп бөлігі өз қалаларындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға білім беру үшін жағдай жасалған қосымша білім беру ұйымдарын атап бере алмады. Сауалнама алынған ата-аналардың шамамен төрттен бір бөлігі өз қалаларында мұндай ұйымдар туралы хабардар емес екендігін көрсетті. Айта кететін болсақ, мүгедек балалардың ата-аналары нақты мекемелердің ішінде қосымша білім беру ұйымдарын емес, оңалту орталықтарын атап өтті. Сауалнама деректерін талдау нәтижесі ең қолжетімді болып территориялық түзету мектептеріндегі қосымша сабақтар екенін көрсетті, себебі, қосымша сабақ балалар білім алатын мектепте жүргізіледі.

Дегенмен көру және есту қабілеті бұзылған оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін арнайы видео және аудио аппараттарымен, арнайы әдебиеттермен қамтамасыз етуге назар аудару қажет.

Әлеуметтік психологиялық қолжетімділік балалар үшін қосымша білім беруді таңдаудағы маңызды факторлардың бірі болып табылады, ата-аналар білім берудегі әлеуметтік психологиялық жайлылықты бірнеше рет бағалаған. Бұл ата-аналардың балаларына қосымша сабақтар қандай ортада жүргізілетіні туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз етілмегеніне байланысты болуы мүмкін.

Көптеген ата-аналар, негізінен, қосымша білім берудің сапасы мен шарттарына қанағаттанған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қосымша білім берудің қолжетімділігін арттыру барлық мүдделі тараптардың, әсіресе балалардың ата-аналарының пікірлері ескерілуі керек. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, түзету педагогикасы мен арнайы психология саласында қосымша білім беру педагогтерін арнайы даярлауға аса назар аудару қажет, олар **қосымша білім берудің педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курстарын әзірлеу кезінде ескерілуі** тиіс. Қосымша білім берудің қолжетімділігін арттыру үшін қосымша білім беру ұйымдарын арнайы оқыту құралдарымен (сабақ оқуға арналған жұмыс орны, арнайы аппараттар мен материалдарды қолдану және т.б.) жабдықтауда ата-аналардың қалауын ескеру керек. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін қосымша білім беру бағдарламасын әзірлеуде балалар денсаулығындағы әртүрлі ақауларына байланысты сабақтар жүргізу үшін қажетті арнайы жағдайларға үлкен көңіл аудару қажет. Осындай бала үшін білім беру дамытатын, білім беретін және әлеуметтендіретін болуы керек.

Осылайша, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қосымша білім берудің қазіргі жағдайын «шектеулі мүмкіндіктері бар» деп сипаттауға болады. Қазіргі уақытта көптеген қосымша білім беру ұйымдары мұндай балаларды толыққанды оқытуды ұйымдастыра алмайды, себебі дамуында ақауы бар балаларды түзетуде қосымша білім беру ұйымдарының рөлі

белгіленбеген, мүмкіндігі шектеулі балаларды қосымша білім беруге енгізудің тұжырымдамалық үлгісі әзірленбеген.

Қосымша білім беру ұйымдарының **материалдық-техникалық базасы** талаптарға сай келмейді. Оқу процесіне **медициналық көмек көрсету** мәселесін шешу қажет.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу үшін **педагогтер біліктілікті арттыру курстарынан өтуі қажет**, себебі педагогтер арнайы әдістерді, тәсілдерді, оқу құралдарын меңгермеген. Педагогтер үшін инклюзивті тәжірибені жүзеге асыру, жеке білім беру бағдарламасын әзірлеу, оны сүйемелдеу механизмдерін құру, балаларды тьюторлық сүйемелдеу және есту қабілеті, тірек-қимыл аппараты, көру қабілеті, эмоциялық-ерікті қабілетінде ақауы бар балаларды қосымша білім беруге енгізу үшін арнайы білім беру шарттарын құру бойынша **әдістемелік ұсынымдар әзірлеу қажет**.

Аталған мәселе бойынша үздік педагогикалық тәжірибелер зерттелмейді, республиканың өңірлерінде балаларға қосымша білім беру ұйымдарының базаларында мүмкіндіктері шектеулі балаларды инклюзивті оқыту моделі бойынша тәжірибелік алаңдар құрылмаған.

Барлық қосымша білім беру жүйесі әртүрлі жастағы балалардың қабілеттерін дамытуға негізделіп құрылуы керек. Сабақтардағы еркіндік мектептегі міндетті білімге қарағанда бұл жүйенің артықшылығы болып табылады. Сондықтан да, үйірмелер мен секциялар тұлғаның ішкі әлеуетін ашуға мүмкіндік жасай отырып, балалардың табиғи қабілеттерінің көптүрлілігін ескеру қажет. Маманның басшылығымен адам біртіндеп болашақта өзінің кәсіби қызметі болуы ықтимал жағын дамытады.

Инклюзивті білім аталған дамуы ерекше балалардың мақсаттарын ғана емес, сондай-ақ қандай да бір деңгейде басқалардан ерекшеленетін балалардың мақсаттарын да өмірде іске асыруға көмектеседі. Ия, олардың денсаулықтарында ақаулары бар, алайда олар өзі қатарлас ұжыммен араласқан кезде, олардың ортасына әлеуметтік кіріктірудің өмірлік маңызы бар факторына айналуы мүмкін. Аталған санаттардың бәріне оқытушы ұжымның ақпаратты жеткізу құралдары мен тәсілдерін модификациялаудың белгілі деңгейін қажет етеді. Мүмкіндігі шектеулі немесе ерекше қажеттіліктері бар баланы білім беру ортасына ҚОСУ және оқытудағы тәсілдердің ИКЕМДІЛІГІ – мұның бәрі инклюзивті білімнің негізгі мақсаттары болып табылады.

Сондықтан да қосымша білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты инклюзия үшін ресурстарды қалай түсінуі керек?

Біріншіден, барлық педагогикалық ұжымды инклюзияны және оның барлық балаларға беретін артықшылықтары туралы оңтайлы түсінуге тарту маңызды. Бұл дегеніміз аталған тақырыптарды анық және ашық талқылауды білдіреді.

Екіншіден, қосу бойынша жұмыс бір-екі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардан басталады, сонымен қатар олардың табыстары мен жеңілістерін мұқият бақылап отырып, қосылатын балалардың санын біртіндеп ұлғайту қажет.

Үшіншіден, педагогикалық процеске барлық қатысушылар үнемі өзара ынтымақтасуы қажет, бұл жетістікке жетуге көмектеседі.

Төртіншіден, міндетті түрде инклюзияны қолдауға арналған ресурстарды қолдануда қалыптан тыс тәсіл талап етіледі.

Бесіншіден, мектептен тыс ұйымдардағы инклюзияны алға жылжытуда басты рөл атқаратын қызметкерлер педагогикалық, оқушылар кеңесінің барлық қатысушылары арасындағы тең серіктестікті сақтау қажет. Олардың мойнында мектептің басқа қызметкерлеріне қарағанда инклюзияның жетістігін қамтамасыз етуде үлкен жауапкершілік жатыр.

Алтыншыдан, ата-аналарды серіктестер және процеске қатысушылар ретінде қабылдау маңызды.

Жетіншіден, мектептен тыс ұйымдардың басшылары барлық ұжымның және инклюзияны алға жылжытатын әр қызметкердің өзара әрекеттесуі мен өзара серіктестігін жеңілдетуі, сондай-ақ бірлескен қызметтерді үйлестіруі қажет.

Инклюзияны табысты жүргізген кездегі ең жақсысы – барлығы да жеңіске жетеді.

Атақты ғалым, қосымша білім беру педагогикасының мэтрі **В.П.Голованов** педагогтің денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалармен инклюзия жағдайында жұмыс істеу үшін диагностикалық, әдістемелік, психологиялық құрал-саймандары болмағандықтан, балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі инклюзивті білім беру «педагогикалық интуицияға» негізделіп құрылады және дамиды деп атап көрсеткен. Инклюзивті білім беруді іске асыру тәжірибесі балаларға қосымша білім берудің барлық бағыттарында анықталған, алайда көп бөлігі – дене шынықтыру-спорттық және көркемдік бағытта.

Практикалық бақылау және көптеген ғалымдардың теоретикалық негіздемелері өнердің әртүрлі түрлері: кескіндеме, мүсіндеме, музыка, би, театр және басқалары адамның шығармашылық өмірлік энергиясын оята отырып, үлкен педагогикалық және психологиялық қолдауға ие, тұлғалық есуді, дамуды ынталандырады және адамның физикалық және адамгершілікті денсаулығының қайнар көзі болып табылады. Кез-келген қоғамның руханилығының негізгі компоненті болып әлеуметтік-мәдени шығармашылықтың ажырамас бөлшегі сияқты халық мәдениеті табылады. Фольклор, қолданбалы халықтық шығармашылық, ескі ғұрыптар, әдеттер мен мерекелер – бұл біздің түпкі тамырымыз. Өз тарихына, өз елінің мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен қызығушылықсыз толыққанды өмір болмайды.

Баланың әлеуетін тану және оны дамыту, шынымен де өте күрделі, бірақ іске асыруға болатын нәрсе. Бұл үшін ең алдымен тілегі және төзімділік керек, сондай-ақ білім қажет. Қосымша білім беру құралдары арқылы дамып жатқан қабілеттерді анықтау, баланы дамытатын және оның өзін өзін адекватты бағалауын қалыптастыру бойынша жұмыс жүйесі қажет. Баланың қабілеттері тиісті нақты қызметтен тыс пайда болуы мүмкін емес. Олар білімге, білік пен дағдыға келіп тірелмейді, олар бұл білім мен дағдыларды меңгерудегі жеңілдікке, жылдамдыққа әсер етеді. Ал балалардың қабілеттерін өз уақытында анықтау және дамыту олардың тұлғалық дамуының кепілі болып табылады. Балаларға зейін, құрмет, түсіністік пен қатысу қажет.

Осылайша, қосымша білім ерекше қажеттіліктері бар балаларға көркем-эстетикалық, дене шынықтыру-спорт, мәдени-бос уақытты қамту және

қызметтің басқа да түрлерімен сау балалармен қатар ешқандай кедергісіз айналыса отырып, өз күштері мен мүмкіндіктерін сынап көруіне көмектеседі.

Қосымша білім – табысқа жету арқылы білім алу. Мұндай білім алу процесінде әр баланың жетістік жағдайын сезіну мүмкіндігі шексіз, бұл оның өзін өзі бағалауын арттыруға, оның жеке абыройын бекітуге оң әсер етеді. Сонымен қатар, қосымша білім «ерекше» балаларға қоғамның толыққанды мүшесі болып сезінуіне мүмкіндік беріп қана қоймайды, сондай-ақ сау балаларды жанашырлыққа, басқа адам туралы ойлауға, оған көмектесуге, оның тұлғасынан тең және тең құқықты серіктесті көруге үйретеді.

Сау тәрбиеленушілермен денсаулықтарында проблемалары бар балалардың өзара әрекет етуі бойынша мақсатты қызмет ету қажет. Әлеуметтік педагогтер «ерекше» балаларға төзімділік қарым-қатынасын қалыптастыратын, адамзаттың ең жақсы қасиеттерін дамытатын (жауапкершілік, мейірімділік, көмектесу қажеттілігі және басқа адамның абыройын құрметтеу) іс-шаралар жүйесін әзірлеу қажет. Бұл әңгімелесу, пікірсайыс өткізу, берілген тақырыпқа арналған бейне сюжеттерді, фильмдерді, бағдарламаларды бірлесіп талқылау, тренингтер, рөлдік ойындар және бірлескен жобалық қызмет, мәдени-бос уақытты қамту іс-шаралары арқылы мүмкін болады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен жұмыс жүйесін әзірлеу қажет. Қазіргі кезде жұмыс істеп жатқан кеңес беру қызметінен басқа, оқыту семинарларын, дөңгелек үстел, ақпараттық қолдау көрсету, мүгедек балалары бар және денсаулығында ақаулары бар отбасыларға көмек және қолдау көрсете алатын қоғамдық және әлеуметтік ұйымдардың өкілдерімен кездесу ұйымдастыруды өткізуге болады. Бұл қызмет күрделі және дамытуды қажет етеді.

Осылайша, қосымша білім беруде инклюзияны іске асырудың басты шарты мыналар болуы қажет.

Бірінші шарты – инклюзивті білім беруді ресурстық қамтамасыз ету, балаларды оң әлеуметтендіруді қамтамасыз ететін қосымша білім беру ортасы. Материалдық-техникалық база балалардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне жауап беруі қажет, санитарлық, өртке қарсы нормаларға және тек жалпы білімнің ғана емес, сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жұмыскерлерінің еңбекті қорғау нормаларына сәйкес болуы керек.

Осыған байланысты, білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету құрылымында төмендегілерге қойылатын талаптардың ерекшеліктері көрінуі керек:

ерекше білім беру қажеттілігі бар бала оқитын кеңістіктікі ұйымдастыру;

оқытудың уақыт тәртібін ұйымдастыру;

мүмкіндіктері шектеулі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудағы компьютерлік құралдарды қоса алғанда оқытудың техникалық құралдарын;

мүмкіндіктері шектеулі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келетін және таңдалып алынған бағдарламаның нұсқасын іске асыруға мүмкіндік беретін арнайы оқулықтармен, жұмыс

дәптерлерімен, дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету.

Қосымша білім беруді ақпараттық-білім беру ортасы технологиялық құралдарды (компьютерлер, экрандары бар мультимедиялық проекторлар, интерактивті тақталар және басқалар), ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқу-танымдық және кәсіби міндеттерді шешудегі білім беру процесіне барлық құзыретті қатысушылардың ақпараттық өзара әрекеттесуінің мәдени және ұйымдастырушылық формаларын, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда қолдау көрсететін қызметтердің болуы қажет.

Екінші шарты – білім беру процесіне барлық қатысушыларды (білім беру ұйымының басшыларын, педагогтерді, ата-аналарды, балаларды) ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен өзара әрекеттесуге дайындау.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда, тәрбиелеуде және әлеуметтік бейімдеуде табысқа жету білім беру ұйымының басшысы мен педагогикалық ұжымның кәсіби дайындығына байланысты болады. Қосымша білім беру ұйымдарының басшылары, педагогтері және қосымша білім қызметкерлері ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс бойынша курстардан өтуі қажет. Педагогтерді оқыту курстық дайындық, ұдайы өткізіліп тұратын семинар формасында тұрақты жүргізілуі керек.

Арнайы жағдай орнату, ілтипатпен қарсы алу және оқу-тәрбиелеу процесінің барынша түзетуге бағытталуы қосымша білім беру ұйымының әкімшілігіне байланысты болады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қосымша білім берудің білім беру ортасына қосу олардың қалыпты дамып келе жатқан қатарларының ұжымында тең дәрежеде оқуын болжайды. Әкімшілік, педагогтер сау балалардың, олардың ата-аналарының мүмкіндіктері шектеулі балаларға деген оң көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары білім беру процесінің белсенді қатысушылары болуы керек. Психолог ата-аналарға оқыту және тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлейді. Ата-аналар үшін әңгімелесу, оқыту семинарлары, дөңгелек үстелдер, денсаулығында ақауы бар баласы бар отбасыларға көмек және қолдау көрсете алатын қоғамдық және әлеуметтік ұйымдардың өкілдерімен кездесулер өткізіледі.

Әкімшілік оқу жылының барысында мүмкіндіктері шектеулі балалар мен олардың ата-аналарының білім беру қажеттіліктерін зерттеуге үлкен назар аударады. Балалар мен олардың ата-аналарының білім беру қажеттіліктері дегеніміз баланың білім беру және тәрбиелеу қызметіне қатысты күтетін үміттері және субъект ретінде оған бағытталған сабақтан тыс қызмет, қосымша білім беру жүйесіндегі үйірмелер арқылы қанағаттандырылатын тілектерін түсінуге болады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың, олардың ата-аналарының білім беру қажеттіліктерін зерттеу баланың жеке білім беру жолын, жеке педагог қызметінің бағдарламасын құруға мүмкіндік береді, педагогикалық мақсаттарды, оларға қол жеткізу тәсілдерін түзетуге мүмкіндік береді, ата-аналардың қанағаттану деңгейін арттыруға көмектеседі, соңында барлық балалардың толыққанды білім алуына тең мүмкіндікті мемлекеттік кепілдендіруді қамтамасыз ету үшін жағдай жасалады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру

қажеттіліктерін зерттеу әкімшілікке мүмкіндіктері шектеулі балалармен инклюзивті оқытуды ұйымдастыру тәртібін анықтауға, педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жұмысының жоспарын қалыптастыруға, білім алушылар мен олардың ата-аналарының қажеттіліктері туралы алынған нақты ақпараттар негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Білім беру процесінің сапасы жылдық жұмыс жоспарының сауатты құрылуы мен іске асырылуына байланысты болады, оның мақсаты – педагогикалық қызметті реттеу, педагогикалық процестің жоспарлығын, басқарушылығын және жүйелілігін, сондай-ақ нәтижелердің сабақтастығын қамтамасыз ету.

Бүгін оқу жылы бойына білім беру қажеттіліктеріне мониторинг жүргізу, білім беру қызметіндегі барлық қатысушылардың жауапкершілігін бөлу және рөлін арттыру негізінде білім беру ұйымы дамытуды қамтамасыз етудегі диагностикалық құрал-жабдықтардың нәтижелерін қолдану – бағдарламаны меңгеру процесіндегі білім алушылар мен олардың ата-аналарының білім беру сұраныстарын зерттеудің маңызды кезеңі болып табылады.

Үшінші шарты – балаларға қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. Балаларды психологиялық қолдау баланың дамуы, олардың өз қызметін, мінез-құлқын игеруі және өмірлік өзі өзі анықтауына дайындығын қалыптастыру мақсатында оқытудың барлық кезеңдерінде жүргізіледі. Оқу-тәрбие процесіне қатысушыларды психологиялық қолдау педагогтермен, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен және осы санаттағы балалардың ата-аналарымен жұмыс сияқты қызмет түрлері арқылы жүзеге асырылады. Педагогтермен жұмыстың мақсаты ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту және тәрбиелеумен байланысы сұрақтар бойынша олардың психологиялық құзыреттіліктерін арттыру болып табылады.

Педагог-психологтің ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмысының негізгі бағыты болып диагностикалық, түзету және дамыту жұмысы, аталған санаттағы балаларды тәрбиелеп отырған педагогтермен және ата-аналармен алдын алу шаралары және кеңес беру жұмысы болып табылады. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық қолдау моделін құрудағы басқа мақсат қосымша білім беру ұйымына әрі қарай табысты кіріктіруді қамтамасыз ететін баланы қолдаудың құралын әзірлеу болап табылады.

Психолог бір топ педагогтермен бірге білім беру бағдарламасын меңгеруге бағытталған әртүлі старт мүмкіндіктері бар білім алушылардың қызметтерін анықтайды. Қосымша білім беру бағдарламаларын бейімдеуге қойылатын талаптар ерекше білім беру қажеттіліктерін, көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған, аутистік спектрі бұзылған мүгедек балалардың жас және психофизикалық ерекшеліктерін және талаптарды тағылымдамалық (пилоттық) аяндарда енгізу қажеттілігін ескереді. Білім беру бағдарламаларын бейімдеудің мақсаты балалар-ересектер қоғамдастығындағы тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашу, өмірлік және әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады.

Оқу жылы ішінде сау тәрбиеленушілердің денсаулығында ақауы бар балалармен өзара әрекеттесу бойынша мақсатты қызмет жүргізіледі. Әлеуметтік педагогтер мүмкіндіктері шектеулі балаларға деген төзімділік

қатынасты қалыптастыратын іс-шаралар жүйесін әзірлейді. Бұл әңгімелер, пікірсайыс, бірге қараған бейне сюжеттерді, фильмдерді, берілген тақырыпқа арналған бағдарламаларды талқылау, тренингтер, рөлдік ойындар және бірлескен жобалық қызмет, бос уақытты мәдени қамту іс-шаралары арқылы мүмкін болады.

Осылайша, қосымша білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін белгілі орта, қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі, «педагог-психолог/дәрігер-ата-ана» шеңберін үйлестіру болса, мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру қажеттіліктерін сапалы іске асыру мүмкін болады. Инклюзия бағдарламасын қосымша білімде табысты іске асыру арқылы, балаларды жалпы білім жүйесіне кіріктіруге болады, бұл ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды әрі қарай әлеуметтендіруге және дамытуға ықпал ететін болады.

Көркем-эстетикалық, музыкалық бағыттары бойынша балаларға қосымша білім беру ұйымдары мен педагогтерінің жұмыс тәжірибелері

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың инклюзивті түрі балалар музыка мектептерінің, көркемөнер мектептерінің және өнер мектептерінде өз орнын берік алады. ҰБДҚ мәліметтері бойынша республикада **346 балалар музыка, көркемөнер және өнер мектептерінде 511** ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқиды, оның ішінде Қарағанды облысында –109 бала, Шығыс Қазақстан облысында – 137 бала.

2017-2018 оқу жылында **Өскемен қаласының №1 Балалар музыка мектебінде** қалалық білім беру бөлімінің «Мен, сен, ол – тату отбасымыз» жобасы аясында «Фортепиано» аспапты сыныбында аутизм, инсулинге тәуелді диабет, сол жақтағы гемипарез, ювенильді идиопаттық артрит диагнозы бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар төрт бала оқиды. «Фортепиано» білім беру бағдарламасының мақсаты оқушылардың табиғи мүмкіндіктерін ескере отырып, музыкалық дамыту, тұлғаның жалпы рухани мәдениетінің бөлігі ретінде музыкалық-эстетикалық санасын қалыптастыру болып табылады. Қойылған мақсат барынша атақты қазақ, орыс, шетел композиторларының шығармашылығымен, классикалық музыка шығармаларымен, ноталық сауатпен танысу арқылы іске асырылады. О.Н. Неверова, М.Ю. Маслова, Т.Г. Матвеева педагогтер, музыкалық материалды пайдалана отырып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға белсенді ықпал етеді, балаларға өнермен араласу бойынша үлкен тәжірибе береді, олардың өмірлерін қанық әсерлерге толтырады. Музыкамен араласу дамуы ерекше балаларға оң психоэмоциялық әсер етеді.

Білім беру бағдарламасын іске асыру мерзімі болжаммен бес жыл және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психикалық-физикалық ерекшеліктерін ескере отырып құрылған. Педагогтер сабақ қызметінің әртүрлі түрлерін жүргізеді, бұл музыкатерапия арқылы психикалық жүктемені, қимыл белсенділігін үйлестіруге және психосоматикалық қысымды түсіруге мүмкіндік береді. Педагог-музыкант жұмысының практикалық құрамдасы

түзету тобының балаларын оқытудың белгілі қағидаттарына негізделеді. Мұндай балаларға жылдам шаршау, көңіл-күйінің тұрақсыздығы және метеотәуелділік тән. Танымдық қызығушылықтары деңгейінің төмендігі көрнекілік қағидатын, баланың күнделікті өмірімен және оны қоршаған әлеммен байланысты анық иллюстрацияны қамтитын уәждемелік құрамдасын ынталандыруды білдіреді.

Жоғары психикалық функцияларының (ойлау, зейін, жады) толық жетілмеуі сабақты жүргізудегі белгілі тәртіпті, әдістемелік тәсілдердің алмасуын және материалдың қайталануын болжайды. Педагогтер сабақта физиологиялық және сөйлеу тынысын дамыту үшін ойын жаттығуларын, пианистің қимылдарын ұйымдастыру үшін ойындар, аспапта ойнау кезінде ойын жаттығуларын, музыкамен сурет салу, еркін қимылдар мен билер, музыканы талқылау және әңгіме құрастыру жүргізіледі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс әдісін таңдау музыкалық білімнің міндеттерімен анықталады.

Шымкент

қаласындағы Балалар өнер мектебінің де ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту тәжірибесі бар. Педагог С.А. Клунная бес жыл бойы көру қабілеті бұзылған (көрмейтін, нашар көретін) балаларды фортепианода ойнауға



үйретеді. Оқытудың ең басынан бастап, баланың ешқандай білімі мен біліктеріне ие болмай тұрған кезінде, ол музыкаға терең белсенді енеді, формамен, құрылымымен, музыкалық тілдің элементтерімен, адамның ойын музыкалық шығарма арқылы жеткізу тәсілдерін үйренеді. Қабылдау, есту, эмоциялы және моторлық-қимылдау жүйесін белсендіру арқылы жүзеге асырылады. Фортепиано сыныбында инклюзивті оқыту – аспапта ойнауға мүмкіндік берумен қатар, кеңістікте бағдарлануға үйрету, есту қабілетін өзі бақылауды дамыту, дыбысталудың сапасы, саусақтар қимылының ептілігі, аспапта ойнау кезінде қолдарды үйлестіру, оңтайлы қимылдарды меңгеру, дұрыс шығару, шығармаларды мәнерлеп орындау білігі және басқаларына оқыту сияқты түзету міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін арнайы іс-шаралардың тұтас жүйесі.

Көру кемістігі бар балаларды оқыту кезінде педагог алғашқы сабақтарда қолдарды босатуға ерекше көңіл бөледі. Білім алушы кеңістікте нашар бағдарланады, осыған байланысты клавиштер қатарындағы арақашықтықты есте сақтау үшін көп жаттығу жүргізіледі. Көзі көрмейтін білім алушы үшін жақын орналасқан клавиштер, әсіресе жылдам ойнау қажет болған кезде гаммаларды үйрену кезінде көзі көретіндерге қарағанда көп уақыт қажет болады. Көзі көрмейтіндер Брайль ноталары бойынша оқиды, барлық шығармаларды есту арқылы жаттайды. Сабақтарда педагогтің білім

алушымен эмоциялық-сезімдік байланысу әдісі қолданылады. Қимыл процесін үйлестіру үшін көлемді және қимыл бағыттарына, қимылдың сипатына және жылдамдығын сезінуге арналған жаттығулар қолданылады.

Көру кемістіктері бар балаларды оқытудың қиындығына қарамастан, баланы оң уәждемелеу және дұрыс педагогикалық тәсілді қолдана отырып, олардың жақсы нәтижеге қол жеткізуі мүмкін екендігін практика көрсетіп



отыр. Фортпианода ойнауды үйрене отырып, көрмейтін балалар тұлға ретінде ашылады, көздері көретін балалармен жақсы араласады, олармен бірге концерттерде өнер көрсетеді. Бұл көретін балаларға да, көрмейтін балаларға да тәрбиелік

және әлеуметтік пайда алып келеді. Кемістігі бар балаларды фортпианода ойнауға оқыту бойынша білім беру бағдарламасы, сондай-ақ ол жердегі ерекше әдістемелік тәсілдер медициналық диагноздары әртүрлі балаларды музыкаға оқыту және тәрбиелеу практикасында кенінен қолданылады.

Өскемен қаласының № 15 Балалар өнер мектебінде «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың музыкалық логоритмика құралдары арқылы хормен ән айту сабақтарында ерекшелігін дамыту». Педагог Харламова Е.А. №8, 15 жалпы білім беретін мектептердегі түзету сыныптарында оқитын білім алушылармен айналысады (он бір бала «психофизикалық дамуының артта қалуы», жиырма екі бала сөйлеу қабілеттерінің бұзылуы диагнозы бар балалар). Бірінші оқу жылында балалар хор өнері түсінігімен, тыныс алу гимнастикасымен, Г. Струве жүйесі бойынша қол белгілерімен, музыкалық ойындармен танысады және хормен ән айтудың негізгі дағдыларын үйренеді. Екінші оқу жылында балалар жаңа хор тәсілдерімен, жаттығулармен және вокалдық жаттығулармен танысады және музыкалық сауаттың базалық негіздерін меңгереді. Үшінші оқу жылында балалар музыкалық сауат негіздерімен, вокалдық-хор, логоритмикалық жаттығулармен, қимылды ойындармен танысуды жалғастырады, педагогтің басшылығымен өздерінің музыкалық-шығармашылық қызметтерін құруды және ән репертуарын таңдауды үйренеді. Жалпы қабілеттерді зерттеу мониторингінің нәтижелері бойынша (танымдық белсенділік, қабылдау, жады, ойлауының ептілігі, еңбекке қабілеттілігі, байланысқа шығуы, жылдам араласуы, эмоциялық мейірімділігі) оң динамиканы көруге болады. Хормен ән айту бойынша білім беру бағдарламаларын қолдану балалардың жалпы физиологиялық дамуына ықпал етеді, бұл қабілеттерінің дамуына сөзсіз әсер етеді.

Арнайы қабілеттерін (ырғақ сезімі, лад сезімі, интонация, тембрлік бояу, дикция, музыкалық-есту қабілеттері) мониторингтің алған мәліметтері жоғары нейрондық қызметтің көрінуі болып табылатын интонация, лад сезімі және әсіресе жады туралы айтуға мүмкіндік береді. Жобаның педагогикалық

мақсаты мүмкіндіктері шектеулі балалардың зияткерлігі мен тілінің дамуына ықпал етеді, олардың музыкалық қабілеттерінің белсенді дамуына жағдай жасайды, олардың табысты әлеуметтенуіне және өздерінің жеке құндылығын және заманауи қоғамдағы маңызын сезінуге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасын іске асыру нәтижесі психикалық сөйлеу дамуына артта қалған балалармен жұмыс істеу кезінде өзінділігін дамыту құралы ретінде музыкалық логоритмиканы қолдану бойынша әдістемелік оқулықты құру болып табылады. Толық оқу-тақырыптық жоспардың, сабақтардың дайын технологиялық карталарының болуы республиканың педагогтеріне аталған бағдарламаны өздерінің хормен ән айту сабақтарына еркін енгізуге көмектеседі.

№ 1 Қарағанды облыстық мектеп-интернатында көздері көрмейтін балаларды музыкаға оқыту үшін жағдай жасалған. Аспапты (фортепиано, домбыра, баян), вокалдык сыныптардағы сабақтар **№ 1 Балалар өнер мектептерінің** педагогтері жүргізеді. Сабақтарда педагогикалық араласу, психологиялық жағдайды құру, табыс жағдайын құру және коммуникативті қабілеттерін дамыту сияқты педагогикалық технологиялар қолданылады. Көрмейтін балалар үшін байланыста болу қажет. Бірінші сабақтан бастап педагогтер музыканың көмегімен әртүрлі тәсілдермен білім алушылармен сөйлесуді үйренеді:

1) білім алушы педагогтің ойнағанын тыңдайды және нені естігені туралы сөзбей айтып жеткізеді;

2) білім алушы педагогтің ойынын тыңдайды және қолының қимылымен әуеде қандай музыка ойнап жатқанын көрсетуге тырысады (қатты дыбыс – ақырын дыбыс, баяу - екпінді, жылдам - ақырын). Педагог музыканың сипатына денесінің мәнерлігіне, бетінің мимикасына сәйкестігіне назар аударады;

3) музыка ойнап тұрады, білім алушы үстелде отырып, қолымен ауада музыкалық фразаны баяу доғалдап «суретін салады». Қимылды жақсылап есептеу қажет, фразаның соңында қолдар үстелге қайта тиісі керек. Бұл тапсырмаға қолдардың ұқсас қимылын үйлестіре отырып, әуеннің жоғары және төмен анық қимылдары бар музыканы таңдаған жөн;

4) музыкадағы интонациямен танысу адам сөйлеген кездегі интонациямен салыстыру арқылы іске асырылады. Бала екі-үш сатылы әуендерді ойнап үйрене сала, оған «олармен сөйлесу» (қатал, мейірімді, көңілсіз, көңілді) ұсынылады.

Көздері көрмейтін балаларда әртүрлі деңгейдегі қимылдарының бұзылуы, әсіресе бұлшық ет тонусы жоғары болады. Қимылдардың илгіштігі мен еркіндігі бағытындағы түзету музыка ойнау үшін де, сондай-ақ жалпы өмірге бағытталуы үшін де маңызды. Тынысты ұйымдастыру осыған байланысты белгілі мәнге ие болады. Тынысқа арналған жаттығулар алғашқы сабақтардан бастап музыкамен сүйемелденіп орындалады. Ең дұрысы оларды эмоциялы жандандыру, оларға ойын сюжеттерін ойлап табу. Әрі қарай аспапта ойнау кезінде әрқашан қолдардың «тынысына» назар аударылады.

Қимыл процесін үйлесімді ету үшін мыналарға бағытталған жаттығулар қолданылады:

1) көлемді және қимылдың бағытын (жоғары – төмен, үлкен – кіші),

қимылдың сипатын және жылдамдығын (баяу – екпінді, жылдам – ақырын) сезіну;

2) тұтас қолды саусақтардың ұсақ моторикасымен біріктіретін ірі қимылдарды ұсақ қимылдармен үйлестіру.

Бала өзі аздап қана ойнайды, алайда басқа тәсілдермен музыканы ойнауға дейінгі кезеңнен бастап, аталған бағыт оқытудың барлық кезеңдерінде де өз белсенділігін жоғалтпайды. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, көздері көрмейтін балалармен ойын қимылдарын арнайы ұйымдастыру, көретін балаларға қарағанда көп уақытты қажет етеді. Әсіресе білім алушының қолы педагог қолының үстінде тұрған кезде қимылдарды денеге бағдарлап көрсету тәсілі ерекше орын алады. Осылайша, қимылдардың контурларын көрсетеді.

Клавиатурада бағдарлануға ерекше орын бөлінеді. Көзі көрмейтін балалар ойнаған кезде қолдар мен саусақтар қозғалысының максималды еркіндігіне қалай қол жеткізуге болады? Бұл жердегі әр клавишаны алдын ала «басып көру» тілегі басты кедергі болады. Алайда көздері көрмейтін баланың бұл тілегі қалыпты жағдай, ол баланың клавиатураны баспай жүргізуінің мүмкін еместігі туралы ойын жеңгенде ғана, қол тигізбей отырып, ойнау кезіндегі еркіндік пен тәуелсіздікке қол жеткізуге болады. Ноталық сауатты Брайль системасы бойынша нүктелік-бедерлі шрифтпен оқыту айтарлықтай күрделі, оны меңгеру ұзақ мерзімді талап етеді, сондықтан да көздері көрмейтіндер нотасыз, есту арқылы ғана ойнауға мәжбүр болады. Әуендерді есте сақтау және талдау дағдылары ноталық кезеңде басталады, себебі бұл кезде Брайль жүйесі бойынша әр қолға арналған ноталарды жеке оқуға тура келеді, тек сосын ғана оларды ойша қосып, артынан клавиатураға түсіреді.

Осылайша, оқытудың басынан бастап-ақ, ешқандай білім және білікке ие болмай тұрып, музыкаға белсенді енеді, формамен, құрылыммен, музыка тілінің элементтерімен және адамның ойын музыкалық шығарма арқылы жеткізу тәсілдерімен танысады. Есту, эмоциялық, моторлы-қозғалыс жүйесін белсендіру арқылы қабылдау іске асырылады.

Теміртау қаласының №2 Балалар музыка мектебінің хор, фортепиано бөлімдерінде (педагогтер – Асаанова Г.Т., Савченко О.Г.) сөйлеу қабілеттері терең бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернатының 26 тәрбиеленушісі оқиды.

Ән айту сөйлеу қабілеті терең бұзылған білім алушылар үшін үлкен түзетушілік мәнге ие. Педагогтің жұмысы логопедтің қызметімен тығыз байланысты және оның тілді түзету бойынша жұмысына өзіндік қосымша болып табылады. Педагогке сөйлеу патологиясы бар балалардың сөйлеу емес және сөйлеу процестерінің даму, тәрбиелеу және түзету ерекшеліктерін білу қажет. Балалардың даму ерекшеліктері музыка сабақтарын өткізу ерекшеліктерінде көрсетіледі.

Хор сабақтарындағы жұмыстың негізгі қағидаты – балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі тұлғаға бағдарланған тәсіл. Мұндай тәсіл кезінде білім алушының тұлғасы, оның даралығы педагогтің назарында болады. Білім беру процесіндегі ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану – заманауилықтың көрсеткіштерінің бірі. Хор сабақтарында сандық және электронды ресурстар белсенді қолданылады: аудио, бейне материалдар, әртүрлі графикалық, мәтіндік құжаттар, Интернеттің мүмкіндіктері.

Сөйлеу қабілеттері бұзылған балалармен жұмыста денсаулық сақтау технологиялары қолданылады. Сабақтарда бұлшық ет тырысуларын босататын дене жаттығулары, көңіл-күйді көрсететін суырып салма жаттығулар, тыныс алу жаттығулары, балалардың интонациялық есту қабілеттерін, қимылдарын, өзін-өзі бағалауды көтеретін жаттығулар, ойындар, шоғырландыруға, жинақтала білуге, босаңсуға, дағдарысты жоюға арналған жаттығулар қолданылады. Балалармен жүргізілетін сабақтар динамикалық ширату, саусақ ойындары, көзге арналған гимнастика түрінде іске асырылатын дене шынықтыру-сауықтыру технологияларынан жеке қарау мүмкін емес. Аталған қызмет түрлерінің мақсаты денсаулықты нығайту, ақыл-ойы және дененің еңбекке қабілеттілігін арттыру болып табылады. Ойын технологияларын қолдану оқу-тәрбиелеу процесіне тартымды форма береді, жаттығуларды естерінде сақтау және меңгеру процесін жеңілдетеді, сабақтардың эмоциялы күйін арттырады және баланың ойлауын, қимылын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Дыбысты шығаруға және дикцияның анықтылығына ерекше көңіл бөлінеді.

Білім алушының хал жағдайына әсер ететін маңызды факторлардың бірі, нәтижесі ретінде – оның денсаулығы, сабақ кезіндегі психологиялық қолайлылық болып табылады. Осылайша, баланың қимыл дағдыларын түзету және жақсарту жүреді, бұл сөйлеу бұзылысын табысты түзеу үшін маңызды. Ән айту – дыбыс құраудың күрделі процесі, ол жерде есту қабілеті мен дауысты үйлестіру маңызды, балалармен ән сабағын өткізу кезінде ән айту бойынша түзету жұмысы тек дыбысты дұрыс қоюмен шектелмейтіндігіне байланысты, жұмыс логопед пен психологтың (балалар музыка мектептерінің штатты кестесінде логопед, психолог жоқ болғандықтан, оларды мектеп-интернаттан шақыртамыз) жұмысымен келісіліп жүргізіледі.

Моторлы бұзылыстары бар балаларға фортепианода ойнауды үйрету кезінде келесілерді ескеру қажет:

Балалармен психологиялық және педагогикалық байланысты орнату, олармен «бір толқында» болу, олардың не сезінетіндіктерін, не ойлайтындарын түсіну;

қолдар мен саусақтардың қалпын дұрыстау бойынша жұмыс (бұлшық ет (механикалық) жады өте нашар дамыған). Балаға басқа саусақтарын қимылдатпай, бір саусағын қимылдату қиын, сондықтан да, мысалы, клавишке бір саусағын емес, екі саусағын бірдей – бірінші және екінші саусағын қойған жеңіл. Бұл кезде қол біршама доғал күйге келеді, осылайша бір дауысты әуендерді бірнеше ай ойнауға болады, алдымен әр қолмен жеке, сосын екі қолмен бірге;

бұлшық ет жадының біршама көлемін көру, логикалық, тактильді жады арқылы орнын толтыру. Түсіндіру, көрсетумен қатар, такесиканы – жанасу арқылы араласуды қолданған абзал – білім алушының арқасында немесе қолында ойнау сияқты, осылайша дыбыс шығарудың бағытын, күшін, сипатын көрсету;

қолдың ұсақ моторикасын дамыту – саусақ ойындары. Ол бала үшін қызықты болады және тілінің, шығармашылық қызметтерінің дамуына ықпал етеді. Бала ұйқасты жұбатқуларды, әңгімелерді, ертегілерді, өлеңдерді сахналап, оқытушының қимылдарын қайталап, қол моторикасын белсендіреді;

кол және тіл моторикасының өзара тығыз байланысы (фортепианода ойнаумен үйлестіре отырып әндерді, жаңылтпаштарды айту, өлең оқу).

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың музыка мектебінде оқуы – бұл сахнада өзін пианист, әнші немесе жеке орындаушы-вокалшы ретінде көрсету мүмкіндігі. **Қарағанды облысының Атасу ауылындағы балалар музыка мектебінің** білім алушысы аутизммен ауыратын Блялов Ернар вокал сыныбында оқиды (педагогі - Кадирбеков Н.С.). 2017 жылы Ернар Халықаралық «Гармония» фестиваль-байқауының жеңімпазы, Дарынды балаларға арналған «Астана жұлдыздары» республикалық байқауының лауреаты атанды. **Алматы қаласының № 10 Балалар музыка мектебінде**



фортепиано сыныбында Юсупова Самира (диагнозы екі жақты нейросенсорлы керемдік) үш жылдан бері оқиды, 2017 жылы ол қалалық музыкалық фестивальдің лауреаты атанды (педагогі – Сахарбекова Е.В.).

Сахнада жиі өнер көрсету мүмкіндіктері шектеулі балаларға комплекстерден арылуға көмектеседі, олардың өзін-өзі бағалауын арттырады және оларды тез тіл табысатын, араласуда ашық-жарқын ете түседі. Балалар музыка мектептеріндегі инклюзивті білім беру өзекті бола бастады, алайда арнайы әдебиеттердегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың көптеген проблемалары бар. Педагогтер үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың түрлі санаттары, олардың білім беру және тұлғалық кеңістігіне сәйкес әзірлеу музыкалық аспаптарда ойнауды, вокал, музыка әдістемелік ұсыныстар ойнаудың ұжымдық формаларына оқыту үшін арнайы әдістер бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу қажет.

Мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыстың мазмұны мен формалары балалар көркемөнер мектебінің білім беру бағдарламаларын меңгеруде, білім алушылардың физикалық және психикалық дамуындағы кемшіліктерді түзету және оларды әлеуметтік бейімдеуге кешенді көмек жүйесін құруға бағытталған. **2004 жылдан бастап Көкшетау қаласының Балалар көркемсурет мектебінде** нашар еститін балалар оқиды. Мектептің бағдарламаларын іске асыруы бірқатар басым мәселелерді шешуді болжайды, олардың ішінде дарынды балалармен және жасөспірімдермен жұмыс, сондай-ақ денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жүйесін дамыту болып табылады. Бұл міндеттерді шешу уақытылы және мақсатты болып табылады, қосымша білімнің барлық санаттағы балаларға қолжетімділік қағидатын іске асыру болуы мүмкін.

Білім беру міндеттері біліктілігі жоғары санатты педагог Н.А. Булгакова әзірлеген «Нашар еститін балаларды арттерапиялық технологиялардың элементтерімен бейнелеу өнеріне оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша шешіледі. Білім алушылардың диагноздары – есту қабілеті бұзылған балалар. Білім беру бағдарламасы бірлескен қызметте

құрылған сенім мен тұлғалық жетістік атмосферасын құру арқылы нашар еститін балаларды әлеуметтендіруді, олардың рухани және шығармашылық дамуын және кәсіпті түсініп таңдауын қамтамасыз етуді ескеріп әзірленген.

Білім беру бағдарламасын Көкшетау қаласының Білім бөлімі бекітіп (2014 жылғы 21 желтоқсандағы № 336 бұйрық) және Ақмола облысының білім беру департаменті нашар еститін балаларды оқыту үшін әрі қарай енгізуді ұсынған (2005 жылғы 22 ақпандағы №07480 бұйрығы). Аталған бағдарлама 2011 жылы Республикалық балалар пленэрі - шеберлік сыныбында апробациядан өтті.

Білім беру бағдарламасының мақсаты тек эстетикалық қажеттіліктерін дамыту ғана емес, сондай-ақ жалпы және көркемдік дүниетанымын кеңейту, баланың әлеуетті мүмкіндіктерін шығармашылықтың практикалық көркемдік қызметін белсендіру,

коммуникативті, регулятивті және катарсистік функцияларды орындай отырып, балаланың эмоциялы жағына әсер ететін бейнелеу өнерінің практикалық әдістері арқылы психотерапиялық әсер ету.

Бейнелеу қызметі есту қабілеттері бұзылған балаларға өз ойын сөзсіз жеткізуге мүмкіндік береді. Бейнелеу қызметінің құралдарын қолдану (сурет салу, илеу, сәндік-қолданбалы өнер) уақыты мен қиялға әсер етуді жеңілдетеді, мінез-құлқының өзгеруіне ықпал етеді және бастамашылдығын дамытуға көмектеседі. Болашақта білім алушылардың суретші-сәндеуші мамандығын алу мақсаты көзделіп отырғандықтан, мектепте оқытылатын пәндер графикалық бейнелеу, кескіндеме, тұстану саласы, композиция негіздері бойынша негізгі білім мен білікті береді және әртүрлі көркемдік материалдармен жұмыс істеуді үйретеді.

Нашар еститін балаларды оқыта бастаған сәттен педагогтер балалардың шаршау деңгейінің жоғарылығын, зейін мен назар шоғырландыруының төмендігін, дағдарысқа жылдам түсетіндіктерін атап өтті. Білім алушылардың арасында жүргізілген сауалнама көптеген балалардың толық немесе отбасында тәрбиеленетінін, 40 % бала ауыр ауруға шалдыққанын, 50% эмоциялы тұрақты еместігін көрсетті. Басты себептер тек әлеуметтік және экологиялық өмір жағдайының бұзылғандығы емес, сондай-ақ отбасы институтының бұзылғандығы, балалардың мектептегі жоғары психофизикалық жүктемеге дайын еместігі, балалардың өздерінің эмоциялық жағдайын бақылай алмауы, өз сезімдерін талдай және көрсете алмауы болып табылады. Орныққан жағдайда түзетудің мүмкін болатын әдістері мен тәсілдерін қарастыра отырып, педагогтер арттерапия әдісін таңдап алды (бейнелеу терапиясы, батпақ терапиясы, құм терапиясы), ол әр баланы сурет



салумен, илеумен, конструкция жасаумен айналысуына, оның коммуникативтік және шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға, әртүрлі көркемдік материалдармен жұмыстың практикалық дағдыларына үйретуге, оның сөйлеу қабілетін жақсартады, ең бастысы баламен байланыс орнатуға көмектеседі.

Артпедагогика – тиімді инновациялық педагогикалық технологиялардың бірі, оны нашар еститін балалармен түзету-педагогикалық жұмыста қолдану әр балаға өзімен өзі болып қала беруіне, оның көзқарасында одан да табысты балалармен салыстырудан туындайтын жайсыздық, ұят, реніш сезімін бастан кешірмеуге, дамуына өз табиғатына сәйкес жылжуына мүмкіндік береді. 2008 жылы Балалар көркемөнер мектебінің арнайы сыныбының түлектері алғаш рет оқуды бітірді. Мүмкіндіктері шектеулі 7 баладан 4 түлек балалар көркемөнер мектебін үздік бітіру туралы куәлік алды. Мектептің түлегі Алексеев Олег мамандығы бойынша жоғары білім алды. Чубыкин Егор мен Голубев Евгений дизайнерлік фирмаларда жұмыс істейді.

2008-2009 оқу жылдарында педагогикалық ұжым 13 нашар еститін баланы еш кедергісіз ортада оқытуын жалғастырды. Қазіргі таңда 7 тәрбиеленуші оқуда, олар мектептің, қаланың, облыстың әлеуметтік мәдени ортасына жақсы бейімделді, барлық маңызды іс-шараларға қатысады. Білім алушылар халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық байқаулар мен көрмелердің жеңімпаздары болып табылады.

Ақтөбе қаласы Қалалық көркемсурет лицейінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту 2008 жылы басталды. Түлектердің бірі (есту қабілеті бұзылған диагнозы қойылған) Рахманберлин Елдос жоғары көркемдік білім алған. Қазіргі таңда мектепке тегін негізде қабылданған мүмкіндігі шектеулі бала сау балалармен бірге оқиды және дамиды. Көркемсурет лицейі – дамыта оқыту мектебі. Білім алушылардың қызметі сабақтың дидактикалық негізі болып табылады, олар тек сурет салып қана қоймай, сонымен қатар бақылайды, салыстырады, жіктейді, топтастырады, нәтиже шығарады және заңдылықтарды анықтайды. Олардың оқу материалымен іс-әрекеттері түрлендіру сипатына ие. Сабақтағы жұмысты ұйымдастыру мұғалімнің, білім алушының, сынып ұжымының арасындағы өзара байланыста болады. Оқу серіктестігі нәтижеге бағдарланған, нәтиже болып баланың меңгерген әрекет етудің жаңа тәсілдері болып табылады. Арнайы ұйымдастырылған

серіктестіксіз дамыта оқыту мүмкін емес. Оқу серіктестігі білім алуға, өзін өзі өзгертуге қабілетті адамды тәрбиелеуге бағытталғанда қажет. Сабақта балалар педагогпен, құрбыларымен және өз өздерімен серіктеседі. Дамыта оқыту ортасында мүмкіндіктері шектеулі балалар да оқиды, өздерінің сырқатына қарамастан олардың таланттары бар және биік белестерді бағындыруға талпынады, лицейдің шығармашылық өміріне белсенді атсалысады, әртүрлі деңгейдегі байқаулар мен көрмелердің жүлдегерлері мен жеңімпаздары атанады.

Қабибуллин

Қадырхан (балалық шағынан мугедек) лицейде 2012 жылдан бастап оқиды, «Балалар әлемді бейнелейді.

Қазақстан» (2017) Республикалық байқауының жеңімпазы. Қалиева Карина лицейде 2009 жылдан бері оқиды, «При сильной ООН мир становится лучше» (2015) республикалық фестивалінің, «Академия творчества клубов ЮНЕСКО» (2016) республикалық фестивалінің жеңімпазы.

Риддер қаласының Балалар көркемсурет мектебінде 2 бала оқиды: Звонцова Маргарита – артрогипоз диагнозы қойылған бала, балдақтың көмегімен жүреді, жалпы білім беретін мектепте оқымайды, оқыту үйде жүргізіледі. Екінші бала Ботова София ювенилды идиопаттық олигоартрит диагнозы қойылған, жалпы білім беретін мектепте оқымайды, оқыту үйде жүргізіледі, көркемсурет мектебіне ата-анасы алып келеді. Ғарышкерлер күніне арналған балалар суреттерінің, фото-суреттерінің, бұйымдарының және ашық хаттарының «Дорога к звездам» халықаралық байқауында 2 орын алды.

Екібастұз қаласының Балалар көркемсурет мектебінің педагогтері көптеген ақауларымен (екі немесе үш ақауы бар) 3 бала, Шымкент қаласының Балалар көркемсурет мектебінде (есту қабілеті бұзылған 31 бала) өз сабақтарында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды бейнелеу шығармашылығы әрқайсысының қалыпты жағдайы болатындай етіп оқытады, түсті бейнелі қабылдауды дамытады, кескіндеменің көркем мәнерлеу тілін, оның заңдылықтарын түсінуге, өзінің ішкі жағдайы мен көңіл-күйін жеткізуге және өзіне сенуге көмектеседі. Педагогтің балалармен және олардың ата-аналарымен өзара серіктесуінің нәтижесі олардың шығармашылық жасау, сурет салу, мүсіндеу, шеберлеу тілектері болып табылады. Балалар



көркемөнер мектептерінің білім беру бағдарламалары балаларды таңғажайып шығармашылық әлеміне енгізеді, баланың бейнелеу көркем конструкторлық қабілеттерін, қалыптан тыс ойлауын, шығармашылық даралығын дамытады. Көркемдік бағытты іске асырудың нәтижесі мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған физикалық және эмоциялық, оның ата-аналары (заңды өкілдері) үшін ашық, білім алушылардың психикалық және психологиялық денсаулықтарын сақтауды және бекітуді қамтамасыз ететін жалпы және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адекватты органы құру болып табылады.

2015-2016 оқу жылынан бастап **Өскемен қаласының №24 Балалар өнер мектебінде** қосымша білімнің аспапты, вокалдық-хор, сәндік-қолданбалы, театр, хореография бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары іске асырылады. Бүгінгі таңда қаланың жалпы білім беретін мектептерінің білім алушылары болып табылатын мүмкіндіктері шектеулі (аутизм, көздің көру қабілеті бұзылған, көптеген ақаулары бар) **21** бала оқиды. Мүмкіндіктері шектеулі балалар сау балалармен бір топта жеке бағдарламалар бойынша оқиды. Екі көзінің көз жүйкесінің жартылай артрофиясы диагнозы қойылған бала гитара сыныбында нотасыз жүйе бойынша оқиды, туа біткен ақауы бар бала (қолы жоқ) бейнелеу өнері сабақтарында жеке тапсырмалар орындайды.

Педагог пен оқушы сабақта білім алушының жеке өзін танытуына және оның тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған бірлескен білім беру қызметін құрады. Сонымен қатар, педагог әрбір білім алушының ерекшелігін қабылдайды, оқыту бағдарламасы толығымен баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне байланысты құрылады. Осылайша, педагогтің қайта бағдарлануы іске асады. Педагогтің ерекше балалармен жұмысы оның алдына келесі міндеттерді қояды: «мен педагог бола тұра балаға не бере аламын, оның шығармашылық өсуі үшін, оның шығармашылық әлеуетінің толыққанды ашылуы үшін қандай жағдай жасай аламын».

Тәрбиеленушілердің оқу қызметін ұйымдастырудағы осындай тәсілдің нәтижесі болып вокал-хор бөлімінің білім алушысы Мелихова Анастасия – қалалық және облыстық іс-шараларға бернеше дүркін қатысушы, «Адамдарға қуаныш сыйлаңыз!» денсаулық мүмкіндіктері шектеулі



балалардың қалалық балалар шығармашылығы фестивалінің жүлдегері, бейнелеу өнері бөлімінің тәрбиеленушілері Перевозчиков Эдуард – «Сенімді дос» халықаралық көрме-байқаудың қалалық кезеңінің жүлдегері, гитара сыныбының оқушысы Савинов Станислав – мектеп іс-шараларына ұдайы қатысушылардың нәтижелері дәлел болады. Мектепте үш жылдан бері «Жақсылық жаса!», «Біз – біргеміз!» қайырымдылық қоры жұмыс істейді.

2017 жылы желтоқсанда өнер мектебінің вокал-хор сыныбының білім алушылары және сәндік қолданбалы өнер студиясының тоқыма шеберлері мерекелік іс-шарада тоқылған заттар мен ойыншықтарды даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған оқу-тәрбие орталығының тәрбиеленушілеріне салтанатты түрде табыстады. Бос уақытты қамту іс-шаралары үлкен мәнге ие, олардың ішінде жаңа жылдық ойын сауықтыру бағдарламалары, оқу жылының басталуына және аяқталуына арналған концерттік-ойын бағдарламалары дәстүрлі болып қалыптасқан. Олар балаларға көптеген жаңа әсерлер береді, оң энергия сыйлайды, формалды емес, еркін жағдайда өздерін ойын және би



арқылы көрсетуге мүмкіндік береді. Қорыта келе, қосымша білім беру педагогінің басты міндеті тек білім алушылардың дағдылары мен білім алуы ғана емес, сондай-ақ олардың шығармашылық қабілеттерін барынша көрсетуі және дамытуы болып табылады. Бұл әсіресе денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға қатысты өте маңызды, себебі олардың

әрі қарайғы мазмұнды өміріне, олардың табысты өзін-өзі іске асыруына ықпал етеді.

Өскемен қаласы №15 Балалар өнер мектебінде «Импульс» хореографиялық ұжымын Косицына Любовь Георгиевна жетекшілік етеді, оның құрамында сау балалармен қатар психофизикалық даму ерекшеліктері бар 16 бала оқиды. Психофизикалық даму кемшілігіне эмоциялық ерік саласының дамуында ақау, жеткіліксіз танымдық белсенділік, зияткерлік қызметтің қалыптасқандығы, есте сақтау жады көлемінің төмендігі және сөз байлығының төмендігі жатады. Бұл жылдам шаршайтынымен қатар балалардың оқуын айтарлықтай тежейді, бұл білім алушыларға мектептің жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес пәндерді толық меңгеруіне мүмкіндік беретін оқытудың жолдары мен құралдарын іздеу қажеттілігін туындатады.

Би сабақтары арт-терапия немесе би-кимыл терапиясының қызметін атқарады. Би терапиясын бишілік ойындар құрайды. Педагог сабақ процесінде дене тренингін (негізгі жаттығулар және тұтас денемен жұмыс), кимылды ойындар (ырғақты ойын), еркін жаттығулар (суырып салу) құрайды. Тірек-кимыл аппаратындағы қалыптан тыс ауытқуларды жою және түзету үшін жеке жаттығулар, гимнастика және би этюдтері қолданылады. Осылайша, хореография жүйке жүйелік-психикалық қысымды босатуға ықпал етеді, тұйық, қысылғыш немесе араласуға әлсіз бағдарланған балалар үшін коммуникация процесін жеңілдетеді, өзіне деген сенімді арттырады және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағымды жағдай тудырады.

Осылайша, инклюзивті практика қалыптасуының осы кезеңінде балалар музыка, көркемөнер мектептері, өнер мектептері ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыстың технологиялық тәсілдеріне ие болады, оларды қолдану мұндай білім алушылардың ақыл-ой және тұлғалық дамуының тиісті деңгейіне жетуге көмектеседі. Алайда үлкен әдістемелік қолдау қажет — мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған білім беру бағдарламаларын талдау және бейімдеу, дидактикалық материалдарды әзірлеу, жеке білім беру жоспарын әзірлеу (жеке дамыту жоспары) және оны іске асыру, сабақтарды ұйымдастырудың жаңа формаларын қолдау және білім алушылардың жетістіктерін бағалау.

Әлеуметтік-педагогикалық бағытта қосымша білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды әлеуметтік оңалтудың технологиялары мен құралдары

Республиканың 190 оқушылар сарайлары мен үйлерінде 270 386 бала, оның ішінде 1970 ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар оқиды.

Орал қаласының Мектептен тыс жұмыс орталығында 2010 жылдан бастап ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың азамат ретінде қалыптасуына және қоғамдық өмірде өзін-өзі анықтауына ықпал ететін үлкен педагогикалық қызмет тәжірибесі жинақталған. Орталықта ерекше білім беру қажеттілігі бар **70 бала** оқиды (көздері нашар көретін, сөйлеу қабілеттері, тірек-қимылдары бұзылған балалар).

Үйірме жұмыстары, «Сенім көпірі» психологиялық тренингтері, «Өмір - кемпірқосақ» психологтің топтық сабақтары, шашка, шахмат, тоғызқұмалақ бойынша спорттық турнирлер, акциялар, сәндік-қолданбалы, бейнелеу шығармашылығы бойынша көрмелер және «Мөлдір бұлақтан», «Әкем, анам және мен – тату отбасымыз!» отбасылық шығармашылық фестивалі балалардың шығармашылық энергия, оң эмоциялық денсаулық, анықталған білім, білік және дағдыларды алуына мүмкіндік береді, олардың әрі қарайға өміріне де керек болады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды инклюзивті білім беру кеңістігіне қосу Орталыққа «Арман жолында!», «Инклюзивті білімге бірінші қадам» әлеуметтік жобаларын іске асыруға мүмкіндік берді. Әлеуметтік жобалар шеңберінде 6 пандус салынды, үйірме сабақтарын өткізуге арналған көркемдік материал алынды, психология бөлмесіне арналған жабдықтар алынды.

Әр педагогке өте мұқият, өзінің педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып, баламен дұрыс байланысты орнату үшін барынша оң жағдай жасау бойынша өзінің стратегиясын ойластыруы керек. Тек осыдан кейін ғана педагог білім беру қызметіне кіріседі, ол өз кезегінде оқытудың дәстүрлі



емес формасына, түзету жаттығуларына және балаларға жеке тәсілге негізделеді.

Педагогтердің жұмыс тәжірибесі білім беру бөлімдерінде зерттелген және жалпыланған, Орталық педагогтері «Балалармен жұмыста арт-терапияны қолдану», «Сенім көпірі» әдістемелік ұсынымдарын, «Души полет и рук творенье», «Зияткерлік ойындар: инклюзивті топ» білім беру бағдарламаларын, «Тең әдіс – тең мүмкіндіктер» әлеуметтік ролик әзірледі. Педагогтер ұдайы болып отыратын семинарлар аясында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс тәжірибелерімен алмасады, шеберлік сыныптар өткізеді.

Қостанай облысы Ұзынкөл ауылы Балалар шығармашылық үйінде 660 бала оқиды, оның ішінде 46 бала ерекше білім беру қажеттілігі бар – нашар көретін, сөйлеу қабілеттері, тірек-қимыл аппараттары, эмоциялық ерік саласы бұзылған балалар. Шығармашылық үйінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен сабақ жүргізу үшін бөлмелер жабдықталған, бала



тұлғасын әлеуметтендіруге бағытталған жобаларды іске асыру үшін әдістемелік база құрылған. Педагогтер сабақта дене шынықтыру минуттарын, белсенді ойындарды, тілді дамытуға арналған жаттығуларды жүргізеді, арт-терапияны, қуыршақ терапиясын және еңбек тарапиясын қолданады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар «Қуыршақ театры» және сәндік-қолданбалы өнер үйірмелеріне барады. Сабақтарда балаларды оқыту мен тәрбиелеудің басты міндеті олардың өз еңбектерінің нәтижелеріне деген эмоциялы оң көзқарастарын тәрбиелеу және еңбек дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Театр-ойын қызметі бойынша жұмыс балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға байланысты педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Театр-ойын қызметі – бұл баланың шығармашылық әлеуетін ашу үшін тұлғаның шығармашылыққа бағдарлануына жақсы мүмкіндік. Балалар қоршаған әлемдегі қызықты идеяларды байқауды, оларды іске асыруды және өздерінің кейіпкерлерінің көркемдік бейнесін құруды үйренеді. Балалардың шығармашылық қиялы, бейнелі ойлауы, әдеттегі нәрседен ерекше дүниелерді табу білігі дамиды. Балалар ертегілердің негізгі ойын, негізгі оқиғаларды, олардың ретін анықтайды, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалайды. Олар ертегі кейіпкерлерінің эмоциялық күйі туралы алған білімдерін қолданады, оқыған ертегілерінің мазмұнына жауап береді және ойын қимылдарын ойнайды. Педагог театр элементтерін сабақтарда, ойын-сауықтарда және мерекелерде қолданады. Балалар мерекелер мен ойын-сауықтарда белсенді қатысушы бола түседі, өз бетінше қызмет сабақтарында меңгерген біліктері мен дағдыларын қолданады.

Сабақ процесінде қабылдау, ойлау, ұсақ моторика (күш, амплитуда, жылдамдық, қол қимылдарының нақтылығы), көру-қимыл координациясы, зейін, жады, бейнелеу, көркем-конструкторлық қабілеттері мен шығармашылық даралықтары дамиды. Педагогтер түзету-сауықтыру жұмыстарында қолдардың ұсақ моторикасын, сенсорлық, тактильді қабылдауды дамытуға арналған әртүрлі жаттықтырғыштарды қолданады. Оқытудағы дәстүрлі емес әдістер баланың эмоциялық-тұлғалық дамуына көмектеседі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық қызмет нәтижелері аудандық, облыстық балалар шығармашылық фестивальдерінде көрсетеді.

Өскемен қаласы Оқушылар шығармашылығы орталығында 2015 жылғы қыркүйектен бастап әлеуметтік бағыттағы «Біз түрліміз – біз теңбіз» пилотты жобасы іске асырылып келеді. Жобаға қатысушылар «Ульба», «Ақниет» медициналық-әлеуметтік дамыту орталықтарының, арнайы балабақшалардың, қала мектептерінің түзету сыныптарының ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылары, педагогтер және балалардың ата-аналары болып табылады.

Жобаның мақсаты - мүмкіндігі шектеулі бала тұлғасын тиімді дамыту және оны қоғамға бейімдеу үшін жағымды жағдай жасау болып табылады. Жобаның жаңалығы – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың уәждемелерін дамыту, қызығушылықтары бойынша үйірме сабақтары арқылы олардың қабілеттерін, тұлғалық қасиеттерін жетілдіру, түсіністік, сенім, психологиялық ыңғайлылық атмосферасын құру және балалар, педагогтер және ата-аналардың шығармашылық өзара әрекеттесуі арқылы қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

Жобаны жұмыс тобы басқарып отыр, оның құрамында жобаны іске асыру мүддесін көздеп отырған білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді. «Біз түрліміз – біз теңбіз» жобасын іске асыру бойынша іс-шаралар педагогикалық кеңестерде, ата-аналар жиналыстарында талқыланғаннан кейін, жауаптыларды тағайындай отырып, директордың бұйрығымен бекітілді.

Аталған жобадағы басты орынды «Ульба», «Ақниет» медициналық-әлеуметтік дамыту орталықтарының, № 61, 62 арнайы балабақшалардың тәрбиеленісулеріне және №37, 26, 8, 21 қала мектептерінің түзету сыныптарының білім алушыларына арналған қайырымдылық концерттерді, акцияларды, интерактивті саяхаттарды, шеберлік сыныптарды, фестивальдерді, байқауларды, шығармашылық шеберханаларды өткізіп отырған педагогтерге тиесілі.

Екі жарым жылда жоба іс-шараларына ерекше білім беру қажеттіліктері бар 1324 бала қатысты. Олардың ішінде 17 ерекше білім беру қажеттілігі бар бала Сарайдың балалар шығармашылық бірлестіктерінде топта басқа балалармен білім беру бағдарламаларымен айналыса бастады, оларды табысты меңгеруде, концерттерге және көрмелерге қатысуда.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен сабақты ұйымдастыру кезінде педагогтер оқытудың тұлғаға бағдарланған технологияларды қолданады. Сарай педагогтері балаланың өз әлеуетіне сүйенуіне мүмкіндік беретін білім беру ортасын, өз мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне байланысты тиісті оқыту технологиясындай білім беру

ортасын қалыптастырады. «Біз түрліміз – біз теңбіз» жобасы аясында оқу-тәрбие жұмысының жоспары қайта қаралып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды инклюзивті оқытуды ұйымдастырудың тәртібі анықталды және олардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламалары әзірленді. Жобаның нәтижесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар әр баланың мүмкіндіктерін кеңейтетін жағдай жасалды.

Сонымен қатар, жобаны іске асыру мониторингі Оқушылар шығармашылық сарайының ресурстық базасын (2 және 3-қабаттарда пандустар, арнайы дәретханалар және т.б.) дамыту керектігін, жергілікті атқарушы органдардың мақсатты қаржыландыруының көмегі арқылы үйірме сабақтарына алып келу - кетуді шешу керектігін көрсетіп отыр. Ата-аналардың барлығы мүмкіндіктері шектеулі балаларды үнемі алып келе алмайды, себебі отбасы табысының көп бөлігі балаларға медициналық қызмет көрсетуге жұмсалады.

Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды педагогикалық қолдау және өзін өзі іске асыруға бағытталған тәрбие жүйесін құру мақсатында медициналық-психологиялық қызметті құру, сарайдың штаттық кестесіне медицина қызметкерін, психологті, дефектологті енгізу және педагогтердің әдістемелерді, педагогикалық технологияларды меңгеру бойынша оқуын жалғастыру қажет. Аталған мәселеге әлеуметтік серіктестерді тарту қажет.

Ақмола облысында оқушылар сарайлары мен үйлерінде ерекше білім беру қажеттілігі бар **46 бала** оқиды.

Ақмола облысы Жақсы ауылында Оқушылар үйінде қант диабеті диагнозы қойылған бала оқиды. Бұл баламен жұмыс істеуде педагогтер жеке тәсілді қолданады – ақыл-ой мен практикалық қызметті алмастырады, оқу материалдарын шағын фрагменттермен береді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған сабақ мазмұнын таңдау кезінде, бір жағынан қолжетімділік қағидаты, бір жағынан материалды тым жеңілдетіп жіберуге жол бермеу ескеріледі. Педагогтер сабақ мазмұнын балалардың психикалық, физикалық және ақыл-ой мүмкіндіктері мен олардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу қызметін белсендірудің тиімді құралы ретінде қолданады.

Павлодар қаласы М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуға жағдай жасалған. Оқушылар сарайында кіруге арналған екі есік бар. Екі шыға берістің сыртында ұстағыштары бар пандустар орналастырылған. Кіретін шыны есіктердің ортасында тамбур бар. Есіктерде – көздері нашар көретіндерге сары түсті ескерту ілінген. Бірінші қабаттағы санитарлық торапта ҚНМЕ-ге сәйкес салынған санитарлық тораптарда мүгедектерге арналған кабинка бар, есіктерінде тиісті белгілері бар. Бірінші қабаттағы ғимараттарға кіру үшін ішкі пандустар қойылған. Арбада отыратын мүгедектердің өтуі үшін есіктер кеңейтілген.

Шығармашылық бірлестіктердің білім беру бағдарламалары өзін өзі тану, қарым-қатынас және өзін дамыту саласындағы әлеуметтік маңызды дағдылар мен біліктерді меңгеруге бағытталған. «Мастерок» алғашқы техникалық модельдеу студиясының жетекшісі Г.С. Бектоғаева Облыстық

балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесінің тәрбиеленушілерін модельдеуге үйретеді. Студияның білім беру бағдарламасының мақсаты техникалық шығармашылық арқылы мүмкіндіктері шектеулі балаларды табысты әлеуметтендіру үшін жағдай жасау болып табылады. Топта 11-16 жастағы **13** бала айналысады. Сабаққа балалар тәрбиешінің және медицина қызметкерінің сүйемелдеуімен келеді. Балалар сабақта құрал-саймандармен жұмыс істеуді, әртүрлі материалдардан көліктердің, ұшақтардың, кемелердің қарапайым макеттерін жасауды үйренеді және материал өндеудің технологиялық тәсілдерін меңгереді. Әр балаға практикадағы өмірлік тәжірибені алуына, қоршаған әлемді, әсемдікті және үйлесімділікті меңгеруге және қол жеткізуге мүмкіндік беріледі. Дөңгелек үстелде жиналу және әртүрлі көрмелер балалардың өз бағаларын нығайтуға, еңбектенуге және өзін өзі жетілдіруге деген құлшыныстарын бекітуге көмектеседі.

Оқушылар сарайының көркемдік тәрбиелеу студияларында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың шығармашылық қабілеттерін ашуға жағдай жасалған. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар **9** бала «Радуга», «Жас Даурен», «Айдарай» вокалдық студияларында, «Декор» студиясында, «Білімпаз» эстетикалық тәрбие және дамыту студиясында оқиды. Әр бала үшін жайлы психологиялық атмосфера жасалған.

«Балалар мильк салдануы» диагнозы қойылған балаларды оқыту үшін білім беру бағдарламасы қолдардың ұсақ моторикасын, түсті қабылдауға және абстрактілі шығармашылық ойлауына бейімделген. Тәрбиеленуші ұсақ бисерден, моншақтардан, табиғи материалдардан күрделі емес жұмыстар, пайеткалардан панно жасайды.

«Я познаю мир», «Волшебная кисточка», «Логика», «English kids», «Балапан», «Білгіш», «Гүлдер» үйірмелерінің жетекшілері сабақтарды балалардың жас ерекшеліктеріне, психологиялық және физикалық дамуын ескеріп жүргізеді. Оқу материалдары қарапайымнан күрделіге қарай қағидаты бойынша тапсырмаларды біртіндеп күрделендіру арқылы құрылады. Сабақтарда педагогтер динамикалық жаттығуларды, дене шынықтыру минуттары балаларды сабақ тақырыбына жақындатады, нақты бір тапсырманы пысықтайтын балалардың білімдері мен біліктерін толықтырады. Сабақтарға жалпы және ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар міндетті түрде қосылады, олар оқытудың тиімділігін арттыруға және балалардың танымдық белсенділіктерін дамытуға мүмкіндік береді.

2017 жылғы қарашада білім алушы Пак Амелия «Пони» зияткерлік байқауына қатысты және «Речесветик» бірінші кезеңінің жүлдегері атанды.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін бұқаралық іс-шаралар, көріністер, ойын бағдарламалары және акциялар өткізіледі. Павлодар қаласының №4 мектеп-интернатында «Ровесник» клубында «Жас ерікті» өңірлік бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Алақан Party» акциясы өткізіледі. **103** мүмкіндігі шектеулі бала, олардың ата-аналары, мұғалімдер белсенділік танытады және естелік үшін өз алақандарының ізін ашық плакатқа қалдырады. «Ровесник» клубының еріктілері «Мейірімділік» акциясы аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалаларға арналған «Біз – бармыз!» квест-ойынын өткізуде. Квестке қатысушылар логикалық кедергілерден өтеді:

жұмбақтарды шешеді, белгілер мен заттарды іздейді. Бағдарламаның ең қызықты тұсы мультфильм кейіпкерлері Спанч Боб пен Патрик балалармен билейді, мерекенің «дәмді» бөлімі қағаздан жасалған жүрекшелер мен чупа-чупстан жасалған гүлдерге арналады. 2017 жылғы «Біз – бармыз!» квест ойынының қатысушылары 15 екреше білім беру қажеттілігі бар балалар мен олардың ата-аналары болды.



2017 жылы «Рухани жаңғыру» республикалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Достық шеңбері» облыстық жобасы өз жұмысын бастады, оның мақсаты балалар мен жастардың шығармашылық әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасау болып табылады. Оқушылар сарайының «Splash» заманауи би студиясы, «Жас дәурен» вокал студиясы Отбасы типіндегі Балалар

ауылының тәрбиеленушілеріне арналған «Ашық жүрек» концерттік бағдарламасын дайындады. «Ровесник» клубының еріктілері көңілді би және тосын сыйлармен ойын бағдарламасын жүргізді. 130 ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін «Жаңа жыл ғажайыбы» мерекесі өткізіледі.

«Ұлан басы» ассоциациясының басшылары және «Бірінғай «Жас ұлан» БЖҰ еріктілері «Альрами» (менталды бұзылыстары бар балаларға) клуб үйінің тәрбиеленушілеріне арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Жас волонтер. 5-жұлдыз» облыстық жобасы аясында жаңа жылдық квест және шырша жанында мерекелік бағдарлама өткізіледі. Квест алаңдарында қатысушылар жаңа жылдық өлендер айтады, билейді, ұнаған кез-келген музыкалық композицияны орындайды және ақсала жасайды. Жаңа жылдық мерекеге қатысу – менталды бұзылыстары бар балалар үшін ерекше оқиға.

М.М. Қатаев атындағы Оқушылар сарайының педагогикалық ұжымы өзгеріп отыратын әлеуметтік ортаға үйлесімді және тиімді бейімделуге қабілетті адамды өсіру балалық шақтан басталатынын түсінеді. Әлеуметтік дамыту баланы заттар әлеміне ғана емес, сондай-ақ жақын ересек адамдар және өз қатарластарымен араласу арқылы қарым қатынастың әлеуметтік кеңістігіне енгізе отырып, әлеуметтену мен дараландыру процестерін біріктіреді.

Екібастұз қаласының «Қайнар» білім беру және бос уақытта қамту кешенінде 2014 жылдан бастап ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар өз құрдастарымен қатар оқып жатыр. Білім



беру процесі, бос уақытты қамту, мәдени, шығармашылық қызмет, театр қызметін ұйымдастыру арқылы мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуметтік мәдени қалыптасуына бағытталған. «Маска» ұжымы оңалту орталықтарымен сыртқы желілік ынтымақтастықты дамыта отырып, бірнеше жыл бойына мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеуді іске асырып отыр. Театрландыру баланың шығармашылық және сөйлеу қабілеттерін дамытудың құралдары мен тәсілдерін дамытудың көптеген түрлерін таңдауды қамтиды, оның коммуникативті және адаптивті мүмкіндіктерін дамытуға ынталандырады. Оқытудағы және тәрбиелеудегі ұжымдық театрлық ойын қойылымдарының педагогикалық мақсаты шығармашылық қызметке қосу арқылы бала тұлғасының даму деңгейін арттыруға көмектеседі.

«Маска» үлгілі театр студиясының жетекшісі Л. Ермакова білім беру бағдарламасын әзірлеп, оған С. Торайғыров атындағы мемлекеттік университеттің профессоры С. Ксембаева пікір берген. Білім беру бағдарламасының өзектілігі жалпы білім беретін мектептерде оқымайтын мүгедек балалардың отбасының қажеттілігіне байланысты.

«Маска» театр студиясында сөйлеу, қимыл, ақыл-ой саласындағы ауытқулары бар **10** бала оқиды. Педагог тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескереді. Білім алушының өз алдына мақсат қоюы, міндеттерді қалыптастыруына, оқу міндеттерін шешу тәсілдерін анықтауына және өзінің оқу қызметтерінің нәтижелерін бағалауы үшін жағдай жасалған. Мұндай дараландыру процесі мүмкіндігі шектеулі бала үшін де, сондай-ақ оның қатарлары үшін маңызды. Дараландыру процесі топтың барлық білім алушыларына тең мүмкіндік беруге жағдай туғызады, осылайша инклюзивті тәсіл практикада жүзеге асады. Технологиялық деңгейде дараландыру процесі әртүрлі педагогикалық тәсілдермен: тұлғаға бағдарланған педагогикада, оқытудағы рефлексивті-қызметті тәсілмен, сондай-ақ жобалау қызметі және тьюторлық сүйемелдеу технологияларында іске асырылады.



Ерекше білім беру қажеттіліктерімен жұмыс

Қолданылатын технологиялар:

- ❖ коммуникативті,
- ❖ ойын,
- ❖ Сараланған тәсіл

Жұмыс нәтижесі:

- ❖ шағын көріністерді,
- ❖ миниатюраларды,
- ❖ сахналауды,
- ❖ пантомима қою;
- ❖ қалыпты өмірге әлеуметтік бейімдеу,
- ❖ эмоционалды қолдау.



Білім беру және бос уақытты қамту кешенінің «Маска» театр студиясы бағдарламасын іске асыру аясындағы жұмыс балалардың айналасында тұтас өмірлік жүйе пайда болатындай етіп құрылған. Шығармашылық, қиял, елестетуді дамыту әлемі – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін тасығандық емес, практика жүзіндегі олардың мәдениет, әлеумет әлеміне енудің жалғыз мүмкіндігі.

Педагог Ермакованың құрған кіріктірілген театры дамуы ерекше балаларды әлеуметтендіру мен оңалтудың құралы болып табылады. Білім беру бағдарламасының мақсаты театр құралдары арқылы мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу, қоғамның дамуында ерекшеліктері бар адамдарға деген адекватты көзқарастарын қалыптастыру болып табылады. Әр сабақта ойын терапиясы, ертегі терапиясы, музыка терапиясы, эрготерапия, арт-терапия және би терапиясы қолданылады. Ойын процестерінде эмоциялы ерік саласын, қимыл белсенділігін, қимыл мен кеңістікте бағдарлануды дамытуға арналған театр тәсілдері, этюдтер мен жаттығулар пайдаланылады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту олардың еңбекке қабілеттерінің төмендігіне, жылдам шаршайтынына байланысты қиындау болады, сондықтан да жеңілдетілген педагогикалық тәртіп, релаксация қолданылады. Педагог пен психолог мүмкіндіктері шектеулі балалар мен олардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсетеді.

Осылайша, «Қайнар» білім беру және бос уақытты қамту кешенінің «Маска театр» студиясында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды толыққанды кіріктіруді және тұлғалық өзін өзі танытуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, кедергісіз, бейімделген орта құрылған. Л.А. Ермакованың мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша жұмыс тәжірибесі облыс және республика деңгейінде жалпыланған.

Павлодар облысы Ақсу қаласының Балалар шығармашылық үйіне қарасты «Болашақ» мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу орталығында 1998 жылдан бері 5-18 жас аралығындағы **24 баланы** оқытып келеді, олар денсаулық мүмкіндіктеріне байланысты жалпы білім беретін мектептерде оқи алмайды.

Балалар шығармашылығы үйінде ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту үшін жағдай жасалған: ғимаратқа кіреберісте пандустар қойылған, тиісті жиһаздар қойылған сабақтарды өткізуге арналған кабинеттер, теледидар, аудиотехника алынған. «Болашақ» орталығы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмысты қалалық бос уақытты қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Педагогтердің жұмыстары баланың ақыл-ой белсенділігін арттыруға, ойын қызметінде вербалды және вербалды емес қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған. «Болашақ» орталығының жұмысы балалар бірлестігі арқылы іске асырылады. «Араласу сағаты» үйірмесінің жетекшісі Пашенко О.В. балалардың барынша ашық-жарқын және араласуға дайын болуына көмектесетін әртүрлі тренингтер өткізеді. «Мастерская Поделкина» үйірме сабақтарында балалар әртүрлі материалдардан аппликация техникасын меңгереді. Мүмкіндіктері шектеулі балалар мерекелік іс-шараларды дайындауға және өткізуге атсалысады.


Жезқазған қаласының «Оқушылар мен жасөспірімдер сарайында» ерекше білім беру қажеттілігі бар **28 бала** «Бейнелеу өнері», «Ою-өрнек», «Тоқыма», «Алтын көмбе», «Макраме», «Өсімдіктер экологиясы» және «Ритмика» үйірмелеріне қатысады. Үйірме жетекшілері сабақта ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен түзету жұмыстарында арт-терапия элементтерін қолданады. Бұл музыкамен сурет салу, құмды арт-терапия, ермексаздан, жұмсақ пластиктан және тұзды қамырдан мүсіндеу. Шығармашылық жұмыс процесінде балалар барынша жылы шырайлы және барынша тез араласатын болады, балалар өзін көрсетуге және де табысты болуға мүмкіндік алады.

Теміртау қаласының Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының «Искорка» музыка үйірмесінің жетекшісі Седова Е.Г. «Артикуляциялық гимнастиканың ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың тілдерін дамытуға әсері» атты әдістемелік ұсынымдарын әзірлеген. Педагог **11** баланы артикуляциялық органдардың жақсы қимылдауының арқасында дыбыстарды дұрыс айтуды үйретеді. Артикуляциялық гимнастиканың мақсаты дыбыстарды дұрыс айтуға қажетті толққықанды қимылдар мен артикуляциялық аппараттың белгілі органдарын түзету болып табылады.

Техникалық бағыттағы қосымша білім беру жағдайында педагогтердің ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс тәжірибелері

ҰБДҚ деректері бойынша Республикада техникалық бағытта **23** қосымша білім беру ұйымдары бар, онда **15 834** бала білім алуға, оның ішінде **231**-і ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар.

Жас техниктер станциялары мен орталықтары



Өскемен қаласындағы жас техниктер станциясы республикада бірінші болып ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істей бастады.

2010 жылы жас техниктер станциясы Өскемен қаласындағы балалар психоневрологиялық әлеуметтік-медициналық мекемесінде балаларға арналған «Техникалық архитектуралық үлгілеу» үйірмесін ашты.

Қазіргі уақытта станцияда көру, есту қабілеті нашар, психикалық дамуында ауытқуы бар **68** бала «Авиамодельдеу», «Бастапқы техникалық үлгілеу», «Дизайн технологиясы», «Жас суретші», «Техникалық сәулеттік модельдеу» дамыту үйірмелерінде оқиды.

Білім беру үдерісін ұйымдастыруда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың өзіндік ерекшеліктері бар: білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдерінің әртүрлілігі, білім алушылармен психофизиологиялық мүмкіндіктеріне, ақау құрылымының ауырлығына, эмоциялық ерік аясының ерекшеліктеріне, емдеу-профилактикалық мекемелердің нұсқаулықтарына байланысты сабақтарды ұйымдастырудың вариативтілігі.

Жыл сайын оқу жылы басталғанға дейін педагогтер алдын-ала сау

балалармен, олардың ата-аналарымен жұмыс жасайды, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін жайлы климат қалыптастырады, кейінірек түзеу мекемелерінде ерекше сабақ тәртібімен, қалыпты ортада білім алатын ұқсас диагноздары бар балалардан ерекше білім беру топтарын құрады, зияткерлігін жоғалтқан балалардың топтарын анықтайды, оқу жылы бойында осы санаттағы балалармен жүретін тьюторлармен танысады. Осы санаттағы балалармен жұмыс істеуге біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтерге рұқсат етіледі. Станцияның әдістемелік қызметі педагогтерге арналған ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мәселелері бойынша семинарлар, кенестер жүргізеді.



Оқу үдерісі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік тәжірибені игеруге бағытталған.

Білім алушының еңбекке қабілетсіздігінің төмен болуына, жоғары шаршағандық және қызметтік танымының бұзылуына байланысты оқыту қиындыққа алып келеді, сол себептен баланың психологиялық оңалуына ерекше көңіл бөлінеді.

Жеке даму бағдарламасы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға ғана емес, оның отбасына да, оны хабардар етуге, оналту іс-шараларына оқытуға және отбасылық қатынастарды түзеуге бағытталған.

Ата-ананың міндеті – қиын жағдайда балаға оған тән табиғи дамудың толық әлеуетін анықтауға көмектесу.

Ата-аналар баланың даму ерекшеліктері және оналту іс-шараларын жүргізу, тәрбиелеу мен білім беру туралы кеңесті педагогтерден алады.

2016 жылдан бастап педагогикалық ұжым «Біз әртүрліміз, біз теңбіз» жобасы аясында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған «Біздің аспан» авиамодельдердің көрнекі ұшуы, авиамодельдеу көрмелері сияқты қалалық іс-шаралардың бастамашысы болып табылады.



Жыл сайын жас техниктер станциясының оқытушылары «Ульба» қалалық әлеуметтік қызметтердің қалалық аумақтық орталығында, Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесінде, Н. Крупская атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-интернатта арнайы білімге қажеттілігі бар балалар үшін шеберлік

сыныптарын өткізеді.

Бағдарламада зертхананы көрсету, робототехника, авиамодельдеу және сәндік-қолданбалы шығармашылық шеберлік сабақтарын өткізу, сондай-ақ «F3P» ұшақ үлгісінің ұшуын ұйымдастыру сияқты түзету мектептерінің білім алушыларына экскурсия жүргізу дәстүрге айналды.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар жарыстарға қатысады.

2016 жылы жас техниктер Станциясының тәрбиеленушісі, "Болашақтың инновациялық технологиялары" қалалық фестивалінде бас жүлдені, "Жас өнертапқыш" Халықаралық техникалық шығармашылық байқауында бірінші орынды иеленді.

2017 жылы осы ұйымның тәрбиеленушілері ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған «Қандай ғажап әлем!» халықаралық шығармашылық байқауда 1-ші орынды иеленді.

Қостанай қаласындағы техникалық шығармашылық мектебінде 468 бала, оның ішінде сөйлеу дамуының психологиялық кешігуі, көру, есту қабілеті бұзылған және басқа да **10** мүгедек бала білім алады.

Үйірмедегі сабақтар балалардың өздері үшін жаңа қызметтегі өз мүмкіндіктерін түсінуге мүмкіндік береді, олардың түзелуіне және қоғамға интеграциялануына септігін тигізеді.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар тәрбиеленушілер педагогінің басты міндеті - қосымша білім беруге қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларға арналған үйірме сабақтары белгілі бір білім алуға, шығармашылық қабілеттерін, дағдыларын, шеберліктерін, бастамашылықты және қиялын дамытуға бағытталған.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту өмірге бейімделуге көмектеседі, толеранттылық пен жауапкершілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Оқу-тәрбие жұмысы үдерісінде педагог жеке үлгімен білім алушылардың жеке қасиеттерін ескере отырып айналысады.

Жеке қолданылатын әдіс белгілі бір дәрежеде барлық қолданыстағы технологияларда жүзеге асырылады.

Оңалту кеңістігінің өтеуші элементіне бірінші кезекте балаға деген махаббат (қамқорлық, адамгершілік қатынас, жан жылуы мен мейірімділік), баланың барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін қабылдай отырып, балалардың қиындықтары мен мәселелерін түсіну, қайырымдылық, қажетті көмек, өзін-өзі игеруді үйрену элементтері (үйренуді үйрен, өзінді-өзің бақылауды үйрену) жатады.

2017 жылы халықаралық Интернет Инновациялық жобалар байқауында мектеп тәрбиеленушісі бірінші орынды иеленді, оны оқушылар және педагогикалық ұжымы алдында марапатталды, сондықтан ерекше білім беру қажеттілігі бар әрбір бала жеңістер мен жетістіктерге басқалармен тең дәрежеде қол жеткізе алатынына сенімді бола алады.



Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырған кезде, педагогтер жүйелік белсенділікке, оның ішінде түзету үдерісінде қазіргі заманғы білім беру технологиясына сүйенеді.

Оқыту барысында педагогтер балалардың танымдық белсенділігін жандандыратын әдістерді қолданады. 2016 жылы «Жеңісті ардақтаймыз!» атты мектеп жобасы іске қосылды.

Ғылыми-техникалық модельдеу үйірмесінің білім алушылары Ұлы Отан соғысына қатысқан туысқандары туралы ақпарат жинады.

Осы ақпарат негізінде әрбір соғысқа қатысушының (атасының, әжесінің, алыс туысының) даңқ жолы анықталды.

Балалар жинаған соғыс жылдарындағы фотосуреттер, ақпараттар естелік кітабына енді. басқа бағыттағы үйірмеге қатысушылар 1941-1945 жылдардағы әскери техниканың үлгілерін жасады.

«Соғыс естеліктері біз үшін қасиетті!» мектептік және қалалық көрмелерде білім алушылар орындаған үлгілер мен макеттер ұсынылды.

Психо-сөйлеу дамуы жетілмеген білім алушылар «Мен өз елімнің патриотымын!», «Жеңісті ардақтаймыз!» жобаларына, «Қазақстанның қорықтары» моделін құру кезінде өз шығармашылық жұмыстарының

көрсетіліміне қатысып, оларға барлық кезендерде басқа да балалар тарапынан көмек көрсетілді.

Қарағанды облысы Сарань қаласындағы жас техниктер станциясында 478 бала білім алуға, оның ішінде «Авиа модельдеу», «Кеме модельдеу», «Электрондық автоматтандыру», «Робот техникасы», «Бастапқы техникалық модельдеу», «Жас инноватор», «Электрондық автоматика» үйірмелерінде 44 ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар айналысады.

Сыныптағы мұғалімдер мүгедектігі бар білім алушыларға жеке және әртүрлі тәсілдерді пайдаланады, тәжірибелік жұмыста түрлі іс-шараларды қолданады, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жеке басын әлеуметтендіруге, оң ерік-жігердің көрінісіне, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуына және қоғамда өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылуына ықпал етеді.



Үйірме басшыларының басты жетістіктерінің бірі сабақта эмоциялы қолайлы, ыңғайлы психологиялық атмосфераны қамтамасыз ету болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс кезінде педагогтер арнайы даму-түзеу педагогикалық технологияларын қолданады, бұл оларға оқыту мен тәрбиелеуде оң динамикаға жетуге мүмкіндік береді.

Сабақтарда білім алушылардың өз құрдастарына дұрыс қатынастарын қалыптастыруға тәрбиелейді, денсаулық сақтау технологиясының элементтерін пайдаланады.

Педагогтің денсаулық сақтау жұмысының маңызды бөлігі – бұл сабақтың ұтымды ұйымдастырылуы болып табылады.

Балалардың ақыл-ой қабілеттерін жақсарту, шаршаудың мерзімінен бұрын басталуын болдырмаудың, бұлшық еттерге статикалық күш түсіруді, эмоциялық бәсеңдеуді жеңілдету үшін дене шынықтыру үзілістері жүргізіліп тұрады.

Балаларды оқытудың денсаулық сақтау технологияларын қолдану ерекше материалдық шығындарсыз мүгедектігі бар балалардың денсаулығын сақтауға ғана емес, білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Үш жыл қатарынан үй жағдайындағы балалар әлеуметтік бөлімнің көмегімен «Авиа модельдеу» үйірмесінің сабақтарына қатысып жүр.

Оқытушы В.И. Назаренко барлық үйірмеге қатысушыларға бірдей талаптарды жасай отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жеке жұмысына үлкен көңіл бөледі, соның нәтижесінде әртүрлі деңгейдегі әуе модельдерінің жарыстарында, техникалық шығармашылық көрмелерінде командалық жұлделі орындарға ие болып жүр.

Ішкі үйірмелік және қалалық жарыстарда жұлделі орындар қатарында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жасаған үлгілері бар.

Тәрбиеленушілер екінші жыл Облыстық мамандандырылған №5 мектеп-интернатының «Робот техникасы» үйірмесіне қатысады.

Жоба әдісі – бұл робот техникасын зерделеуде қолданылатын негізгі әдіс. Балалар өздері қатысатын жобаны таңдайды. Жобаларда рөлдерді бөлу кезінде, педагог балалардың өз тілектерінен басқа, білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін, шығармашылық қабілеттерін ескереді.

Жобалардағы иерархия мәселесі – шетін мәселе болып табылады және бір жағынан көшбасшылық қасиеттерді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және тобымызды өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, ынтымақтастық және бағыныстылығында (бір жоба шеңберінде уақытша бағыныстыру) балалардың бірлескен қызметін мұқият қадағалауды талап етеді.

Педагогтің міндеті жобаларды сәтті аяқтауға жеткізу және әрбір балаға алған нәтижеге деген мақтаншын сезімін қалдыру.

Жас техниктер станциясының тәрбиеленушілері облыстық бөлме үлгілері мен техникалық шығармашылық, жас радиоэуеской-жаңашылдар байқауларының жеңімпаздары болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту техникалық модельдерді құрумен шектелмейді, педагог ақпараттық, ойын және жарыс іс-шаралары арқылы білім алушыларды жалпы мәдениетке тәрбиелейді.

Педагог баланың эмоциялық әлемін дамыта отырып, қоршаған әлеммен үйлесімді өмір сүруге және сұлулықты түсіне білетін тұлғаны тәрбиелейді.

Туристік-өлкетану бағытында балаларға қосымша білім беру жағдайындағы инклюзивті білім



Қазіргі уақытта республикада **28410 баланы** (1%) қамтыған **40 жас туристер станциясы** бар, оның ішінде жас туристер станциялары мен орталықтарында **256** ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар шұғылданады.

2017 жылғы 1 қазанда Орал қаласының Облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығында сауықтыру туризмі бөлімі ашылды. Облыстық мектеп-интернаттың базасында көру қабілеті бұзылған балаларға арналған төрт үйірме құрылған, Облыстық есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернат-кешеннің базасында үш үйірме жұмыс істейді. №3 қалалық жалпы орта білім беретін мектептің, ақыл-ой қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектептің және №1 Подstepный жалпы орта білім беретін мектептің базасында туризм бойынша үйірмелер ашылған. Мұнда жүйке-сенсорлы керендік, көру қабілетінің бұзылуы, психикалық даму бөгелісі, аутизм, балалардың церебральды сал ауруы сияқты әртүрлі диагнозы бар балалар шұғылданады. Үйірме жұмысының тақырыбы: туризм, экология, спорттық бағдарлау және өлкетану. Білім алушылар үнемі туристік базаларға шығып тұрады, туристік жарыстарға белсенді қатысады. 2017 жылғы желтоқсанда облыстық есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернат-кешеннің базасында сурдобағдарлау бойынша алғашқы жарыстар өткізілді.

Павлодар қаласында «Самал» сауықтыру орталығы 20 жылдан астам өз жұмысын жүргізуде. Оның негізгі ұраны: «Бүгінгі күні «ерекше» балалар мен жастар, бей-жай қарамайтын азаматтардың қолдауымен біздің қоғамымыздың толыққанды мүшесі бола алатын ертеңгі күнгі біздің еліміздің ересек азаматтары». Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін алғашқы жарыстар орталықтың базасында он жыл бұрын өткізілді. «Пилигрим» балалар туристік клубы «Кедергілер жолағы» жарысын жыл сайын өткізеді, Павлодар облысы бойынша инклюзивті бағдарлар әзірледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған «Әр түрліміз – теңбіз» инклюзивті білім беру бағдарламасы әзірленген. Негізгі мақсаты бард әндері мен туризм элементтерін үйрену арқылы білім алушылардың әлеуметтенуі және бейімделуі үшін оңтайлы жағдай жасау болып табылады. Аталған бағдарлама «Өлкенің туристік-өлкетану мүмкіндіктері», «Туризм негіздері», «Өлкетану», «Изотуризм», «Авторлық және туристік ән» бөлімдерінен тұрады. Білім беру бағдарламасының табысты жүзеге асырылуына тұлғалық-бағдарлану тәсілдерінің, түзету сабақтары мен ойын қызметінің қағидалары және әдістері негіз болады.

Баланың әлеуметтік дамуы қызмет барысында жүзеге асырылады. Бұл жерде балаға өзін барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ойын ерекше орын алады. Ойынның арқасында баланың тұлғасы жетіледі, уәждемелік және қажеттілік саласы дамиды, танымдық және эмоциялық эгоцентризмді жеңеді, тәртіптің еріктілігі, ақыл-ой қызметі дамиды.

Пәндік органы ұйымдастыру процесінде келесі талаптарды қадағалау қажет :



барлық психикалық процестерді – қабылдауды, ойлауды, жасадыны, қиялдауды және тағы басқаларды сапалы дамытуға ықпал ету;



мазмұнында жалпы тұлғалық дамуды қамтамасыз ететін (танымдық, сөйлеу, көркем, эстетикалық, физикалық) әлеуметтік мәдениеттің негізгі элементтерінің көрініс табуы;



баланың жасына сәйкес болуы, «жақын маңдағы даму аймағына» бағдарлану;



балалардың жас ерекшеліктерін ескеру.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тез шаршайтындықтан, сабақтарда оларға «Пилигрим» клубының мүшелері көмектеседі. Оқу сабақтары «Самал» ресурстық орталығының базасында жүргізіледі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиешілер алып жүреді. Оқу сабақтары практикалық жұмыстар, шеберлік сыныптар және интерактивті экскурсиялар формасында өткізіледі. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған туристік экскурсиялық бағдарлар әзірленген және апробациядан өткен. Білім алушылар өз бетінше шығарған авторлық әндерді жаттайды, жаяу туризм, өлкетану негіздерімен танысады және сәндік-қолданбалы шығармашылықпен шұғылданады. Сабақта жеке, топтық, ұжымдық, жұптық жұмыстың әртүрлі нұсқаларын қолдану әрбір білім алушының білім беру процесіне қатысуын қамтамасыз етеді. Пәндік білім мен біліктің біртіндеп қалыптасуына ғана емес, сонымен бірге білім алушының коммуникативтік, ұжымдық еңбек дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Әрбір оқу сабағын оң психологиялық уәждемеден бастаған жөн, осы мақсатпен әртүрлі психологиялық ойындар мен бард әндері қолданылады. Педагогтер туристік түйіндерді байлау және от жағу бойынша практикалық сабақтар, Павлодар облысы бойынша виртуалды және интерактивті экскурсиялар өткізеді. Білім алушылар сабақтарда жай ғана селкос қарап немесе тыңдап қана қоймай, сонымен қатар оқу процесіне қатысады.

Осылайша, оқу сабақтары көп модальды болып табылады, себебі олар бірдей уақытта бірнеше сезім мүшелеріне (көру, есту, тактильді сезімталдық) әсер етеді және орталық жүйке жүйесіне толыққанды әсер береді. Ұсақ моториканы дамыту жүйке жүйесі жұмысының жақсаруына, бас миының қыртыстарында қимыл және сөйлеу облыстарының дамуына, психикалық

функцияның дамуына ықпал етеді. Аталған сабақтар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту кезінде аса маңызды, себебі олар туризм дағдыларын үлкен қызығушылықпен меңгереді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған «Әр түрліміз – теңбіз» инклюзивті білім беру бағдарламасын іске асыру бард әндері мен туризм элементтерін үйрену арқылы білім алушылардың әлеуметтенуі және бейімделуі үшін оңтайлы жағдай жасауға бағытталған, оқытумен қатар жалпы құзыреттіліктерді (бейімделу, әлеуметтену, коммуникация, әлеуметте бірігу) дамытуға, сауықтыру білімін, білігін және дағдыларын қалыптастыруға, ұсақ және жалпы моториканы дамытуға, белсенді өмір салтына уәждемені арттыруға мүмкіндік беретін тұтас арнайы іс-шаралар жүйесінен құралады. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар туристік-спорттық дағдылары мен біліктерін Балаларды қорғау күніне арналған, ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жастарға арналған жыл сайынғы «Кедергілер жолағы» жарыстарында көрсетеді, ол жерде әрбір білім алушы – әртүрлі номинациялар бойынша жүлдегер атанады.

Экологиялық-биологиялық бағыттағы қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмысты ұйымдастыру

Қазіргі уақытта республикада 9 734 баланы (0,3%) қамтыған 14 жас натуралистер станциялары мен орталықтары бар, оның ішінде 210 баланың ерекше білім беру қажеттілігі бар.

Шымкент қаласының экологиялық орталығы 2014 жылдан бері «Үміт» облыстық мектеп-интернатының базасында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізеді. Барлығы **83 бала** білім алады, оның ішінде 7-9 жас шамасында 30 бала, 10-12 жас шамасында 33 бала, 13-15 жас шамасында 20 бала. Сабақтың ұзақтығы – 25 минут. «Жас экологтар» үйірмесінде көзі көрмейтін және әлсіз көретін балалар шұғылданады.

Педагогтер ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен олардың психикалық және физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс жасайды. «Жас экологтар» үйірмесінің бейімделген оқу бағдарламасының ерекшелігі – ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың әрі қарай табысты әлеуметтенуі үшін қажет экологиялық сипаттағы қарапайым білімдер мен біліктер жүйесін қалыптастыру арқылы білім алушыларға түзету-дамыта әсер етуді жүзеге асыру.



Сабақтарда педагогтер көзі нашар көретін және зағип балалардың

ерекшеліктерін ескереді: олар вербалды ақпаратты жақсы қабылдайды және рационалды-логикалық ойлауға бейімділігімен ерекшеленеді. «Жас экологтар» үйірмесінде сабақтың негізгі формалары - танымдық әңгімелесу, экологиялық викториналар, дидактикалық ойындар, шығармашылық сабақтар, шеберлік сыныптар және ойын тренингтері болып табылады. Оқу қызметін ұйымдастыру формалары: ұжымдық, жұптық, жеке.

«Жас экологтар» үйірмесінде оқыту әдістері:

1) практикалық (қолжетімді тәжірибелер, әртүрлі табиғи материалдармен жұмыс, әрі қарай сабақтарда қолдану үшін тактильді қолдан жасалған бұйымдар дайындау);

2) сөйлеу (әңгімелесу, лекция, дискуссия);

3) ойын (викториналар, ойындар, шығармашылық экологиялық тапсырмалар).

Білім беру бағдарламасы теориялық және практикалық сабақтардан құралады. Алдыңғылары әңгімелесу, ауызша журналдар түрінде өткізіледі. Практикалық сабақтар ғимараттарда көрмелер, байқаулар, әңгімелесу және викториналар ұйымдастыру, тәжірибелер көрсету, лабораториялық жұмыстар түрінде өткізіледі.

Жақын жерде практикалық сабақтар практикумдар, табиғатқа экскурсиялар, фенологиялық бақылау жүргізуді ұйымдастыру түрінде өткізіледі. «Ағашты киіндір», «Біздің өлкенің жыл құстары», «СӨС ағашы» тапсырмалары, «Фитожасыру» және «ОҚО-ның қызыл кітапқа енген флорасы мен фаунасы» экологиялық квесттері, «Табиғи серпантин» ойын тәсілі көзі нашар көретін балалармен сабақтарда қолдану үшін дайындалған. Зағип және әлсіз көретіндерге тән ерекшеліктер мен моториканы ескере отырып, есту және тактильді сезімдер көмегімен қабылданатын дидактикалық және көрнекілік материалдар қолданылады. Үйірмелерде жұмыс жасай отырып мүмкіндігі шектеулі балалар шығармашыл тұлға ретінде ашылады.

Табиғи материалдар қолданылатын шеберлік сыныптар ерекше мәнге ие. Көзі нашар көретін балалар үшін алынған экологиялық білімдер маңызды, себебі қарапайым өмірде мұндай практикалық сипаттағы білім қол жетімді емес. Сабақтарда балалар гербарий жинауды, сипау арқылы жапырақты сезінуді, дала тасбақасы, теңіз шошқасы сияқты кейбір жануарларды күтуді үйренеді. Келешекте бұл білім мен білік әлеуметтік ортаға толыққанды сіңісуге және өмір сүруге көмектеседі.

Балалар үшін мұндай сабақтардың нәтижелері оң көрсеткіш көрсетеді. Үйірмешілер жыл сайын экологиялық олимпиадаларға, байқауларға қатысады. 2016 жылы Головин Владислав «Табиғат әлемі – балалар көзімен» облыстық көрме-байқауға қатысты. 2017 жылы Белова Ксения «2017 жыл – экология жылы» халықаралық олимпиадасында 3 орын алды.

Сабақта педагог білім алушылардың қарым-қатынас, коммуникативтік қабілеттерін дамытуға жағдай жасалады. Үйірмешілердің жаңа материалды қабылдауы есту қабілеті, эмоциялық, қозғалыс-қимыл жүйесін белсендіру арқылы жүргізіледі.

Сабақтардағы түзету жұмыстары кеңістікте бағдарлануға әртүрлі табиғи материалдармен жұмыс істеу кезінде қолдарды икемдеуге үйретеді, зейінді және экологиялық ойлауды дамытады, үйлесімді және шығармашылық

тұлғаны қалыптастырады. Үйірмеде шұғылдану арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар шығармашылық тұлға ретінде ашылады, білім алушылармен табысты қарым-қатынас орнатады, олармен тең дәрежеде әртүрлі экологиялық іс-шараларға, көрмелерге қатысады, табиғатты сүюді және оны күтуді үйренеді, тәрбиелік және әлеуметтік мол пайда әкелетін экология бойынша жаңа білімдерді қабылдайды.

Шығыс Қазақстан облысы Зыряновск қаласының жас натуралистер станциясының базасында үшінші жыл бойы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған «Түсіну және қолдау» білім беру бағдарламасы апробацияланып, белгілі нәтижелер алынуда.

Ерекше білім беру және тәрбиелік мүмкіндіктері бар пәндік-практикалық қызметтің базасындағы қосымша сабақтар заманауи пәндік ортада әлеуметтік-психологиялық бағдарланумен үйлесімділікте кәсіби бағдарлануды қамтамасыз етеді, адамның орны мен оның табиғатта және қоғамда құратын орнына дұрыс түсінік береді. Мұның барлығы, нәтижесінде, дамуында ерекшелігі бар балалар тұлғасының қалыптасуына, олардың қабілеттерінің компенсаторлық дамуына, өмірлік ұстанымдарды анықтауына ықпал етеді. Оқыту процесі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларда өмір сүруге қажетті қабілеттердің қалыптасу процесі ретінде қарастырылады. Үйірме жұмысы ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың танымдық мүмкіндіктерін кеңейтеді, оның эмоциялық өмірін байытады және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Есту қабілетінде кемшіліктері бар балаларды тәрбиелеудің ерекшелігі – оның практикалық бағыттылығы, әртүрлі қызмет түрлерін кең қолдануы болып табылады. Саңырау және нашар еститіндер ойын, танымдық қызмет процесінде ұйымдастыру және жоспарлау дағдыларын меңгереді және айналасындағылармен кең қарым-қатынасқа түсуді үйренеді. Білім алушылар қатысатын қызмет тәрбиелеуші ғана емес, сонымен бірге түзетуші де болуы керек.

Сабақтарда педагог гартенотерапия әдісін қолданады. Гартенотерапия – ағылшын сөзі, garden – бақ, өсімдік, терапия – емдеу, яғни бақпен, өсімдіктермен емдеу деген мағынаны білдіреді. Гартенотерапия – балаларды өсімдіктермен жұмыс істеуге баулуға бағытталған психоәлеуметтік, еңбек және педагогикалық сауықтырудың ерекше бағыты. Дамуында бұзылыстары бар бала үшін табиғатта болу мүмкіндігі өмірлік кеңістігін кеңейту, даму, экологиялық білім алу, сауығу үшін аса маңызды.

Табиғат баланың сенсорлық жүйесін (есту, көру, иіс сезу, түйсіну, ұнату) дамыту үшін бай орта қабылдады. Табиғи ландшафттарды меңгеру балаларда кеңістікті қабылдауды тиімді дамытады және сыртқы ортада орын ауысуға және бағдарлануға үйретеді. Табиғатпен қарым-қатынас орнату денсаулығында ауыр бұзылыстары бар балаға көптеген оң эмоциялар береді. Психологтардың мәлімдеуінше, онда баланың психикасына таза ауада жұмыс істеудің оң әсері мен табиғат әдемілігінің жағымды әсері бірігеді. Гүлдерді күтіп-баптау арқылы балалар тұйықтықты, өз-өзіне сенімсіздікті жеңеді және жай ғана өмірге қуана қарайды. Дәл осы сәт сауықтыруда өте маңызды.

Гартенотерапия бала психикасының сезім және эмоциялық ортасына

табиғи факторлармен әсер етуді қарастырады. Бұл психолінгвотерапиялық әсер ету формасын балалардың сөйлеу қызметін дамытуда өз бетінше және вербалды сипаттағы басқа формалармен және әдістермен біріктіріп те қолдануға болады. Табиғат құбылыстарын су ағынының әдемілігін, аспанның көгілдірлігін, өсімдіктің әртүрлі түстерін, туған өлкенің ландшафтын бақылай отырып, гүлдердің иісін, құмның жылуын және сусымалығын сезе отырып, бала өзі өмір сүретін және дамитын әлемнің бейнесін қалыптастырады. Бұл бейне сөйлеу процесінің ажырамайтын құраушысы болып табылады.

Гарденотерапиялық әдіс ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың үздіксіз араласу, мейірімділік, эмпатия процесі ретінде табиғатпен әсерлесуіне сүйенеді. Гарденотерапия сабақтарында білім алушылар өсімдіктің және тұқымның алуан түрлерімен танысады, жай және мәдени сұрыптарды ажыратуды үйренеді, өсімдікті отырғызады, өсуін және дамуын бақылайды, олармен болатын барлық өзгерістерді суретке салады, нәтижелерді салыстырады, шыдамды және зейінді, қамқор және әңбексүйгіш болуға үйренеді, өсімдіктің алуантүрлі формасы мен түсі туралы біледі, жемістерді жинау ережелері мен шарттары туралы біледі, бөлме өсімдіктерін күтіп-баптау дағдыларын алады, оларды күтіп-баптау үшін қажет жағдай туралы, табиғи материалдардан қолбұйымдарын жасауды, өз кейіпкерлерінің бейнесі мен мінез-құлығын жеткізуді үйренеді.

Балалармен жұмыс істеуде гарденотерапия элементтерін қолдану оң нәтиже береді, яғни қызметтің жемісі көрінетін сипатқа ие және баланың өз еңбегіне салған күшіне тікелей тәуелді.

Сабақтың формасы мен тәртібі. Теориялық сабақтар негізінен әңгімелесу және сюжеттік-рөлдік пікірталас формасында өткізіледі. Білім бағдарламасында экскурсиялар, экологиялық акциялар, көпшілік іс-шаралар қарастырылған. Практикалық сабақтарда білім алушылар табиғатпен тікелей тілдесу арқылы табиғатты тануды үйренеді. Теориялық және практикалық сабақтар білім алушының қоршаған ортаны көрнекі-әсерлі және көрнекі-бейнелі қабылдауын ескерумен құрылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің бір формасы - 2 сағаттан аптасына 2 рет өткізілетін жеке сабақтар.

Оқытудың құрылымы мен мазмұны балалардың физикалық, психикалық жағдайы және жас ерекшеліктеріне байланысты өзгереді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларда жиі психикалық процестердің дамуында бұзылыстар, ақыл-ойы дамуында ауытқушылық және эмоцияналды-еріктік саласында бұзылыстар байқалады. Сабақтың ойын формасы балалармен қарым-қатынас процесінде баланың сабақтың тақырыбына қызығушылық танытуына және жұмысқа тез қосылуы үшін қажетті эмоциялық жайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Ақыл-ойы бұзылмаған балалармен сабақ жүргізе отырып, педагогтер сабақтың ақпараттық-танымдық және ойын формаларын қолданады.

Бірлестіктегі барлық оқу-тәрбие жұмысы әлеуметтік педагогтермен және психологтармен келісіледі. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытудың алынған нәтижелеріне талдау жүргізе отырып, педагог сол баланың көрсеткіштер динамикасын оның бастапқы сабақтардағы көрсеткіштерімен салыстырады. Егер балалар педагогтермен және станцияның жас табиғат

зерттеушілерімен ықыласымен кездесетін болса, сабақтан және педагогпен тілдесуден оң әсер алса, онда оң нәтижеге қол жеткізіледі, егер танымдық қызметке қызығушылық танытса, балалар сабақ тақырыбы бойынша көлемді және күрделі ақпаратты жеңе біледі, ұзақ уақыт бойы қызығушылықпен жұмыс істей алса, өз жұмысына талдау жүргізе біледі және өз жетістіктеріне қуана алады.

Әр баламен жұмыс істеуде бақылау процесі жекеше сипатқа ие, баланың нақты психикалық және физикалық ерекшеліктеріне тәуелді. Педагогтер негізінен практикалық жұмыс түріндегі бақылауды қолданады. Білім диагностикасы әрбір оқу жылының басында және аяғында жүргізіледі, қояндармен, гүлді дақылдармен жұмыс істеуде, гүлзарларды орналастыруда және топтастыруда, көкөніс дақылдарымен жұмыс істеуде, экологиялық-биологиялық іс-шараларды өткізуде технологиялық процестерді нақты және дұрыс істеу білігі бағаланады. Балалар шығармашылық бірлестіктеріне қатысушы балалардың тұлғалық қасиеттері: тәртібіндегі байсалдылығы, зейінділігі, шығармашылық қиялдауы, сабырлылығы, қажырлылығы, табандылығы, зеректілігі, ойлау сыншылдығы, еңбексүйгіштігі, тәртіптілігі бағаланады. Алынған нәтижелер сабақтың білім алушылардың білімі мен білігіне айтарлықтай әсерін көрсетеді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға үйірме қызметін ұйымдастыруда қосымша білім беру педагогтеріне ұсыныстар

Инклюзивті білім беру техникалық бағыттағы үйірме сабақтарын жоспарлау және ұйымдастыру кезінде сақтау қажет арнайы дидактикалық қағидаларға негізделеді.

Инклюзивті оқыту қағидалары:

- 1) педагогикалық оптимизм қағидасы;
- 2) ерте педагогикалық көмек қағидасы;
- 3) білім берудің түзету-өтемдік бағыттылық қағидасы;
- 4) білім берудің әлеуметтік-бейімдеу бағыттылық қағидасы «әлеуметтік артта қалуды» жеңуге немесе барынша төмендетуге, әлеуметтік құзыреттіліктің әртүрлі құрылымдарын және адамды қоршаған әлеуметтік ортадағы өмірге психологиялық дайындықты қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- 5) арнайы білім құралы ретіндегі ойлау, тіл және қарым-қатынасты дамыту қағидасы;
- 6) оқыту мен тәрбиелеуде әрекеттік тәсілдеме қағидасы – арнайы білімде педагогтің басшылығымен («жұппен», «шағын топпен») жұмыс) сөйлеу тілдік қатынасты үнемі қолдануға деген қажеттілікті тудыра отырып, осындай қатынасқа арналған табиғи жағдай туғызатын ұжымдық заттық-практикалық әрекеттерді таратуға мүмкіндік береді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға үйірме сабақтарын жоспарлау жалпы білім беру және түзету-дамыту міндеттерінен тұрады:

1) зейінді, оның барлық түрлерін және қасиеттерін дамытуда қиындықтарды жеңу, зейіннің компенсаторлық мүмкіндіктерін анықтау (аталған бала үшін зейіннің қай түрі қолайлы);

2) сөздік-логикалық ойлау және талдау, синтез, жіктеу, жалпылау ойлау процестерінің қиындықтарын түзету;

3) жадының көлемін ұлғайту және жадының компенсаторлық мүмкіндіктерін анықтау (жадының жетекші түрін анықтау);

4) қол саусақтарының ұсақ моторикасын, статикасын және динамикасын дамыту;

5) монологикалық және диалогтық сөйлеуді қоса алғанда, жүйелі сөзді дамыту және қиындықтарын түзету, сонымен қатар сөздікті дамыту;

6) мақтау, қолдау, көмек құралдарымен оқыту процесінде оң уәждемені құру, табысты жағдайды және конструктивті сынды құру.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған сабақты ұйымдастыру режиміне қойылатын талаптар.

Егер үйірменің сол немесе басқа топтарының барлық білім алушыларында сабақтың тақырыбы ортақ болса, онда материалды оқыту жаппай жүргізіледі және балалар олардың білім беру бағдарламасымен анықталатын білім деңгейін қабылдайды. Алынған білім, білік және дағдыларды бекіту және пысықтау әрбір білім алушыға жеке таңдалған әртүрлі дидактикалық материалда (карточкалар, жаттығулар, тақтадағы мәтіндер) құрылады.

Егер әртүрлі бағдарламалық материал оқытылатын болса және біріккен жұмыс мүмкін болмаса, онда бұл жағдайда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс келесі құрылым бойынша құрастырылады:

педагог алдымен үйірменің білім беру бағдарламасы бойынша жаңа материалды түсіндіреді, ал мүмкіндігі шектеулі білім алушылар бұл уақытта бұрын оқығанды пысықтауға бағытталған өз бетінше жұмысты орындайды. Өрі қарай жанадан үйренген материалды пысықтау үшін педагог топқа өз бетінше жұмыс береді, ал дамуында ерекшелігі бар білім алушылар тобына орындалған тапсырмаға талдауды, қосымша түсіндірмені және нақтылауды, жаңа материалды түсіндіруді қарастыратын, жеке көмек көрсететін жұмысты ұйымдастырады. Педагог қызметіндегі мұндай алмасулар барлық сабақ бойы жалғастырылады.

Қажет болса педагог білім алушының іс-әрекет алгоритмі көрсетілген, әртүрлі тапсырмалар мен жаттығулар келтірілген нұсқау карточкаларын қосымша қолданады. Егер педагог мүмкіндігі шектеулі білім алушыға көп уақыт бөле алмаса, ол оған тапсырма алгоритмі бар карточканы қолдана алады. Немесе керісінше, егер педагог мүмкіндігі шектеулі балалар үшін күрделі тақырыпты түсіндіруі үшін көңіл бөлуі қажет болса, онда басқа балалар карточка бойынша немесе практикалық сипаттағы тапсырманы өз бетінше орындайды.

Педагог көрнекі құралдарды қолдану кезінде келесіні білуі және ескеруі қажет:

білім міндеттерін шешуде көрнекіліктің рөлі;
аталған құралдар білім алушылар үшін түсінікті болады ма;

көрнекі құралдардың қызметі (көрнекі құралдар білім алушыларда абстрактілі түсініктің көрнекі негізі ретінде зерттелетін зат, құбылыс немесе оқиға, олармен байланысты қандай да бір іс-әрекет туралы нақты елестетулер құру үшін қолданылуы мүмкін);

білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктері: көрнекі құрал ашық және қызықты болуы қажет, алайда көрнекілік шектен тыс көп болмауы да қажет, себебі ақыл-ой бұзылыстары бар балалардың қабылдауының төмен көлемі және зейіні әрбір құралды толығымен зерттеуге мүмкіндік бермейді;

зерттелетін объект туралы білім алушылардың білім деңгейі: балаларға түсінікті болатын ғана және тақырып зерттелген көлемде ғана құралдарды қолдану;

көрнекі материал техникалық моделдерді немесе заттарды қарапайым пассивті қарауға емес, танымға ықпал етуі қажет.

Сабаққа қойылатын негізгі талаптардың бірі - ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың әлсіз зейінін, олардың жүдеулігін және біркелкі қызметтен жалығуын ескеру. Сол себепті педагог сабақта әртүрлі қызмет түрлерін алмастыруы қажет:

а) сабақты жадыны, зейінді жаттықтыратын тапсырмадан бастаған дұрыс;

б) күрделі зияткерлік тапсырмаларды сабақтың ортасында қолдану;

в) оқытумен байланысты тапсырманы және тек түзету бағыттағы тапсырмаларды кезектестіру (көру гимнастикасы, ұсақ моториканы, қабылдауды және ойлауды дамытуға арналған тапсырманы қолдану);

г) тосынсый, ойын сәттерін, жарыс сәттерін, шиеленіс, рөлдік ойындарды қолдану (яғни баланың эмоциясын қозғайтын және өмірмен байланысты білімді байланыстыратын барлық қызметті).

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерге арналған ұсынымдар.

Есту қабілетінде бұзылыстары бар балалар мен жасөспірімдер.

Есту қабілетінде бұзылыстары бар барлық балалар үшін жалпы кедергілердің бірі - педагогтер сөзінің тез қарқыны, ұсынылатын материалды тез қабылдай алмауы, бір уақытта тындап және педагогтердің кейбір нұсқауларын орындай алмауы. Қандай да бір сұрақты түсіндіруден кейін бала қабылданғанды түсінуі үшін шағын кідірістер (3-4 мин.) жасауға тырысыңыз. Ұсынылатын материалдың негізгі ережелерін екі-үш рет қайталауға қорықпаңыз. Көрнекі материалды барынша кең қолдаңыз. Жиі жағдайда балалардың қате жауаптары немесе жауап беруге қиындықтары нұсқауды түсінбеуден, сұрақты әдеттегідей қоймауынан, педагогтің талаптарын білмеуден туындайды. Міндетті түрде тапсырманы қалай түсінгендігін тексеру қажет. Нұсқауды немесе талапты түсінуді тексеруге кеткен уақыт жұмысты орындауға немесе жауапқа кеткен уақытпен қамтамасыз етіледі.

«Түсіндің бе?», «Түсінікті ме?» деген сұрақтарды қоймаңыз. Оқушылардың «Ия» және «Жок» деген біркелкі жауаптарына сенбеңіз. «Ия» деген не мағына береді, «Жок» деген жауаптың соңында не жасырынғандығын ашып беруді талап етіңіз.

Нұсқауды толығымен немесе үзінді түрінде қайталауды сұраңыз. Сұрақ қоя отырып, міндетті түрде оны қайтадан қайталауды талап етіңіз.

Сіздің монологыңыз кезінде Сіздің оқушыңыз Сізді қаншалықты түсінетіндігін тексеріңіз. Уақыт өткен сайын Сіздің сөзіңізді қайталауды сұраңыз.

Әрдайым жарық көзіне бетіңізбен орналасыңыз. Не нәрсе туралы сөйлеуді бастамас бұрын, есту қабілетінде бұзылысы бар адамның көңілін өз бетіңізге аудартыңыз, оның Сізге қарауын күтіңіз немесе соған қол жеткізіңіз.

Есту қабілетінде бұзылысы бар баламен сөйлесу кезінде, Сіз сөйлеген кезде ғана емес, сонымен бірге оны тыңдаған кезде әрдайым оның бетіне қараңыз. Оның сөздерін жаңғырық ретінде, әсіресе ол сұрақ қойған кезде дауыстап қайталаңыз.

Сөйлемді қалыпты сөз реттілігі болатындай етіп құрыңыз, сөйлем қабылданатын («көрінетін») сөздерден басталуы керек, баланың сұрағына жауапты сұрақта бар екі-үш сөзден немесе сұрақты дауыстап қайталаудан бастаңыз.

Сөйлеу кезінде басыңызды шайқамауға тырысыңыз, қолдарыңызбен сілтеменіз, аузыңызды жаппаңыз, оқушыға немесе сыныпқа арқаңызбен бұрылмаңыз.

Қандай да жағдайға немесе сөйлеуге сіздің жауабыңыз сырттан қарағанда түсінікті болуы керек немесе керең адамға бірден түсіндірілуі тиіс.

Әңгімелесушіге ілтисіз болыңыз, сіздің сөзіңізді түсінбеуден туындаған өзіңіздің наразылығыңызды немесе ашуыңызды көрсетпеңіз.

Әңгімелесу немесе сабақ кезінде жедел көмек беру қабілеттерін меңгеріңіз:

сөздердің дәл сол реттілігінде барынша баяу қарқында сөйлемді қайталау;

сөйлемдегі сөздердің орнын алмастыру;

сөйлемнің мағынасын өзгертпестен сол немесе басқа сөзді ауыстыру;

негізгі сөздерді немесе түсініксіз сөздерді жазу;

барлық сөйлемді жазу.

Көру қабілетінде бұзылыстары бар балалар мен жасөспірімдер.

Педагогке, ата-аналарға және баланы қоршаған адамдарға көзі көрмейтін балалардың көз жітілігінің ауқымы толық соқырлықтан пішінді көруге дейін ауытқиды. Қалдық көру қабілеті бар балалар кішкене кеңістікте өз бетінше бағдарлана, заттарды және іс-әрекетті көру немесе көру-есту тәсілі арқылы қабылдай алады, ал толық соқырлар ересектер тарапынан көмекті қажет етеді. Көру қабілетінде бұзылыстары бар балаға оның сізге тәуелді екендігін сездірмеу қажет. Онымен тең жағдайда сөйлесу, сонымен бірге оған қажетті практикалық көмек көрсету сөз және практикалық қызмет байланысы жүйесінің қалыптасуына әкеледі. Оның көруі туралы шектен тыс әуесқойлық таныту және аяушылық көңіл білдіру сізбен сөйлесу қызығушылығын төмендетуі мүмкін.

Баланың зейінін оның физикалық кемшілігіне немесе стереотиптік қозғалыстарға акценттеу қажет емес, ал олар бар жағдайда оның зейінін басқа қызметке ауыстырыңыз. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты шыдамдылық (сабырлылық) көрсету педагогтің міндетті қасиеті болып табылады.

Көру қабілетінде бұзылыстары бар баланы оқытуда қиындықтардың алдын алу және жеңу бойынша педагогтерге арналған ұсынымдар:

1) оқуда қиындықтары бар білім алушының көру жағдайы туралы офтальмолог-дәрігердің қорытындысымен танысу. Барлық балаларға тұрақты түрде көзілдірік тағу ұсынылмайды, ал кейбір балаларда ұялшақтық сезімі болады және оны қатарластарының көзінше тақпайды;

2) көру қабілетінде бұзылыстары бар баланың жұмыс орны техникалық шығармашылық мектебінің зертханасында ортасында, бірінші, екінші партасында орналасады. Егер ол қосымша жарықтандырылса тіптен жақсы;

3) мұндай баламен жұмыс істейтін педагогке бөлмеде жарыққа қарсы, терезе алдында тұрмау ұсынылады;

4) педагог киінген кезде көру бұзылыстары бар баламен жақсы қабылданатын ашық түстерді қолдану ұсынылады;

5) көру қабілетінде бұзылыстары бар балалардың жұмыс қарқыны баяу болған себепті, оған тапсырманы орындауға көптеу уақыт берген жөн;

6) көз талуын төмендетуге арналған жаттығуларды қолданумен қызмет түрлерін ауыстыру (көру гимнастикасы), оқу-тәрбие процесіне көздерге өзіндік демалыс болып табылатын динамикалық үзілістерді енгізу ұсынылады;

7) педагог барынша баяу сөйлеуі, сұрақтарды анық, қысқа, нақты қоюы қажет, себебі балалардың оларды түсінуі үшін, оның мазмұнын жете ойлануы үшін, оларды жауап беруге асықтырмау қажет, ойлануға 1-2 минут беру керек;

8) объектпен танысу кезінде сабақты жүргізу қарқынын төмендету ұсынылады, себебі көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға көзі көретіндерге қарағанда барынша ұзақ уақыт керек. Балаларға көру арқылы қабылдауға, тапсырманы түсінуге, қайтадан қарастыруға уақыт беріледі,

9) көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларда біркелкі көру арқылы қабылдау қабілеті басым болуына себепті, ұсынылатын материалға бөлінетін уақыт кем дегенде екі есе артады (қалыпты жағдаймен салыстырғанда).

Тірек-қимыл аппараты (ТҚА) қызметінде бұзылыстары бар балалар және жасөспірімдер.

Педагог тірек-қимыл аппаратында бұзылыстары бар барлық балаларға өмір сүрудің және оқытудың ерекше жағдайлары қажет екендігін білуі және ескеруі маңызды. Дамуында ауытқушылықтары бар балаға біздің әсеріміз екі мақсатқа қол жеткізуге ықпал етуі тиіс.

Бала өзін жайлы сезінуі керек. Біз әрдайым нақты уақыт аралығындағы баланың жағдайын ескеруіміз керек. Біздің бірінші міндетіміз – бала өзгере алатын, өзін жақсы сезінетін және өз бетінше белсенділік танытуға дайын болатын негіз құру екендігін есте сақтау маңызды. Тек осыдан кейін ғана біз онымен бірге қоршаған ортаны тануда келесі қадамдар жасай аламыз.

Баланың мүмкіндіктер шекарасы кеңеюі қажет. Баланың барлық қабілеттерін ынталандыру және оның мүмкін болатын барынша өз бетінше белсенділігіне қол жеткізу маңызды.

Тірек-қимыл аппараты қызметінде бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеуде педагогтерге арналған қадағалауды қажет бірнеше практикаға бағдарланған ұсынымдарды атап өту маңызды:

1) ақыл-ойы сақталған аталған балалар категориясында психиканың «диссоциацияланған» дамуы жүреді (яғни, дамудың бірқалыпсыздығы байқалады, баланың жасына сай болуы тиіс қандайда бір білімі мен білігі көп дамыған және басқа білімі мен білігі барынша қалыптаспаған), оқытудың алдында баланың клиникалық-психологиялық-педагогикалық дәрежесін зерттеу қажет;

2) балалар церебральды сал ауруы бар балаларда сенсорлық аса сезімталдылық байқалады. Ең кішкене сенсорлық козу, егер ол кенеттен болса, бірден құрысудың күшеюіне әкелуі мүмкін. Сол себепті кенеттен болатын сыртқы әсерлерден сақ болған жөн. Педагог балаға бет жағынан келуі керек, ал егер ол мүмкін болмаса, өз әрекетін сөзбен білдіру керек. Балалар церебральды сал ауруы бар балаларды есікке арқасымен және терезеге бетімен қаратып отырғызбау керек. Есік және терезелер жанынан болуы керек;

3) баланың эмоциялы еріктік саласының жағдайына көңіл бөлу және оны сабақ кезінде ескеру қажет (церебральды сал ауруы бар балаларға жоғары мазасыздық, ренжігіштік тән, мысалы, қимыл-қозғалыстың өршуі (гиперкинез) және спастика қатты дауыстан, өткір дыбыстан және тіптен тапсырманы орындаудағы қиындықтар кезінде де күшейе беруі мүмкін);

4) сабақтарда қозғалыс режимін, міндетті дене шынықтыру үзілістерін сақтау қажет,

5) әр сабақта кеңістіктік және уақытқа бағдарлануға арналған жаттығуларды қосқан жөн (мысалы, қаламды дәптердің оң жағына қой, күнтізбеден бүгінгі күнді тап және т.б.).

Психикалық дамуында кідірістері бар балалар мен жасөспірімдер.

Психикалық дамуында кідірістері бар балалардың психикалық дамуындағы кемшіліктерді толтыру және табысты түзетудің маңызды шарты – оқытудың дұрыс ұйымдастырылған жағдайларында, әдістерінде мүмкін болатын, баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін, яғни дамуды ынталандырушы және баланың шынайы мүмкіндіктеріне сай оқытудың педагогикалық әсер етуінің барабарлығы (адекватность) болып табылады.

Қарастырып отырған балалар категориясына білім берудегі негізгі міндет олардың тұлғаларын түзету құралы ретінде сәтті оқу мен сыныптан тыс қызмет үшін жағдай жасау, оң ұмтылыс пен іс-қимыл уәждемесін қалыптастыру, қоршаған ортамен жаңа оң тәжірибелі қарым-қатынаспен байыту болып табылады. Келесі жағдайлар оқыту мен тәрбиелеу күрделі білім алушылар жүріс-тұрысының кері таптаурынын қиратуға себеп болады: (медицина ғылымдарының докторы Е.М. Мاستюкова).

1) қолайлы жағдай, аялау күн тәртібін жасау;

2) барлық педагогикалық жұмыстың білім беретін, түзету-тәрбиелеу бағыты; оқу қызметінің жетістігін қамтамасыз ететін білім алушылардың адекватты мүмкіндіктерінің білім беру әдіс-тәсілдерін қолдану;

3) талаптарды саралау мен білім беруді дараландыру, оқу бағдарламасын түрлендіру – білім алушылардың білім мен білікте үзілістерді

жоюға уақытты босату және екінші кезектегі материал есебінен оның көлемін қысқарту;

4) осы категориядағы балалармен оқыту және түзету тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру кезінде психикалық даму ерекшеліктерін, жүріс-тұрыстарының қиындықтар ерекшеліктері мен оқытуды есепке алу.

Сабақтың міндетті шарты оның әр кезеңін нақты жинақтау болып табылады (тапсырманы орындауын тексеру, жаңаны түсіндіру, материалды бекіту және т.б.).

Сонымен қатар жаңа оқу материалын бөлімдер бойынша түсіндіру қажет. Сұрақтар нақты және түсінікті тұжырымдалған болу қажет; қателіктерді ескерту бойынша жұмыстарға үлкен назар аудару қажет; туындаған қателіктерді тек түзетіп қоймай, міндетті түрде бірге талдау қажет.

Күрделі тапсырмаларды жеңілдетудің мынадай тәсілдерін қарастыру қажет:

жетекші қосымша сұрақтар;

көрнекілік – оқу материалын меңгеру кезінде кедергі сипаттамасына сәйкес құралатын суретті жоспарлар, тірек, жалпылау кестелері, графикалық модельдер, көмекші көрнекіліктер;

приемы-предписания с указанием последовательности операций, необходимых для решения задач;

нақты амалдарды орындауға көмек;

міндеттерді шешу үлгілері;

міндеттерді, мысалдарды, жаттығуларды кезеңмен тексеру.

Әрқайсысын соңына дейін тыңдауға тырысу қажет. Мақсаттары балаларды теориялық материалдарды меңгеру немесе бекітуге дайындау болып табылатын пәндік-тәжірибелік қимылды қосу қажет.

Тез шаршауды алдын алу немесе оны шешу үшін балаларды бір қызметтен екінші қызметке ауыстырып, сабақтарды түрлендірген жөн. Білім алушылардың сабаққа қызығушылықтары мен жақсы эмоциялық икемдерін әсерлі дидактикалық материалдарды қолдану, сабақтарға ойын сәттерін енгізу арқылы ұстайды.

Педагогтің биязы ақ-пейілді үні, балаға ілтипаты, оның азғана жеңісін көтермелеу маңызды мәнге ие. Сабақтың қарқыны білім алушылардың мүмкіндіктеріне сай болуы қажет.

Оқу-тәрбиелеу барысының маңызды бағытының бірі тәрбиеленушілердің өз бетімен жұмыс дағдысын қалыптастыру, ұйымдастыра білу, өз қызметін жоспарлау, өзін-өзі бақылауды іске асыру болып табылады.

Өз бетімен жұмыс үшін тапсырмаларды дараландыру қажет. Осыған байланысты психологтар педагогтерге түрлі қиындық деңгейлерімен және түрлі көмек көлемімен дидактикалық материалдарды әзірлеуді ұсынады:

үлгілер, орындау алгоритмі бар болған жағдайда елестету сипатындағы тапсырмалар;

үлгіге ұқсас жаттығу сипатындағы тапсырмалар;

бақылау сипатындағы тапсырмалар және т.б.

Білім алушы тапсырма түрін таңдауға саналы түрде қарайтындай, яғни таңдау еркін, көмек пен өзара көмек жағдайын құратындай етіп жұмысты ұйымдастырған жөн

Өз бетінше танымдық қызмет барысында ойлау, ес, назар, шығармашылық елестету дамиды, тәжірибелік икемділік пен дағды қалыптасады, тапсырманы өз бетінше толтыруға психологиялық мақсат қалыптасады.

Қызметті өз бетінше қызметтің барлық компоненттері қолжетімді болатындай етіп ұйымдастыру қажет: мақсатты түсіну, өз қызметін жоспарлау, өзін өз бақылау, берілген мақсатпен жұмыстың соңғы нәтижесін салыстыру, оқулықтың анықтама материалын қолдану. Білім алушы дербестігінің дәрежесі, әдеттегідей, оның оқу мүмкіндіктеріне сәйкес келеді және бара-бара ұлғаяды. Әр білім алушыға анықтама материалдарды, сөздіктерді, ескертпелерді, сызбаларды пайдалануға мүмкіндік беріледі. Тек осы талаптардың барлығын қадағалаған кезде ғана, өз бетінше жұмыс, білім алушының танымдық белсенділігін дамыту құралы бола алады.

Психикалық даму бөгелісі бар балаларды өз жұмысының, оны орындау барысымен қатар соңғы нәтижесі бойынша сапасын тексеруге үйрету қажет; бір мезгілде өзін-өзі бақылауға қажеттілікті, өзін өзі тексеруге орындалатын жұмысқа қатынасты дамыту керек, ол үшін сабақта өзін-өзі және орындалған тапсырманы өзара тексеруге арнайы уақыт бөлу керек. Психикалық даму бөгелісі бар балалардың қызметін (әсіресе оқытудың бастапқы кезеңінде) сыртқы ұйымдастыруын түзету үшін орындалатын жұмысқа анық талаптар жүйесі қажет.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша қосымша білім беру ұйымдарының басшыларына ұсынымдар

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қосымша білім беруді материалдық-техникалық қамтамасыз ету олардың ерекше ғана емес, жалпы білім беру қажеттіліктеріне жауап беру қажет.

Осыған байланысты материалдық-техникалық қамтамасыз ету құрылысында білім беру барысында талаптардың ерекшеліктері көрініс табу қажет:

- 1) білім беру ұйымында кеңістікті ұйымдастыру;
- 2) қосымша білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметінің уақытша тәртібін ұйымдастыру;
- 3) ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жұмыс орнын ұйымдастыру.

Білім беру ұйымының кеңістігін ұйымдастыру.

Кеңістік (ең алдымен ғимарат және іргелес аймақ), ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қосымша білім беру жүзеге асатын білім беру ұйымдарында талап етілетін жалпы талаптарға сәйкес келу керек, сонымен қатар:

– білім беру процесінің санитарлық-гигиеналық нормасын сақтау (сумен жабдықтауға, кәріз жүйесіне, жарықтандыруға, ауа-жылу тәртібіне және т.б. талаптар);

– санитарлық-тұрмыстық (жабдықталған гардеробтың, санитарлық тораптардың, жеке гигиена орындарының және т.б. бар болуы) және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды (жабдықталған жұмыс орнының, мұғалімдер бөлмесінің, психологиялық тынығу бөлмесінің және т.б. бар болуы) қамтамасыз ету;

– өрт пен электр қауіпсіздігін сақтау;

– еңбекті қорғау талаптарын сақтау;

– мерзімді уақытты және ағымдағы мен күрделі жөндеу қажетті көлемін және т.б. сақтау.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асырудың материалдық-техникалық базасы қолданыстағы санитарлық және өртке қарсы нормаларға, білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбекті қорғау нормаларына сәйкес келуі керек, ұсынылатын:

білім беру ұйымдарының аумағына (алаң, күн сәулесімен емдеу, жарықтандыру, орналастыру білім беру ұйымдарының қызметінің білім беру және шаруашылықты қамтамасыз ету үшін аймаққа қажетті жиынтығы);

білім беру ұйымының ғимараты (ғимараттың биіктігі мен сәулеті);

кітапханалар үй-жайы (алаң, жұмыс алаңдарын орналастыру, оқу залының бар болуы, оқырман орындарының саны, медиатекалар);

қосымша білім беру бағдарламалары бойынша білім беру процесін іске асыруға қажетті жиынтығы мен орналастыруды қамтитын ғимараттар, олардың алаңы, жарықтандырылуы, жұмыс, ойын аумағы мен білім беру ұйымдарында жеке сабақтарға аумақтардың көлемі, балалар-ересектер қоғамдастығының қызметін ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге керек құрылым;

акт, спорт залдарының, жаппай іс-шаралар мен топтық қызмет орындарына;

ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың тамақтануына арналған үй-жай;

дәретхана, душ бөлмесі, дәліз және басқа үй-жайлар.

Балаларға қосымша білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметінің уақытша тәртібін ұйымдастыру.

Білім беру ұйымдарының мүмкіндіктері баланың әлеуметтенуіне, оның ерекше білім беру қажеттілігін іске асыруға бағытталған, балалар-ересектер қоғамдастығының ортасында арнайы сабақтар мен қосымша қажетті іс-шараларды ұйымдастыруды қарастыру қажет.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың жұмыс орнын ұйымдастыру.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жұмыс орнын ұйымдастыру сау баланың жеке ерекшеліктерін есепке алады, оларға сәйкес және қосымша білім беру бағдарламасының мазмұнымен жинақталады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жайлы мүмкіндіктің техникалық құралдары қосымша білім беруді алу мүмкіндіктерін (көмекші құралдар мен технологиялар), білім берудің арнайы компьютерлік құралдарын қоса алғанда, ерекше білім беру қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жайлы мүмкіндіктің құралына таңдалған бағдарлама нұсқасын іске асыруға және олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік беретін үлестірме мәліметтер, оқу құралдары, дидактикалық материалдар, компьютерлік құралдар жатады.

Мүмкіндігінің шектеулігі түрлі деңгейдегі балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын техникалық қамтамасыз етуге талаптар тек балаға емес, қосымша білім беру процесінің барлық қатысушыларына бағытталған. Бұл ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға білім беру процесін жекешелендіру қажеттілігінің қалыптан көбірек екендігі ескерілген. Бұл топқа қойылатын талаптың ерекшелігі қосымша білім беру процесіне тартылған мамандардың барлығы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қосымша білім беру бағдарламаларына қосу процесі үшін қажетті жекелеген мәліметтерді дайындауға болатын ұйымдастыру техникасына не білім бердің арнайы ресурстық орталығына шексіз мүмкіндігінде.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қосымша білім беру бағдарламаларының материалдық-техникалық базасын қолдану рәсімі.

Әлсіз еститін, кейіннен керең болған және керең балалар.

Білім беру кеңістігін ерекше ұйымдастыру дегенде әлсіз еститін, кейіннен керең болған және керең балаларға есту-көруге және ауызекі тілді есту арқылы қабылдауға қолжетімді жағдай жасау деп түсінеміз. Олардың ішінде: білім алушының үй-жайдағы орналасуы, сөйлеп тұрған адамға жарықтың түсуі мен оның артындағы фонды ойластыру, заманауи электроакустикалық, сондай-ақ дыбысты ұлғайтатын аспаптарды қолдану, сонымен қатар қашықтықтан болып жатқан жақсы көруге мүмкіндік беретін аспаптар, үй-жайда шуыл деңгейін реттеу және т.б. осы шарттарды міндетті түрде есепке алу сабақ және сабақтан тыс бөлмелерде (дәліздерді, холлдарды, залдарды және т.б. есепке алғанда) түрлі іс-шараларды, сонымен қатар сыртта өткізілетін іс-шаралар кезінде білім беру кеңістігін арнайы ұйымдастыруды талап етеді.

Әлсіз еститін, кейіннен керең болған балаларға қосымша білім беру жүйесінде кеңістікті ұйымдастырудың маңызды шарттары – ол қауіп-қатерді ескертетін, білім беру тәртібіндегі өзгерістерді ескертетін, аспаптардың, кабинеттер мен шеберханалардың атауын білдіретін, білім беру кеңістігінде өз бетінше бағдарлануды жеңілдететін мәтіндік ақпараттардың бар болуы. Бөлмелерде сабаққа қажетті FM-жүйелерін, есту аспаптарын, зарядтау құрылғысын, батареяларды сақтайтын арнайы орындарды қарастыру қажет.

Әлсіз еститін, кейіннен керең болған және керең балалардың жұмыс орнын ұйымдастыру.

Баланың, есту қабілетінің бұзылыстары бар қосымша білім беру бағдарламасына қатысушының жұмыс орны – отырған бала маманның, педагогтің, көпшілік құрдастарының түрін көре алатындай болуы керек. Орындықта таныс емес сөздерді, терминдерді ұсынған жағдайда, маманның, педагогтің тарапынан қосымша жеке көмектің қажеттілігінде қолданылатын арнайы конструкциялардың, планшет тақтасының орналастырылуы қарастырылуы керек.

Осы категориядағы балалардың денсаулығында басқа да жеке ерекшеліктер бар болған жағдайда соларға сәйкес жұмыс орны қосымша сәйкестендіріледі.

Сонымен қатар, керең баланы жеке заманауи электроакустикалық және дыбысты ұлғайтатын аспаптармен қамтамасыз ету міндетті шарт болып табылады.

Медициналық қарсы көрсетілім жоқ болса, заманауи сандық есту аспаптарының бинауралдық (екі жақты) есту протезін қолдану немесе екі жақты имплантация сөз бен дыбысты қабылдау тиімділігін арттыруға, сонымен қатар кеңістіктегі дыбысты шектеуге, сонымен бірге сөйлеушіні тез табуға мүмкіндік береді. қызметтің қосымша білім беру бағдарламасы бойынша шудың көтеріңкі деңгейінде ауыз екі сөйлеуді қабылдауға тиімді жағдай қамтамасыз ететін қосымша техникалық құралдармен қамтылуы ойға қонымды. Олардың ішінде коммуникациялық жүйелер (РМ-радио жүйелері), бағдарламалық-аспаптық кешендер, бейне-аудио жүйелер, ауыз екі сөйлеудің дыбысталу жағын қалыптастыруға арналған, сонымен қатар баланың өз сөзін көзбен бақылауға мүмкіндік беретін техникалық құралдар.

Қажетті техникалық құралдарға әлсіз еститін, кейіннен керең болған және керең балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы компьютерлік аспаптар жатады.

Осы категориядағы қосымша білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде материалдық-техникалық, сонымен қатар, түрлі саладағы мамандар мен қосымша білім беру процесіне тартылған ата-аналардың үйлестіру мен өзара қарым-қатынас процесін жүйелік қолдау қарастырылады.

Керең балаларды оқытатын мамандарға электрондық кітапханаларды, порталдар мен сайттарды, қашықтықтан кеңес беру сервисін, кәсіби мамандардан жеке кеңес алуды қоса алғанда, арнайы психологиялық және түзету педагогикасы саласындағы ресурстық орталықтарға жүгіне алатын мүмкіндіктері қарастырылып жатыр. Сонымен қатар түрлі бағыттағы мамандардың, мамандар мен отбасылардың арасында, желілік ресурстар мен технологияларды қоса алғанда ақпаратпен жүйелі алмасу қарастырылып жатыр. *Нашар көретін және зағип балалар.*

Нашар көретін және зағип балалардың кеңістігін ұйымдастыруға талаптардың ерекшелігі қамтиды:

білім кеңістігінде бағдардың жолын білдіретін, жолдағы кедергілер (баспалдақ аралығы, есік, табалдырық және т.б.) туралы ескертетін, жеке және қауіпсіз кеңістікте бағдарлануды жеңілдететін, нашар көретін және зағип балалардың жинақтылығын арттыратын түйсіну-сипап сезу, көру мен дыбысқа бағдардың бар болуын;

білім беру ұйымындағы заттық-кеңістіктік ортаның тұрақтылығын қамтамасыз ету, нашар көретін және зағип балалардың өз бетінше еркін қозғалысы үшін қауіпсіз орта құруын;

қалдық көруі бар зағип балалар үшін әзірленген білім беру офтальмологиялық-гигиеналық ортаның талаптарына сәйкестікті қалыптастыру (олардың жеке жарық көзін қолдану мүмкіндігі болуы керек; оқу кеңістігін ұйымдастыру кезінде күңгірт беттер қолданылуы қажет; терезелерде жарық ағынын реттеуге мүмкіндік беретін пердешелер болуы қажет, көру қабілеті бұзылған балаларға ақпарат қол жетімді болуы қажет және басқалары);

- қосымша білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру үшін бөлмелерде жиһаздардың орналасуы, кең жүретін жолдар, үйінділердің, қорғалмаған шығыңқы бұрыштар мен шыны беттердің болмауы, парталарға, мұғалімнің орындығына, шығатын есікке ыңғайлы кіреберістер ойластырылған болу керек; Брайль кітаптарын, оқулықтарды сақтау үшін арнайы орындарды қарастыру қажет.

Қимыл-тірек аппараты бұзылған балалар (ҚТАБ).

Білім беру ұйымдарындағы барлық бөлмелер, санитарлық тораптарды қосқанда қимыл-тірек аппараты бұзылған балаларға кедергісіз қозғалуға мүмкіндік беру керек. Бұл сырғыма баспалдақтарды, тұтқаларды, есіктің кең ойықтарын орнату арқылы іске асады. Білім беру ұйымдарындағы барлық кеңістіктер өз бетінше, сондай-ақ құралдың көмегімен қозғалатын балаға қолжетімді болу керек.

Қимыл-тірек аппараты бұзылған бала (әсіресе ЦСБ) дәстүрлі дамығанға қарағанда, айтарлықтай қозғалысы бұзылған бала қосымша білім беру жүйесінің маманынан көп назарды талап етеді, сондықтан қимыл-тірек аппараты бұзылған бала оқитын сыныпта бала саны аз болу керек. Қажеттілік болған жағдайда (графо-қозғаушы дағдыларының қалыптасуына кедергі келтіретін айтарлықтай қозғалысы бұзылған, қолының күрделі бұзылуы) білім алушының жұмыс орны оның денсаулығындағы шектеу ерекшеліктеріне қарай арнайы ұйымдастырылған болуы керек. Техникалық бейімделген (арнайы перне тақта, түрлі түрдегі түйістіргіштер, бұлшық еттерді алмастыратын – джойстиктер, трекболдар, сенсорлық планшеттер) дербес компьютердің бар болуын қарастыру қажет. Бұл жағдайда сабақ кезінде баланың жұмысын маман, педагог сүйемелдеу қажет.

Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде түрлі білім беру бағдарламалары қолданылады, сонымен қатар қашықтықтан білім беретін технологиялар, электрондық өзара қарым-қатынас. Осы категорияға арналған қосымша білім беру бағдарламалары білім беру ұйымымен өз бетінше де, оларды іске асырудың желілік түрлері арқылы да іске асады.

Психикалық даму бөгелісі (ПДБ) мен аутикалық спектрі бұзылған (АСБ) балалар.

Психикалық даму бөгелісі мен аутикалық спектрі бұзылған балалар үшін бейімделген қосымша білім беру бағдарламасын іске асырудың материалдық-техникалық жағдайына талаптар.

Психикалық даму бөгелісі мен аутикалық спектрі бұзылған балаларды қосымша білім беру бағдарламасымен материалдық-техникалық қамтамасыз ету тек жалпы ғана емес, ерекше білім беру қажеттілігіне де жауап береді. осыған сәйкес білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету құрылысына байланысты талаптардың ерекшеліктері көрінуі тиіс:

психикалық даму бөгелісі мен аутикалық спектрі бұзылған бала білім алатын кеңістіктің ұйымдастырылуы;

қосымша білім беру бағдарламаларын меңгерудің уақытша тәртібінің ұйымдастырылуы;

ПДБ мен АСБ баланың жұмыс орнын ұйымдастырылуы;

ерекше білім беру қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған арнайы компьютерлік мүмкіндіктерді қоса алғанда, ПДБ мен АСБ білім алушыларды оқытудың техникалық құралдары;

ПДБ балалардың ерекше білім беру қажеттілігіне жауап беретін, балаларға қосымша білім беру бағдарламасының таңдалған нұсқасын іске асыруға мүмкіндік беретін, арнайы дидактикалық материалдар, арнайы компьютерлік аспаптар.

Қосымша білім берудің бағдарламаларын іске асырудың материалдық-техникалық жағдайы қамтамасыз етуі керек:

1) психикалық дамуында бөгелісі бар және аутикалық спектрі бұзылған балалардың қосымша білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелеріне қол жеткізу мүмкіндігі;

2) қадағалау:

білім беру процесінің санитарлық-гигиеналық нормаларын (сумен жабдықтау, канализация, жарықтандыру, ауа-жылу режимі және т.б. жабдықтауға қойылатын талаптар);

санитарлық-тұрмыстық жағдайлар (жабдықталған киім шешетін бөлмелердің, санитарлық тораптардың, жеке тазалық орындарының болуы және т.б.);

әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар (бағдарламаға қатысушылардың жабдықталған жұмыс орнының болуы),

өрт және электр қауіпсіздігі;

еңбекті қорғау талаптары;

3) ПДБ және АСБ балалардың ақпаратқа, балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы инфрақұрылымының объектілеріне кедергісіз қол жеткізу үшін мүмкіндігі.

Білім беру процесін материалды-техникалық және ақпараттық жабдықтау келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі қажет:

ақпаратты құру және қолдану (оның ішінде суретті және дыбысты жазу, өңдеу, аудио, видео және графикалық сүйемелдеумен орындау, Интернет желісіндегі қарым-қатынас және басқалары);

әртүрлі көздерден әртүрлі жолдармен ақпараттар алу (Интернет желісінде ақпарат іздеу, кітапханада жұмыс жасау және басқалары);

оқу лабораториялық құрал-жабдықты, оның ішінде негізгі математикалық және жаратылыстану ғылыми объектілердің және құбылыстардың заттық және виртуалды-көрнекі үлгілерін, топтамаларын, сандық (электронды) және дәстүрлі өлшеуді қолдану арқылы тәжірибелер жүргізу;

бақылау (микрообъектілерді бақылаумен қоса), орналасқан жерлерді анықтау, көрнекі ұсыну және деректерді талдау, сандық жоспарлар мен сызбаларды, спутниктік кескіндерді қолдану;

материалдық объектілерді, оның ішінде өнер туындыларын жасау;

технологиялық құрал-жабдықтарды қолдану арқылы материалдарды және ақпараттарды өңдеу;

жобалау және құрастыру, оның ішінде сандық басқарылатын және кері байланысы бар үлгілерді;

дәстүрлі аспаптарды және сандық технологияларды қолдану арқылы музыкалық шығармаларды орындау, құрастыру және аранжирлеу;

физикалық даму, спорттық жарыстарға және ойындарға қатысу;
оқу процесін жоспарлау, оның орындалуын толық және жеке кезеңдерге белгілеу (орындау, дискуссия, тәжірибелер);
білім беру мекемесінің ақпараттық ортасына өз материалдарын және жұмыстарын орналастыру;
көпшілік іс-шаралар, жиналыстар, көріністер өткізу.

Қорытынды

Балаларға арналған қосымша білім беру жүйесі баланың практикалық қызметіне негізделген.

Жалпы білім беретін мектепте алған теориялық білімі қосымша білім берудің шығармашылық тәжірибесінде сынақтан өткізіліп, танымдық, коммуникативтік қызметке айналды.

Әлеуметтік пайдалы тәрбие және бос уақыт, оқыту арқылы жеке әлеуеттің дамуы баланың жеке тұлғасын әлеуметтік коммуникацияға енгізуді жүзеге асырады.

Балаға қосымша білім беру жүйесінде білім беру мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты әртүрлі іс-шараларды іске асыру арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда қосымша білім берудің мазмұнында білім алушыларды қоғамдағы тез өзгерістерге қабілеттерін қамтамасыз етуге қатысты компоненттерді қосу қажет.

Оқу үдерісі ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың тәуелсіз танымдық және басқа да әрекеттерін ынталандыруы керек.

Білім алушыларға олардың ойлау қабілетін, қабілеттерін, қиялын, жадысын дамытатын материалдар берілуі керек.

Балаларға ұсынылатын білім беру материалдары олардың қабілеттеріне сәйкес, еңбектің жоғары біліктілігін талап етпейтін, сонымен қатар қарапайым жұмысқа дайындығы және білім алудың жалғастырылуына есептелуі тиіс.

Қосымша білім берудегі білім беру үдерісі білім алушылар өздері өмірдің түрлі салаларындағы қиындықтарды дербес шешуге мүмкіндік беретін негізгі құзыреттерді қалыптастыруға бағытталуы керек.

Қосымша білім берудегі инклюзивті орта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға оқу материалдарын меңгеру мүмкіндігін қалыптастырады, балалардың және педагогтердің өзара қарым-қатынасын реттейді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу кезінде қосымша білім беру ұйымдарында интеграциялық жетістіктерін құратын өзара түсіністік, өзара құрмет және өзара әрекеттесу болып табылады.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға біріктіру қоғам мен әлеуметтік ортаның ерекше қажеттіліктері бар баланың жеке басына әсері, баланың осы үдерісіне белсенді қатысуына, қоғамның өзін-өзі жетілдіруіне, әлеуметтік қатынастар жүйесіне байланысты болады.

Психологиялық қолдау жүйесі түзетуге бағынуға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму кемістіктерін әлсіретуге, сондай-ақ балалардың жеке басын дамытуға бағынуға тиіс.

Баламен түзету жұмыстарының қиындықтарын диагностикалау, қиындықтары туралы ақпарат беру және оны шешу жолдары, шешім қабылдау сатысында кеңес беру және шешу жоспарын әзірлеу, шешу кезеңінде көмек көрсету сияқты функциялардың бірлігіне негізделеді.

Балаларды оқыту мен дамыту міндеттерін шешуге бағытталған қосымша білім беруді ұйымдастыруды бағдарламалық-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету қажет.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде жоғары білікті мамандармен қамтамасыз етілуін, олардың кәсіби біліктілігін арттыру, қосымша мамандарды даярлау ұйымының қызметкерлеріне - арнайы оқытушы, дефектолог, медицина қызметкерін енгізу қажет.

Қосымша білім беру жүйесіне енуді дамыту кең ауқымды тәрбие жұмысымен қатар даму ерекшеліктері бар балаларға және олардың отбасыларына мейірімді, оң көзқарас білдіретін ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға тиіс.

Қосымша білім беру үлгісін қалыптастыруда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың нақты қажеттіліктерін ескеру маңызды.

Терминдер мен түсініктер

Аталған әдістемелік ұсынымдарда келесі терминдер мен түсініктер қолданылған:

1) білім беруде ерекше қажеттілігі бар балалар – денсаулығына байланысты білім алуға үнемі немесе уақытша қиындық көретін, арнайы білім беру бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларын қажет ететін тұлғалар;

2) білім алуға арналған арнайы жағдайлар – арнайы білім беру бағдарламалары және оқытудың арнайы әдіс-тәсілдері, тіршілік ортасындағы техникалық және басқа да құралдар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларға жалпы білім беру мен оқу бағдарламаларын меңгеру мүмкін болмайтын медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметтер;

3) инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттілігі мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс;

4) әлеуметтену - тұлға әлеуметтік рөлдер мен мәдени нормаларды игеріп, қоғамның тең құқықты мүшесі ретінде қызмет ете алуына көмектесетін білімдер, нормалар мен құндылықтардың белгілі жүйесін меңгеріп, жаңғырта алатын барлық әлеуметтік процестердің жиынтығы;

5) психологиялық-педагогикалық қолдау - әрбір баланы оның мүмкіндігі мен қажеттілігіне сәйкес табысты оқыту мен дамыту үшін мамандардың жүйелі ұйымдасқан, біртұтас әрекеттерін білдіретін білім беру-тәрбиелеу үдерісінде құрылатын әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай балаға көмек көрсетудің (немесе қолдаудың) ерекше түрі болып табылады;

6) психологиялық-педагогикалық мектеп консилиумі – бұл білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық

қолдауды жүзеге асыратын, баланы қолдаудың бірыңғай стратегиясын құратын білім беру ұйымы мамандарының өзара әрекеттесу түрі;

7) мүмкіндіктері шектеулі балалар – туа біткен, тұқым қуалаған, кейіннен пайда болған аурулар немесе жарақаттану салдарынан туындаған, бекітілген тәртіпте нақтыланған дене бітімі және (немесе) психикалық даму бұзылыстары бар балалар;

8) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тиісті оқу орындарына жіберу үшін кешенді клиникалық, физиологиялық және психологиялық-педагогикалық сараптаманы жүзеге асыратын арнайы ведомствоаралық ұйымдар;

9) кохлеарлы имплант – нейросенсорлы (сенсоневралды) саңыраулықтың айқын немесе ауыр деңгейі бар балалардың жоғалтқан есту қабілетінің орнын толтыруға мүмкіндік беретін протез;

10) оңалту орталығы (ОО) - бұл жүйке жүйесі, тірек-қимыл аппараты, сезім органдары, сондай-ақ психикалық және мінез-құлық бұзылулары бар адамдарды психикалық әлеуметтік және адамгершілік-рухани сауықтырумен айналысатын ұйым;

11) психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті (ППТК) - арнайы білім беру ұйымдарының бір түрі болып табылады және облыс орталығында ерекше қажеттіліктері бар 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді дамытуға кешенді медициналық, педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету үшін құрылған;

12) түзету педагогикасы - психологиялық бейімделудің педагогикалық құралдарын уақытылы диагностикалауды, алдын-алуды және түзетуді, олардың әлеуметтік рөлдерді дамытудың тиісті жас кезеңдерін меңгеру мен меңгерудегі қиындықтарын қамтамасыз ететін жағдайлардың жүйесіндегі білім беру практикасын әзірлеу және енгізу пәні болып табылатын педагогикалық білім саласы.

Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер тізбесі

1. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе. Под ред. В.В.Воронковой - М: Школа-пресс, 1994 г.
2. Т. Бут, М. Эйнскоу. Показатели инклюзии. Практическое пособие. //М.: РООИ «Перспектива», 2007 г.
3. Участие общественных организаций людей с инвалидностью в развитии инклюзивного образования. М.: РООИ «Перспектива», 2012 г.
4. Айдарбекова А.А., Ермекбаева Л.Х., Дербисалова Г.С., Самигулина З.Р. Формирование позитивного психологического климата в инклюзивном классе общеобразовательной школы. Методические рекомендации. Алматы, 2014 г.
5. Айдарбекова А.А., Ермекбаева Л.Х., Дербисалова Г.С., Самигулина З.Р. Формирование социальной компетентности детей с ограниченными возможностями, обучающихся в инклюзивной (интегрированной) среде. Методические рекомендации. Алматы, 2015 г.
6. Елисеева И.Г., Чумакова О.Ф. Профессиональное сопровождение педагогов общеобразовательных школ, реализующих инклюзивную практику. Методические рекомендации, Алматы, 2015 г.
7. Власова Т.А., Певзнер М.С. Дети с отклонениями в развитии. М., 1973 г.
8. Елисеева И.Г. Организация педагогического контроля в специальной (коррекционной) школе. Методическое пособие для учителей. Алматы, 2010 г.
9. Мастюкова Е.М. Ребенок с отклонениями в развитии. Москва, 1992 г.
10. Екжанова Е.А., Стребелева Е.А. Коррекционно-педагогическая помощь детям раннего и дошкольного возраста с неярко выраженными отклонениями в развитии. Научно-методическое пособие. 2013 г.
11. Стребелева Е.А. Формирование мышления у детей с отклонениями в развитии (наглядный материал): Пособие для педагога-дефектолога: Материал для индивидуальной работы с детьми. 2007 г.